

Т. Қартаева, Г. Бексеитов, Е. Оспанов

СУ ҚУЛЬТІ
(анықтамалық)

Алматы
«Қазақ университеті»
2018

ӘОЖ 556
КБЖ 26.22я2
Қ 42

*Баспаға әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті Тарих, археология және этнология
факультетінің (№11 хаттама, 05.07.2018 ж.) Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баспа кеңесі (№1 хаттама, 11.10.2019 ж.)
шешімімен ұсынылғын*

*«AP05135126. Қазақстанның аридтік аймақтарында
сумен қамтудың дәстүрлі әдістері: этнологиялық және
геоархеологиялық тұрғыда қарастыру» атты
іргелі жобасы аясында орындалды.*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы, профессор,
этнограф **Аманжол Қалыш**
тарих ғылымдарының кандидаты (PhD),
археолог **Әзілхан Тәжікеев**

Ғылыми редактор
профессор **Т. Қартаева**

Қартаева Т. және т.б.

Қ 42 Су культі: анықтамалық / Т. Қартаева, Г. Бексейтов, Е. Оспанов. — Алматы: Қазақ университеті, 2018. — 158 бет.

ISBN 978-601-04-3828-6

Анықталықта қазақ халқының мәдениетінде, тұрмысында, тіршілік қамы жүйесінде суды қолдану, жинау, сумен қамтамасыз ету, сумен байланысты дүниетаным, түсінікке қатысты терминдер, атаулар, аймақтық диалектологиялық сөздер жүйесіне түсініктер берілген. Сөздік егістік алқапты суландыру жүйесін, қоныстарды сумен қамтуға байланысты атаулар жүйесін, су көліктерінің атаулары мен түрлерін, су таситын, су сақтайтын ыдыстар атауларын да қамтиды.

ӘОЖ 556
КБЖ 26.22я2

АЛҒЫ СӨЗ

Ежелден адамдардың діни дүниетанымында Жер, Су, Ай, Күн, От, Ағаш, т.б. табиғат ортасы табыну нысаны болған. Су — адам, табиғат, жан-жануар, яғни бүкіл тірі тіршіліктің негізгі нәрі. «Су культі» тақырыбы суды пайдаланумен байланысты барлық тақырыпты қамтиды: құдық, егістікті суландыру, табиғи су көздері қайнар, бұлақ, өзен, көл, теңіз суларын пайдалану, көпірлер, бөгеттер, су көліктері, моншалар, субұрқақтар. Ежелгі тұрғындардың гидротехникалық білімдер жүйесі, кәріз қазу ісінің (жер асты су галереясы), құдық қазу ісінің, құдықшылық, сушылық кәсібінің даму тарихын ғылыми практикалық қырынан игерудің отандық археология ғылымы үшін де, этнология ғылымы үшін де маңызы зор. «Кәріз», «құдық», «шығыр», «су этнографиясы» тақырыбы пәнаралық зерттеуде (архео-этнография, тарихи топонимика, тарихи ономастика, тарихи география) өзінің толық мәнісін ашатын тақырып. Қазақ жерін мекендеген байырғы тайпалардың қала қоныстарынан табылып жатқан құдық іздері байырғы халықтардың гидротехникалық білімдер жүйесінен мәлімет беріп қана қоймай, байырғы тұрмыс-тіршілік, кәсіптердің дамуынан, табиғат өнімдерін тұрмыс қажетіне жаратудың көздерін нақтылайды. Кәріз, құдық қазу ісінің бағзы замандардан қалыптастан кәсіп екендігін археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған құдық іздері, археологиялық аэротүсірілімдер айғақтайды. Қазақ жерінің оңтүстік өңірі, Сырдарияның орта ағысы бойындағы орта ғасырлық қалалар тіршілігінде жер асты су көздері арқылы жалғасқан жерасты су галереясы — кәріздердің болғаны, байырғы тайпалардың күрделі білімдер жүйесінен мәлімет береді.

«Су культі» анықтамалығын шығарудың маңыздылығы Қазақстанның аридтік аймақтарында судың дәстүрлі мал шаруашылығына қатысты атқаратын орталық рөлінен туындайды. Суды жер бетіне шығару мен сақтаудың саналуандығына қарамастан, бұл тақырып күні бүгінге дейін жүйелі түрде зерттелмей келеді. Құдық, су қондырғылары көмегімен сумен қамтамасыз етудің дәстүрлі әдістерінің даму

тарихын, су культi, суды пайдалануды зерттеудiң этнология және археология ғылымы үшiн маңызы зор. Аймақтарының 60% шөлді аймақтардан тұратын (45% шөлді және 15% жартылай шөлейт) Қазақстан аумағында суды ауыз су және шаруашылық мақсаттарда жинаудың бiрегей тәсiлдерi тарихи тұрғыда қалыптасты. Оңтүстік Қазақстанның аралас және отырықшы егiншiлiк қауымдастықтарында қолданылған алқаптарды суаруға арналған жер үстi суы және гидравликалық құрылғылар (шығыр, атпа) жөнiнде бiрқатар құнды зерттеулер бар, бiрақ алып аридтiк кеңiстiктерде жер асты қабат суын жинау мен сақтаудың дәстүрлi тәсiлдерiне аса мардымсыз көңiл бөлiнген. Бұл Қазақстанның дәстүрлi мал шаруашылығы қауымдастығының басым бөлiгi үшiн аридтiк аймақтар 20-шы ғасырдың басына дейiн маңызды жайылым және аса қолайлы қыстаулар болып келгенiне қарамастан орын алды. Ол кезде сумен бұлақтардан және құдықтардан қамтамасыз ету аса зор маңызға ие едi. Су көшпелi экономиканың өзегiн құрағандықтан, оны көшпелi мал шаруашылығының кез келген тұрпаттамалық сипаттамасының негiзiне жалпыға ортақ және әмбебап сипаттамасы мен шарты ретiнде қою керек.

Су көзiн таңдауда, құдық қазуда, құрылыс материалын таңдауда (тас, ағаш, емен, тал, сексеуiл, дүзген, жыңғыл), субөлетiн орынды салу және суаруға арналған арнайы құрал-саймандарды пайдалануға қатысты атаулар жүйесiн жинақтаудың да маңызы зор.

Қазақстанның аридтiк аймақтарындағы құдықтар мен су қоймаларының ежелгi iздерi, қалдықтары және белсендi түрлерiнiң, олардың құрылымдарының, тиiстi жабдықтары мен қолөнер өндiрiсiнiң, әлеуметтiк-экономикалық және тарихи аспектiлерiнiң мәлiметтер базасын құруға қатысты атауларды да жинақтау мақсат етiлдi.

Су жинау құрылғылары маңыздылығына қарай бiрнеше сипаттама бойынша тiзiледi және топтастырылады: су көздерiнiң түрлерi (жер үстi, атмосфералық, жер асты), геологиялық жағдайлар (жер бедерi, тастақты материал), негiзгi мiндет (суды жер бетiне шығару, сақтау, бөлу), құрылымы (түбi, қабырғасы, ернеуi, аузы, қорғаны, қоршауы, шығыры, қазығы, т.б.), түрi (терең, тайыз, суы мол, суы аз, суы тұщы, дәмдi, ащы, ащылау, кермек) және құрылыс материалына қарай түрi (шеген құдық, тас құдық, тал құдық, қыш құдық, т.б.), жабық цистерналар, жабық коллекторлар (табиғи, жартылай жасанды бөгет, толықтай жасанды резервуарлар және басқалары), пайдалану мақсаты (тiршiлiкқамы үшiн ауыз су үшiн, жан-жануарларға арналған, техникалық, микро-егiншiлiк, көшi-қон және сауда жолдарының бойында) және аймақтар бойынша, экологиялық және археологиялық контент және тарихи кезең.

Дәстүрлі әдіспен құдық қазу немесе құдық қаздырту ісінің дамуы мен сақталуы, құдық қазуға қатысты халықтық білімдер жүйісін бүгінгі ұрпаққа беру, үйрету барысы Батыс Қазақстанның Сайқын, Жаңақала, Қаратөбе аудандарынан, Маңғыстаудың Шат, Шайыр, Жаңаөзен өңірлерінен, Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Сырдария ауданынан бақыланды. Аталған өңірлерде жүргізілген этнографиялық зерттеулер барысында дәстүрлі әдіспен құдық қазудың қолданыстан шыққан түрлері мен жалғасын тауып отырған түрлерін анықтадық.

2018 жылы жүргізілген этнографиялық зерттеулер бойынша келесідей қорытындыға келдік: құдықтың диаметрі жердің қыртысына, топырақтың құрамына, ал құдықтың тереңдігі грунтты су көздерінің қабатына байланысты қалыптасты; құдықты шегендеу жергілікті жердің шикізатына, өсімдігі мен топырағына байланысты қалыптасқан, шегендеу, өру, қалау, шетендеудің дәстүрлі әдістерін ұрпақтан ұрпаққа беріп отырған; негізгі шаруашылық көзі мал шаруашылығы болып табылатын ауылдарда құдық қазудың дәстүрлі әдіс-тәсілдерін меңгерген «құдықшылардың» еңбегіне тәуелділік бар; Батыс Қазақстан облысының Хан Ордасы ауылында ағаш тақтаймен сұрыптау, талмен өру, талмен шетендеу, Батыс Қазақстанның Жаңақала ауданының Ниязбек т.б. елді мекенінде жыңғылмен шегендеу, Қызылорда облысының Арал ауданының Қарақұм, Тоқабай, Шижаға, Сазды сияқты құмды ауылдарында дүзген, көкбұта, көкқасқа, баялыш, шағырмен, Аралдың Жалаңаш (бұрынғы Бірлестік), Ақирек елді мекенінде таспен шегендеу бүгінгі күнде де жалғасын тауып отыр; Батыс Қазақстанның Хан Ордасы ауылында, Нарын құмдарында шілік, тал шыбықтан бума жасап құдық қабырғасын өру ісімен қазіргі таңда айналысып немесе осы дәстүрмен құдық қазуды жалғастырып отырмағанымен, бұрынғы жасалған тал құдықты сақтап, суын пайдаланып отырған отбасылар малшылар елді мекенінде кездеседі; аталған өңірлерден бұрынғы қазылған шегенделген құдықты тазалау, жаңарту ісі де сақталған.

Дәстүрлі құдықтың осы, яғни тал құдық түрінің жаңадан жасалмай отырғаны біріншіден, техниканың кең қолданысқа енуі, екіншіден, талдың «Орман шаруашылығы» мекемесі тарапынан қорғалуы, жер асты су деңгейінің төмендеуімен, сондай-ақ шілік пен тал шыбықтың өсу деңгейінің төмендеуімен байланысты. Хан Ордасы, Нарын құмдарында ағаш тақтайлармен сұрыптау кең етек алған. Өсімдік түрлерімен шегенделген құдықтар 50-100 жылда бір рет жаңартылса, таспен шегенделген құдықтар, егер түбін аршып тазалап отырса мәңгілікке сақталған.

Шыңырау құдықтарды дәстүрлі әдіспен қазып, су шығару ісі қазіргі кезде қолданыстан шыққан. Шыңырау құдықтарды қазудың қолданыстан шығуы, біріншіден, байырғы көзі қарақты,

тереңнен шығатын су көзін танитын «құдықшылардың» қалмауы немесе мүлдем азаюы, малшылардың мерзімді қоныстарда отырмауы, байырғы көш жолдарының қолданыстан шығуы, техника көмегімен артизиандық суларды қолдану мүмкіндігінің молдығы болып отыр.

Маңғыстаудағы барлау жұмысынан байырғы шыңырау үстінен қазылып, қазіргі заманға бейімді техника орнатылған шыңырауларды елді мекендерден жиі кездестірдік. Зерттеу үшін дәстүрлі тас шегенделген құдық қабырғасын көруге қазіргі орнатылған техника мен құдық аузына көмкерілген темір қорабы қиындық тудырады.

Қазақ жерінің әр өңірінен табылған байырғы құдықтар іздері жер асты суларын пайдалануды игерген байырғы тайпалардың гидротехникалық қана емес, құрылыс ісі білімдер жүйесінің айғағы. Құдықтардың қандай түрі болмасын халқымыздың мәдени мұрасының ерекше үлгісі. Тарихи дәуірлерде құдықтар керуен, көш жолдары, қатынас жолдарын жалғап жатқан маңызды бекет ролін атқарған. Көш жолдары бойында құдық басы көштің уақытша тоқтайтын суат орны болған. Құдықтар қазақ халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінде ауыз суды қамтумен бірге, мал суаруды қамтамасыз етуде маңызды роль атқарған. Құдықтың қай түрі тереңі, таязы, тұщысы, ащысы болмасын барлығының суы мөлдір, тұнық, таза болады.

Бұл анықтамалық «су культі» тақырыбының барлық қырларын қамтиды. Атап айтқанда, ирригация жүйесі, құдық түрлері, бұлақ, қайнар, бастау сияқты жер асты сулары, өзен, көл, теңіз сияқты жер үсті сулары, суаруға байланысты құрал-жабдықтар, су транспорты қайық және сал, су өткелі қызметін атқаратын көпірлер, су этнографиясын (салт-дәстүр, ритуал), сумен байланысты наным-сенімдер жүйесін қамтиды.

Қазақ халқының күнделікті тұрмыс тәжірибесінде сумен байланысты түрлі наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар жүйесі қалыптасты. Қазақ халқының дүниетанымында судың иесі саналатын, тіршілік ететін жағымды және жағымсыз мифологиялық бейнелерге қатысты түсінік қалыптасты. Олардың қатарында Су иесі (патшасы) Сүлеймен, Су енесі, Суын, Су жылқысы, Су перісі, Үббе т.б. аңыз бейнелерді атауға болады.

Анықтамалыққа Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар мұрағаты, Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты, «Геоархеология» халықаралық лабораториясы, Далалық этнографиялық экспедиция материалдары, аймақтық, диалектологиялық сөздіктер, геоархеологиялық экспедиция, далалық этнографиялық экспедиция материалдары пайдаланылды. Жер-су аттары қысқартылып берілді.

АБЫШКЕН – су бұзып кеткен жер (Тәж.).

АҒАС – жыра, су орып кеткен жер (Гур., Маңғ.).

АЙБАР ҚҰДЫҚ – құмды, ойпатты, қар суы жиналған жерден қазылатын, қабырғасы шешенделмейтін, көлемі үлкен құдық. Айбар сөзінің өзі «үлкен», «зор» ұғымын береді. Мұндай құдықтардың жер бетіндегі аузы төмендегі көзінен бірнеше есе үлкен келеді. Малы көп ауқатты адам ғана өзіне айбарқұдық қаздырып, малын сол құдықтан суаратын болған. Көктемде қалың қар суы ерігенде қабырғасы опырылып құламау үшін үшбұрышты етіп қазған түрлері БҚО кездескен. Құдықтың бұл түрі уақытша, шамамен екі үш жылдай қызмет еткен.

Әдеб.: Ержанова Ұ. Батыс Қазақстан облысының ономастикалық кеңістігі. Орал, 2018

АЙҒЫРЖАП – егінге су жіберетін көтерме жап, арық (Қост., Жанғ.).

АЙҒЫР ҚҰЛАҚ СУ – бір құлақтан артығырақ, үлкен құлақ су (Сем., Ұрж.).

АЙЫР – құдықтың басына қадалған қос ағаш, сол арқылы құдықтан су тартатын ағаш құрылғының жергілікті жердегі атауы (Түрікм.: Красн., Тедж.).

АЙЫРЫҚ – судың жыралармен тарамдалып бөлінуі (Жамб.: Луг., Мер.).

АҚАБА¹ – тоқтау суы немесе жаңбыр суы жиналған жер (Қ.орда: Сыр., Жал.). *Ақабаның айналасы саз.*

АҚАБА² – бау-бақша, егінге жіберілген судың мөлшерден асып сыртқа шыққан жеріндегі жайылма су (Шымк.: Сайр., Арыс, Шәу., Сарыағ.; Жамб., Шу).

АҚАБА³ – арықта қалып қойған су (Қарақ.). *Арықтан жіберілген судың ақабасын турала.*

АҚАБА⁴ – егін суы жайылған жердің орны (Жамб., Жам.). *Ақабаның суы көктеп қалыпты.*

АҚАБА⁵ – егістікті суарғанда сарқынды немесе қашқан суды жыраққа шығару үшін арнайы қазылатын арық. Ақабамен су

кетіру, егістік сор болып кетпеу үшін жердің тұзын шаю іс – шараларын атқаруда қолданылатын.

АҚИҚЫ СУ – мақтаға берілетін су (Түрікм., Таш., Тедж., Мары). *Пақтаның ақиқы суын уағында суыстамалы.*

АҚ ҚҰТЫ – су құюға қолданылатын темір ыдыс (Ауғ., Ир.).

Әгеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ғ.Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005; Диалектологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

АҚҚЫ – ағыны күшті су (Қарақ.).

АҚПАНА – қазіргі кезде Сыр өңірінің Тереңөзек аңғарында шаруашылық үшін жинап қоятын жер асты су қоймасы ретінде қызмет ететін, жерге көмілген, су сақтайтын, сыйымдылығы үлкен бөшке, жергілікті атау. Ақпана сыртынан қарағанда құдық секілді. Ол жерден қазылып, іші бетонмен жабылады. Ақпана суын ауыз су тапшы ауылдарда мал суаруға және шаруашылыққа қолданылады. Бұл жерде құдық сулары ХХ ғасырдың 90-шы жылдардан бастап құдық суы тартыла бастаған, сол уақыттан бастап ақпананың осы түрі кең қолданысқа енген. Малға арналған су сақтайтын орынның ақпана атануы таң қалдырмайды, қазақтар мал отына байланыс «ақ от», «аузы аққа тиді» деген сөздерді қолданған.

Әгеб.: Қорда экспедициясы материалдарынан.

АҚПА ҚҰДЫҚ – суы мол құдық (Қар., Қарқ., Жезқ., Ағад.).

АҚТАЯҚ – сушы, мұраптың жергілікті жердегі атауы (Қост., Жанг.). *Баяғыда біздің ел су бөген, аяқ егін салғанда мен ақ таяқ болып істегім.*

Әгеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005; Диалектологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

АҚСУ – КӨКСУЛАР ТОБЫ – биік таулы аймақтарға тән шағын сулар (өзендер) тобы. Атаудың құрамындағы *ақ* сөзі «ағыны арынды» деген мағынаны білдіреді. Көксу атауындағы көк «ең тұщы» су мағынасын аңғартады, өйткені бастауын қар, мұздақтардан алады. Ақсу-көксулардың тасыған кездегі ағыны атан өгізді ағызатындай арынды болады. Бұндай «мінезіне» қарап, бір кездері оларға *Тентек*, *Түрген* («Тез») деп те ат қойған. Атап айтқанда, Қаратал алабында *Тентек* деген су бар. Сарқант пен Үшаралдың арасында тағы бір *Тентек* бар. *Үштентек* деп аталатын су Алакөлге құяды. Жер-жерлерде ұшырасатын *Ақжар*, *Көкжар*, *Ақсай*, *Көксай*, *Тастыбұлақ* тәрізді атаулар ақсу-көксулар тобына жататын суларды білдіреді. Ақсу-көксулардың суы тұщы, әрі мөлдір болады, әсіресе көксулардың түбінде көктасы көрініп жатады. Көктемгі аласапыранда қатты тасиды. Тасқын су ағаштың түбірлерін, жуан бұталарын ағызып әкетеді, олар су қайтқанда ақсөңке күйінде жағада жатады.

Бұларды *салынды* деп атайды. Су бойына жақын ауылдар салындыны отындыққа жинап алады. Шілдеге таман *ақсу, көксу, тентек, түргендергің* суы тағы да молая түседі, бірақ су тасқыны көктемдегідей болмайды, мөлдірлігі, тұнықтығы сол қалпында болады. Аталмыш сулардың қара күзге қарай суы бәсеңдейді, бірақ өзге сулардай тартылып қалмайды. Маңғыстау жағында қырдан, үстірттен ағып келген суды *өрсу* деп атайды. Өрсуды тұщы болады дейді. Астрахан жеріндегі қазақтар Еділден тасыған суды *өрсу* деген. Ақтөбе жағында өзең, сай атаулары «өзен» мағынасында да айтылған. Жергілікті халық тілінде «*өрсу тасыса, ырыс*» деген мақал бар. Орыс зерттеушісі А.Воейков ХХ ғасырдың басында Түркістан өңірінде болған сапарында жергілікті халық арасынан «ақсулардың» екі мағынасы барын жазып алған. Біріншісі, өзен, өзен арналарынан, арықтардан егістікке ағатын сулар, екіншіден құдықтар мен кәріздерден алынатын таза сулар.

Әгеб.: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1 том. ҚРМОМ. Алматы, 2017; *Воейков А.* Туркестан его воды и орошение. Петроград, Типография т-ва Общественная польза, 1915. Б.11.

АҚСУ — құдық, кәрізден алынатын тұнық, тұщы, дәмді судың көне атауы. Ақсу сөзін Сырдарияның орта ағысы, Түркістан, Оңтүстік Қазақстан өңірінде қолданған.

Әгеб.: *Воейков А.* Туркестан его воды и орошение. Петроград, Типография т-ва Общественная польза, 1915. Б. 11.

АҚШЕЛЕК ҚҰДЫҚ — кең, суы мол, таяз құдық. А.қ.-тан 500 қой емін-еркін су іше алады.

АҚЫР — шыңырау, әйкел құдықтар мен астауды жалғастыратын, тастан немесе ағаштан ойып жасалған құдық жабдығы (Түрікм., Красн.: Жеб., Небид., Ашх.). *Асылы, ақырды тастан қашап жасаған мақұл.*

АЛҒАУ СУ — құдықтың ащылау, кермек дәмі бар суы (Батыс Қаз.)

АЛҒАУЛЫ — кермек дәмі бар су (Қ.орда: Сыр., Жал.). *Сырдарияның суы алғаулы болмағанымен, кейбір құдықтың суы алғаулы.*

АПАН — қар суынан, жаңбырдан жар болып ойылған жер, шұңқыр. Көбіне жауын шашыннан, табиғат құбылыстарынан пайда болады. Табиғи апандарда жиналған суды шөлейт өңірлерде мал суаруға пайдаланған.

Әгеб.: Қ.орда, БҚО экспедициясы материалдарынан.

АПАН ҚҰДЫҚ — жер асты суы таяздан шығатын жерден, аузын кең етіп қазатын құдық түрі. Ғабидин Мұстафиннің «Дауылдан кейін» романында А.қ. сипатын келесідей көрсеткен: «Аумағы үш қанат үйдей үлкен апанның бетіне екі арбаның арысын жапқан. Астына үш зереден қойып, екі жаққа ұзын екі науа орнатқан. Төрт жігіт екі бөлініп тұрып, төрт қауғамен екі науаны шалпыдатты». Осы сипаттауға қарағанда А.қ. тың ернеуі қандай үлкен болса, іші де кең қазылып, суы мол болғанға

ұқсайды. Төрт жігіт екі қауғамен су тартты деген сипаттаудан, суы таяз болса да, бір қауғаны екі жігіт қосақталып тартқаны көрінеді. Дәстүрлі ортада қауғаны теріден тіккен, әрі оған 20-30 су сифан, сондықтан екі жігіт қосақталып тартқан. Апан құдықтар Арқа өңірінде кездескен. Қазақ жерінің батысындағы түйелі өңірлерде тері қауғаны ауыр болғандықтан, түйенің күшімен тартқан. Ал, түйе малы аз өңірде, екі жігіт күш біріктіріп тартқанға ұқсайды. А.қ. жайлы тағы бір дерек Сәкен Сейфуллиннің «Жемістер» әңгімесінен табымыз. Ақын бұл әңгімесінде он үш адамның аттарымен сиып кетіп жасырынып жатқан шұңқырын апан құдықпен теңестіреді.

Әгеб.: Мұстафин Ғ. Дауылдан кейін. Алматы, 1962; Сейфуллин С. Әңгімелер мен повестер. Алматы, 1958.

АТА ЖАП — үлкен арықтан таралған кішкене арық.

АТАНАҚ — терең құдықтан шығыр көмегімен су тартқанда арқан жылжып тұру үшін салынған құрылғы (Түрікм., Небид., Жеб.). *Шығырмен су тартқанда атанақ өте қажет.*

АТКЕЛДЕУ — ыдыспен суару (ҚХР). *Көліктергі ... Түкең әгеті бойынша аткелдеп суарып жатыр* (Қ. Баянбайұлы).

Әгеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ғ.Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005.; Диалектологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

АТ МАЛТЫС — суға жүзудің бір түрі.

АТПА¹ — арнасы жерден онша биік емес арықтар бойындағы егісті суару үшін қолданылатын ағаштан мосы тәрізді етіп құрып, оған іші тереңірек ойыс күрек, іші ойыс қалақ, ожау тәрізді қарапайым құрал орнатылған қол-шығыр түрі. Аtpa су көтеретін ағаш немесе темірден жасалған, жан-жағы бүгілген күрек басына ұқсайтын қондырғысы ұзын ағаш арқылы су астындағы тезге бекітіліп, арықтағы суды егістікке қарай көтеріп тұрды. А.-мен өзен, көл, тоғаннан биікте орналасқан арыққа суды қолмен атып шығарады. Оны *атпа ату* дейді. Аtpa ату бұрын машақаты көп жұмыс болған. Жұмысты аздап болса да жеңілдету үшін үш ағаштан құрастырылған мосыға тең етіп сырық байлап, бір басына үлкен ағаш



Сушы. Аtpaмен су көтеру.
1871 жыл. А.Л. Кун түсірген (К. Фон-Кауфманның Түркістан альбомынан)

шелек, екінші басына ауыр зат байлаған. Осы сырықты қолмен демеп, қозғалысқа келтіріп, арыққа су жібереді. Халық тілінде А. Қолқауға, қолсамар, атпасамар деп те аталған. Шығыр болмаған жерде А. тәрізді қарапайым құрал суды жоғарыға шығарып, егін суаратын гидротехникалық құрылғы ретінде 20 ғасыр басына дейін қолданылып келді. Сырдарияның орта ағысы, Түркіменстан жерлерінде, қазақ жерінің оңтүстік шығысында қолданыста болған. Аtpаның құрылымы және оны қолдану туралы дерек орыс зерттеушісі А. Воейковтың 1905 жылғы жазбасында кездеседі, әрі автор өзі зерттеген уақытта атпаның қолданыста болғандығын жазады. Алайда атпамен су атып, егістікті суаруөнімсіз шаруа. Гидротехникалық қондырғылардың енуіне байланысты дәстүрлі қолданыстан шығып қалған.

Әгеб.: Түркістан альбомы. Этнографиялық бөлім. 6-том. Ә. Науай атындағы Өзбекстан Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры. Түпнұсқа; *Воейков А.* Туркестан его воды и орошение. Петроград, Типография т-ва Общественная польза, 1915. С. 10.

АТПА² – салмаға су құю әдісі (Қ.орда: Қарм., Сыр.). *Атпа атып талай күнді өткізіп едік, бұл күнде сирек.*

АТ ШАП – егінге су жіберетін кішкене арық (Жезқ., Ұлы.).

АТЫЗ – қолдан суарылатын егістік жердің бір бөлігі.

АРАСАН – емдік қасиеті бар, минералды су көздері. Зерттеушілер А. көне санскрит тіліндегі *рашан* атауынан ауысқан деп пайымдайды. Емдік су көздері Кавказ, Орталық Азия, Батыс Сібір



Дәдем Ата бұлағы.
Суын емдік қасиеті үшін алып ішеді.
БҚО



Дәдем Ата басындағы
бұлақ көзінен жасалған құдық.
Суын іш құрылысына емдік қасиеті
үшін алып ішеді



Егіндікөл бұлағының
емдік қасиеті бар мөддір суы

мен Моңғолияда халықтарында *арашан, аржан, рашан, арасан* деген атаулармен аталады. А.-дардың емдік қасиетін адамзат ежелгі уақыттан бері пайдаланып келеді. Қазақ А.-дарға жер астынан шығатын минералдық су көздері — *бұлақ, тұма, қайнарларды* жатқызады. Емдік қасиетін кие тұтқан халық мұндай шипалы су көздерінің атауына *әулие, киелі, қасиетті* деп қосып қос сөзбен атайтын болған. Қазақстанда А.-дарда орналасқан Сарыағаш, Алма Арасан, Ақсай, Жаркент арасан, Шонжы арасан, Қапалы арасан, Барлық арасан, Рахман бұлақтары сияқты кешенді емдеу орындары ел арасында үлкен сұранысқа ие.

Батыс Қазақстанда халық арасында Дәдем Ата атанған Жұмағазы Хазірет басындағы бұлақ суын халық іш құрылысына ем үшін алады. Бұлақ суын құдық ретінде қазып, ауыз қақпақ орнатқан. Бұлақ суын қағша алса сонша өніп, ернеуіне келіп тұрады. Ал, Қаратөбе ауданының Егіндікөл ауылында жер астынан шығып жатқан бірнеше бұлақ көзі суын көз, құлақ аурулары үшін алады. Бұлақ суын ауыз су ретінде де пайдаланады.

Арасан суларынан жер астынан шығып жатқан ыстық су көздері де жатады. Ыстық суларды буын, құяң, жел тиген ауруларын емдеу үшін қолданған.

Әгеб.: Қасиетті Қазақстан: Астана қ., Алматы қ., Ақмола облысы, Алматы облысы. 1 том. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Арыс баспасы, 2017. 480 б.; *Сафуллин Н.* Туған жер тарихы. Орал, 2018.; БҚО экспедициясы материалдарынан.

АРЫҚ — дәстүрлі суармалы егіншілік кешенінде, суды табиғи су көздерінен егістікке жеткізуге арналған арналармен жерді қолдан суландыру (*ирригация*) жүйесіндегі *жасанды су тораптарының* атауы. Егістікті суару, жалпы суландыру (*ирригация*) жүйесінде қалыптасқан технология бойынша А.-тар *Бас арық, Орта арық, Кіші арықтар* болып жіктеледі. Бас А.-тан кейінгі дәрежеде реттеуші, немесе орташа А.-тардың: *арық, орта арық, жап, оқ арық, салма, қарық* деген атаулары болды. Сонымен бірге суарылатын егіс түріне байланысты *бау арық, қауын арық, пая арық* деп бөлінеді. Егістік ішінде суды тарататын, реттейтін ұсақ А.-тарды *атыз, жап, кетпен арық, жанамә; қол арық* деген сияқты атаулары қолданылды. Егін арасында су жүргізетін ұсақ А.-шаларды *уат, шөнек, пал* деп те атаған. Жағасы құмдақ, ағысы дүлей өзендерде бас А.-қа су салу үшін өзен ағысының бойымен бірнеше жерден кіші құлақтар байланатын тәсіл болған. Ұсақ құлақтарда су екпіні аз болғандықтан жағалау шайылмайтын да, бас А.-қа қажетті мөлшердегі су біртіндеп алынатын. Бұл тәсіл Сырдария, Әмудария өзендерінде жиі қолданылатын.

Арық қазу ісі аса жауапкершілікті талап еткен. Арық қазу кезінде адамдарды жұмылдыру, ұйымдастыру, оларды басқару үшін — ақсақал, суды пайдалануға басшылық жасайтын — *мұрап*, арық құрылысы ісін басқаратын және оның техникасын қадағалайтын — *шабақшы* сайланды. Бірнеше арық жүйесін,

егістіктерді суландыру ретін басқаратын адамды «арық ақсақал» деп атады.

Арықтар қазған рудың меншігі болып саналды. 1866 жылғы Сырдария линиясының құжаты бойынша Аламесек көлі мен Шіркейлі өзенінің аралығын жалғайтын арықтар жергілікті рулардың күшімен қазылған. Алтын және алаша руының адамдары Күпқұлба мен Көксу көліне құятын 5 арық тартқан. Арық құрылысы аяқталғаннан кейін көбіне арық қазу ісін басқарған ақсақал атымен аталып кететін. 19 ғасырдың аяғы – 20 ғасырдың бас кезінде Көшей-табын Есқұл қаздырған арық әлі күнге дейін халық арасында «Есқұл арығы» деп аталып, халықтың пайдалануына жарап жатыр. Жаңа бір арық қазған кезде әрбір шаңырақ ат салысуға тырысқан.

Әгеб.: Туркестанцев. Земледелие в Сырдарьинской области // ТВ.1911. №86. С. 3; *Петровский Н.П.* Ирригация. Туземная единица объема воды и способы деление ее // ТС. Статьи и заметки из русских и иностранных газет. Ташкент, 1897. Том. 527. С. 195-205; *Нақысбеков О.* Жергілікті халық тіліндегі арық-атыз түрлеріне байланысты қолданылып жүрген сөздер жайында // Қазақ диалектологиясы. 1-басылым. Алматы: Ғылым, 1965. 160-179 бб.; *Кармышева Дж.* Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды, верования и культы народов Средней Азии. М.: Наука, 1986. С. 181-208; *К.* Обычай у туземцев – пользование водой из арыков // Туркестанские ведомости. 1909. №105. 453 б.

АРЫҚ АҚСАҚАЛЫ – арықты пайдалануға байланысты әлеуметтік қатынастарды ұйымдастыратын және реттейтін тұлға. А. а.-лы міндетін ауылда, тіпті, ру-қауымға сөзі жүретін беделді, әдетте, жасы үлкен адам атқарды. Оның шешімі барлық қауым мүшелері үшін міндетті болды. Ол мұраппен келісе отырып, суарылатын аймақты анықтап, суды пайдалану кезегін белгіледі, мұрап пен оның көмекшісі – жасауылдың жұмысын қадағалап отырды. А. а. үш жылға, мұрап пен оның көмекшісі бір жылға сайланды. Қазақтар арасында су ақсақалы деп те аталды. Мұраптың міндеті – күн сайын тоған жағасын аралап, егіншілердің арасында судың дұрыс пайдалануын қадағалау және тоған ағысының бағытын анықтау. Мұраптың көмекшісі жасауыл суландыру ақысын жинап, салықты басшысына уақытында беруді қадағалап отырды. Жергілікті жерлерде арық үшін ақы төлемінің қаншалықты болғандығы жайындағы мәлімет аз кездеседі. Кей өңірде Арық ақсақалы мен мұраб қызметін бір адам атқарған. 20 ғасырдың бас кезіне дейін сақталған кәсіп. Қазақ даласын зерттеген орыс ғалымы А.Воейковтың 1905 жылғы жазбасында арық ақсақалдар қызметінің сұранысқа ие екенін, оны халық өз арасынан сайлатынын жазған.

Әгеб.: Алтаев Б.Ә. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған



Тас астаулар.
Маңғыстау экспедициясы

диссертациясының қолжазбасы; *Воейков А.* Туркестан его воды и орошение. Петроград, Типография т-ва Общественная польза, 1915. С. 11.

АРЫҚ ҚҰЛАТУ — арық қазу.

АРШУ — арықты, құдықты тазалау.

АРШЫН — құдық тереңдігін өлшеуге қолданылған, қолданыстан шығып қалған ескі ұзындық өлшемі. 1 аршын қазіргі өлшем бойынша 0,71-ге см сәйкес келеді. Аршын өлшем бірлігі қазақы ортаға 19 ғасырдан бастап орыс тауарларының көптеп келе бастаумен байланысты енді. Аршынның ұзындығы қазақы өлшем бойынша баламасы кез өлшеміне сәйкес, ал 1 кез ұзындық қазіргі 0,69-0,89 см ұзындығымен шамалас. Аршын да, кез де адамның иығынан саусағының ұшына дейінгі өлшеммен белгіленеді. Адам қолының ұзындығы әр түрлі болғандықтан, аршын мен кездің де ұзындықтары әртүрлі болып келеді. Метрлік өлшем бірлігі енгізілген соң, аршын мен кез өлшемі теңеу ретінде қолданылатын болған. Мысалы бір аршын, бір кез деп теңеу ретінде айтылды. Аршын өлшемін құдық тереңдігін өлшеуге кең қолданған. Құдықшының еңбек ақысын құдықтың тереңдігіне қарай бағалаған.

Әдеб.: Раглов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Т. 1. Ч. 1. СПб., 1893; БҚО экспедиция материалдарынан.

АСТАУ — құдық басына орнатылатын, мал суару үшін қойылған, арнайы жасалған ыдыс. Астау жергілікті материалға қарай жасалады. Жасалған материалына қарай *ағаш астау, тас астау, тері астау, дере астау* немесе *науа* деп аталған.



Темір астау. БҚО экспедициясы



Темір астау. БҚО экспедициясы материалдарынан



Аспа немесе шығыр орнатылған құдықтар. БҚО, Орда ауылы

Сыйымдылығы 15-20 литрдан 50-70 литрге дейін болады. Шыңырау басына бүтін тастан немесе бүтін ағаштан ойып жасалған. Шыңырау құдықтардан *суды долық, бүрдік, мес қауға, тері қауға, көн шелекдеп* аталатын тері қауғамен тартқан. Тері қауғаның сыйымдылығы 20-30 литр су болған. Себебі мал отары құдық басына келгенде сийымдылығы 10 литр болатын қауғамен малды суғарып үлгірмейді, сол себепті түйеге жегілген шығыр көмегін пайдаланып, тері қауғамен тартып суарады. Маңғыстау, Үстіртте тас астауларды тасшы ұсталар жергілікті ұлутастан жасаған. Қазақ жерінің басқа өңірлерінде кең тарағаны ағаш астаулар. Ағаш астаулар құрылымы табаны, екі қанаты, екі басынан тұрады. Ағаштан сүргілеген тақтайларды қабырғасына тесік ойып, екі тесік ойықты ағаш шеге арқылы біріктерген. Ағаш шеге суда ісініп, берік болып қатып, су өткізбеген. Астауларды әркім өзі де жасай алған немесе ұсталарға арнайы тапсырыспен де жасатқан. Астау да жергілікті жердің материалына байланысты болды. Ағаш астаудың бұл түрін ертеректе, яғни дәстүрлі қоғамда пайдаланған. Қазіргі таңда ағаш астаулардың сақталғаны некен саяқ. Кейін мал қораға малға жем салуға пайдаланған. Сыр-Арал қазақтары құдық басында мал суаруға қойылатын «*науа*» деп аталған астаудың екі басын ағаштан жасап, оған теріні керген, құрастырған ағашын желімдеуге талдың шырынын, жантақтың балын пайдаланған. Науа астауға сыйымдылығы 25-30 шелек су немесе 1 тері қауға су кеткен. Қарақұмда қыстың күні құдық суына қосымша, қар жауғанда қарды тегіс жерге

үйіп, үстіне су құйып мұз жасайды. Қар мұзды қайтадан шауып, ойып, «мұз науа» жасап алып, малды суарған. Бүтін ағаштан ойылған астаулар мен науаларды көшкенде өздерімен бірге алып жүрген. Құдық басындағы үлкен астауларға қатысты *ақпана*, *дере астау* деген атаулар да бар. Құдық басында астау тәрізді суды мол етіп тартып алып жинап қоятын гидротехникалық құрылысты *ауыт*, *әуіт*, кей жерде *әуіз* дейді. Қазіргі таңда сыйымдығы 70-80 шелек су болатын темір астаулар қолдану кең қолданысқа енген. Қазақстанның шөді, шөлейт аймақтарында құдық басына 2-3 астаудан қатар қойып, алдын ала суға толтырып қойған. 200 бас қойды 2-3 астаумен суарған.

Әгеб.: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1 том. ҚРМОМ. Алматы, 2017; *Бекназаров Р.* Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнері. Алматы: Типография ОП, 2005; *Самашев З., Көшербаев Қ., Аманшаев Е., Астафев А.* Үстірт пен Маңғыстау қазыналары. Алматы, 2007; БҚО, Қ.орда экспедициясы материалдарынан.

АСПА¹ – құдық суының молдығы (Қ.орда, Қарм., Тер.). Мына құдықтың суы аспа екен.

АСПА² – терең, шыңырау құдық. Аспаның суын шығыр арқылы тартады (Қарақ.).

АСПА ҚҰДЫҚ /АСПАЛЫ ҚҰДЫҚ / ШЫҒЫР ҚҰДЫҚ – құдықтан су тартуды жеңілдету үшін орнатылған қондырғы. Баған түрінде орнатылған ағашы дере деп аталып, биіктігі 3-5 метр болатын бөренеден жасалады, деренің жоғарғы жағына шығыршық орнатылып, ұзын жеңіл ағаш орнатылады, ол қанат деп аталады. Қанаттың бір



Аспа немесе шығыр орнатылған құдықтар. БҚО, Орда ауылы

басына арқан немесе темір сым арқылы қауға, екінші қанаттың басына темірден жүк байланады. Жүк ретінде темір орнына ертеде ағаш бөрененің бөлігін де орнатқан. Жүктің салмағы су толған қауға салмағымен тепе тең болуы керек. Аспаға орнатылатын қауғаның сиымдығы 10 литр шамасында болған. Аспаға қауғаны шеберлер ағаштан ойып жасаған, темір ұсталары темірден, қаңылтырдан, жезден соғып берген. Қауғаны жасалған материалына қарай ағаш қауға, ағаш шелек, темір қауға, тік шелек деп атаған.

Әгеб.: БҚО экспедициясы материалдарынан.

АУАН — су сақтау үшін қазылған шұңқыр (Гур., Маңғ.).

АУДАРУ — суды егін жеріне тарату (Жамб.: Жам., Жуа.).
Суды жерге аударып болдым.

АУЫЗДАМА — суды ашатын қысқа арық (Жамб., Шу).

АУЫТ — шығыр суы жиналатын үлкен шұңқыр (Ақт., Ырғ., Қост., Аман.). *Ауыттың суы мол. Ауытқа су өзенінен келеді.*

АЩАҒАР — суы ащы бұлақ (Гур., Маңғ.) *Ащағардан су ішкізіп, малымызды тышқақ етер жайымыз жоқ.* (Гур., Маңғ.)

Әгеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005; Диалектологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

ӘБІЛХАЯТ — дәстүрлі, әрі діни наным-сенім бойынша мәңгі өмір дарытатын қасиетті су. Мұндағы әб — су, хаят — өмір деген мағынаны білдіреді. Оны Қызыр пайғамбар тапқан, ол суды ішкендіктен, мәңгі өмір сүреді деген әпсана бар. Осылай кие дарыған Қызыр пайғамбар елсіз шөл далада қиындыққа душар болған жолаушыны желеп-жебеп жүреді. Әсіресе байырғы өлең жырларда Қызыр мен Ілияс аталардың аты қатар аталады. Әдетте Қызыр-Ілияс деп қатар қолданылғанымен, Қызыр құрлықта, Ілияс теңіз сапарында жүрген жолаушыларды қолдап, жепеп жүреді деген сенім бар. Сондай-ақ, ел арасында мынандай әпсана бар: Ескендір патша тірі суды іздейді. Оған перілер көмектесіп, аңсаған арманы орындалады. Патша өмір суын ішпес бұрын ойға кетеді. «Егер мұны ішсем мың жасайды екенмін, болашақта мені не күтіп тұрғаны да бұлдыр, одан да құдайдың өзі берген жасын жасап, өлшеулі күнін кешейін деп бас тартады да, қасиетті су толтырылған торсықты балқарағайдың бұтағына іле салады. Сол торсықты қарға шоқып, тесіп жібереді. Содан қарға мен әлгі балқарағай ағашы мың жасайтын болған екен деседі. Бұл мифтің тағы бір нұсқасында Ескендір патша тірі суды торсыққа құйып әкеле жатып, қарағайдың түбінде демалып жатқанда құзғын шоқып, тесіп жібереді де, киелі су қарағайға, аршаға төгілгендіктен ол ағаштар жап-жасыл болып, мәңгі жасайтын болады. Судың жердегі қалдығын түлкі жалап, жүні ағарғанша, тұмсығы тиіп құзғын да ұзақ жасайтын болғандығы айтылады. Жалпы түркі-моңғол халықтары, соның ішінде қазақтар мәңгі

суды Тәңірдің сыйы, адамның жанын мәңгілік жасарту үшін жасалған шипалы су деп ұғады. Мәңгі су ұғымымен мәндес зәмзәм (Меккеде), *кәусар* (Жұмақта) деп аталатын қасиетті сулар бар (қ. *Зәмзәм; Кәусар*).

Әгеб.: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1 том. ҚРМОМ. — Алматы, 2017.

ӘЗ — су шығатын жер, су көзінің батыс аймақтағы атауы (Гур., Есб.). *Мына жер өз екен.*

ӘЙКЕЛ/ӘЙКЕЛ ҚҰДЫҚ — құдық суын таза ұстау үшін, судың бетін жабық ұстау үшін, әрі кенересі құламас үшін бетіне ортасы тесік үлкен дөңгелек тасқақпақ қойылуына байланысты айтылатын шыңырау құдық атауы. Шыңырау құдықтың аузы «*әйкел*» деп аталған тасқақпақпен жабылды. Тасқақпақтың ортасы мес қауға сиятындай етіліп тесілген, сондықтан «*әйкел құдық*» деген де атау қолданылған. Ал, ағаш қақпақтың сыртын құдық суын құм, шаң тозаңнан сақтау үшін киізбен қаптаған. *Әйкел* — арабтың ойық, дөңгелек деген сөзі. Маңғыстау, Түркімен қазақтарының тілінде ортасы тесік, дөңгелек тас маңынасында қолданылады. Өзбек тілінде дөңгелек жүзді *ойкулча* деп аталады. Құдықтың аузы, ернеуін көтерін тастары мен тас астауларды тас қашаушы, яғни тасшы шеберлер жасаған.

Әгеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005; *Самашев З., Көшербаев Қ., Аманшаев Е., Астафев А.* Үстірт пен Маңғыстау қазыналары. Алматы, 2007.



Әйкел.
Маңғыстау энциклопедиясы

ӘЛІШЫНАР – шығырдың иесі, пірі. Қазақтардың байырғы дүниетанымы бойынша су көтерілмейтін биік жерлердегі егістік алаңды суару үшін қолданылатын шығырды мифтік бейне Әлішынар ойлап тапқан. «Бұл – мың бір бөлек ағаш бөліктерінен құралған, қатар-қатар түзілген, айналатын немесе қозғалатын су көтергіш құрал, қазақтардың ай- туынша, есепте жоқ заманда Ә. деген бір адам жасап, бұл құралдың іс-қозғалысын бір немесе екі өгіздің күшімен жүзеге асырған» – деген мәліметтер кездеседі. Егіншілік науқаны басталған кезеңде егіншілер Әлішынардың рухына арнап дұға бағыштап, құрбандық шалып барып шығырды іске қосқан.

*«Шығырдың шын атасы, Әлішынар,
Шынарға сиынбаса шығыр сынар
Әліге Шынар менен құт сиынсам
Қашан да тәңірі оңарған істің тынар».*

Байырғы қазақтардың дүниетанымында жоғары және төменгі әлемді байланыстырушы буын діңгек болып саналады. Діңгек құнарлық пен мол өнімнің кепілі болып саналып, жер мен көктің арасында дәнекер болып, көктің нұрын, қуатын Жер Анаға сіңіруге талпынған. Қазақтар қолы жетсе шынар ағашты қасиетті, киелі деп санап діңгек ретінде қолданған. Шығырдың иесі Шынар Атаның да дүниеге келуі осындай дүниетаныммен байланысты. Шығырдың пайда болуына мифтік мазмұн беруші және оның пірі – Ә.-дың атының өзі, оның шығу тегінің ортаазиялық екенін көрсетеді. Себебі шынар ағашы – Орта Азияда кездесетін ағаш түрі. Сондай-ақ, ертеде отырықшы халықтар шынар ағашын мешіттің күмбездерін, үйдің бағандарын және оймыш есіктер жасауда пайдаланған.

Әгеб.: Сейдалин Т.А. Образ Витин хлебопашества по бассейну р. Тургая. // ЗООИРГО. Вып1. 1870; Кармышева Дж. Земледельческая обрядность у казахов. // Древние обряды, верования и культы народов Средней Азии. М.: Наука, 1980.

ӘМІР СУ КЕЛУ – су тасу немесе судың мол болуы, арнасынан толуы (Гур., Бақс.). *Алдыңғы жылы әмір су келіп, жаздай жақсы болып егі.*

ӘНӘР/ӘНЕР – үлкен арық, бас арық (Өзб., Ташк., Шымк., Арыс, Шәу., Сарыағ.). *Егінге әнәрген су жібердік.*

ӘҢГІ – су орып кеткен жер (Жамб., Қорд.). *Әңгі терең екен.*

ӘСПЕК – суды кезектесіп пайдалану (Қарақ.). *Кәзір су әспек боп тұрыпты.*

ӘУЕДІК – арықтардың жырып кетуінен пайда болған су, көлемі 4-5 гектар болады (Қарақ.).

ӘУЕЗ – егінге, бақшаға қажетті суды жинайтын орын, бөгеу (Қ.орда, Арал). *Әуезген аққан су егіндіктің бәр жеріне жетті* (Қ.орда, Арал).

Әгеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. Алма-

ты: «Арыс» баспасы, 2005; Диалектологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

ӘУЕТ — шығырдан алынған суды егістікке бірден жібермей, суды жинап алатын орын (Қ.орда).

ӘУІЗ — құдықтан тартылған суды жинайтын орын (Өзб., ҚХР).

ӘУІТ¹ — кішігірім өзен, бұлақ, жылға аңғарларында, бөгет салу долымен жасалған, көлемі бір шаршыдан аспайтын су қойма, яғни су жиналатын шұңқыр. Торғай өңірінде өзен, көлдерден арық арқылы арқылы тартылған су егіске жақын орналасқан әуітке жинау қолданыста болған. Мұндағы су егістікке қарапайым су көтергіш құрал қолқауғаның көмегімен жеткізілген. Онда жіп ұзын сырықтың екінші ұшына байланатын, ал салмақ екінші басында болады. Сырықты төмен түсіргенде сырыққа байланған қауға суға толып шығып, сырықты көтергенде астауға құйылады, Астау арқылы егістікке жіберіледі. Талас өңірінде Шұқырәуіт, Қызыләуіт деген елді мекендердің болуы ертеде бұл жерде осындай әуіттердің қолданыста болуы мүмкін деген болжамға алып келеді.

Әгеб.: Киргизско-русский словарь. Оренбург. 1897. Том 1. 1970.

ӘУІТ² — шығыр қондырғысымен су көтеру үшін су жинайтын орын.

БАҚАЙ — өзеннің тармағы (Жезқ., Ұлы.).

БАҚАЛАҚ — шығырдың дөңгелегінде болатын тіс ағашы (Ақт., Қ.орда).

БАҚЫР — су таситын шелектің жергілікті жерлердегі атауы. Бақыр сөзі қазақ жерінің шығысы мен оңтүстік шығысында жиі қолданылады.

БАЛА ЖАРМА — кішкене арық (Қ.орда).

БАС АРЫҚ / ЖЕЛКЕ АРЫҚ — 10-15 га немесе одан көп егіндік жердің басынан жүргізілген арық (Жамб., Шу).

БАС ЖІП — егін жанымен жүретін кіші арық (Қост.).

БАСАТ — теңіздің кең қолтығы, қойнауы.

БАСПА ҚҰЛАҚ СУ — бірнеше га жерді суаратын су (Сем.).

БАСТАУ — бұлақ, өзен тәрізді ағын сулардың басталар тұсы. Бұлақ бастауын жер астынан шығып жатқан *қайнардан*, *тұмадан* алады. Бұларды *бұлақтың көзі* дейді. Қар, мұздың сулары да бұлақтың бастауына жатады. Бұндай бастауларды *Көкбастау* дейді. Бастауын көлден алатын бұлақтарды *Көлбастау* деп атайды. Кей өзендер де өз бастауын бұлақтардан алады. Әр тұстан жамырай құйған бұлақ суларынан өзен суы молайып, ағысты арнаға айналады.

Өзен де ағар күшейіп,

Бастау мен бұлақ самғаса.

Сүйінбай кетер ағынғап,

Халқым бір мені қолғаса, —



Егіндікөл бұлағының бастауы



Егіндікөл бұлағынан бастау алған өзен.
БҚО экспедициясы

деп Сүйінбай ақын өзін бастау, бұлағы мол арынды өзен суына теңейді.

Әдеб: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1 том. ҚРМОМ. – Алматы, 2017.; БҚО экспедициясы материалдарынан.

БАСЫП ЖАТУ – егінге су жіберу (Қ.орда., Қарм., Сыр.). *Қазір егіске су бастырып жатырмын* (Қ.орда., Қарм.).

БАТ – судың қағы, кірі, самаурынның ішіндегі қатып қалған кірі (Жамб., Шу). *Самаурынның ішінде баты көп екен.*

БАУЛЫҚ – шелектің тұтқасы (Қ.орда, Арал.).

БӘЙТЕМІР – су диірменнің тасы мен астындағы су ұратын дөңгелекті байланыстыратын темір (Жамб., Шу).

БЕКЕ – өте таяз, айналасы бекітілмеген құдық.

БЕЛ АРЫҚ – үлкен арық (Қ.орда., Арал.).

БЕЛ ЖІП – құдықтан түйемен, атпен су шығарғанда түйенің, аттың беліне байлайтын жіп, оған қауғаның шығар арқанын байлайды (Гур., Маңғ.).

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005.; Диалектологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

БЕЛДЕМЕ – құдық тазалайтын күрек түрі. Маңғыстау, Үстірт адайлары жайлауға келгенде *таңқы құдық* суларын тазалауды дәстүрге айналдырған, кез-келген адай азаматы *белдеме* деп аталған кішкене күректі беліне байлап жүрген. А.Н. Бөкейхан: «Әр адайдың беліне

қыстырып жүрген темір күрегі болған, сондықтан олар күректі белдеме деп атаған. Ертеде әр қазақ оттық, пышақ және шылбыр алып жүруі тиіс болғанындай, әр адайдың міндетті түрде белінде темір күрегі — белдеме болуы тиіс еді, оның көмегімен адайлар құдық айналасын және оның ішін реттеп тұратын» — деп жазған болатын. Белдеме күрек ұзындығы сабын қоса есептегенде шамамен 1 метрден аспаған.

БЕКЕ ҚҰДЫҚ — таяз құдық, тас түсте күн ысығанда тартылып кетеді, түн асқанда қайта өнеді (Қ.орда).

БЕСАППАЗЫ — ағаш шелек (Маңғ.).

БОЙ ТЕМІР — су диірменнің тасы мен астындағы су ұратын дөңгелекті байланыстыратын темір (Жамб.: Мойын., Шу).

БОСАТ — теңізден бөлініп қалған су (Қ.орда).



Босат. Теңізден бөлініп қалған су. Қ.орда Арал қ,

БОСТЫҢ СУЫ — жаңбырдың суы (Гур., Шевч.).

БОЗ ЖАП — ені 5-6 мердей су жүретін арық (Қарақ.).

БОРЫҚ — борсыған, шалшық су (Сем.).

БӨГЕН — су қоймасы (МХР).

БӨКЕ — қайықтың түбінен кемеріне дейін көлденеңнен салынған, бүйір ағаштарын бекітетін келте кесілген ағаштар. Қайықтың үлкен кішілігі бөкенің санына қарай ажыратылады. Қайық қауіпсіз болу үшін әдетте 8 — 12 бөке салынады.

Әдеб.: Қ.-орда экспедициясы материалдарынан.

БӨРДЕК — құдықтан су алуға арналған кенеп немесе теріден тігілген ыдыс, шелек (БҚО).

БІЛІК — шығырың тегерішінің тіс кіретін тесіктері (Гур., Маңғ.).

БІР ҚҰЛАҚ СУ – егін суғаратын арықтың бір тармағы.

БҰЛАҚ – *бастау, тұма, қайнар* сулары мен еріген қар сулары жылғаларының бір арнаға қосылып ағуынан пайда болған ағынды табиғи су көзі. Б.-тар бір-біріне құйылып, үлкенді-кішілі өзенге айналады. Б. таулы қыратты жерлерде жиі кездеседі. Жер астынан шығып жатқан су көзін *бастау* деп атайды. Ал көктемде жерасты суының көтерілуінен пайда болып, құрғақ, ылғалсыз жазда тартылып қалатын арынсыз табиғи су көзі *тұма* деп аталады. Жер астынан қысыммен шығатын арынды су көзі *қайнар* деп аталады. Қайнар Б.-тың *тұмадан* айырмашылығы тау-тасты өңірлерде тереңнен шығады да маусымдық өзгерістерге тәуелді болмайды.



Жұмағазы Хазірет немесе Дадем Ата бұлағынан су толатын құдық



Егіндікөл бұлақ көзі

Мұндай су көзі тұмаға қарағанда тұрақты болады. Биік тау басындағы мұзарттың, қардың еруінен пайда болған су көлемі де аз болмайды. Б. суы бастаудың тереңдігіне, жер қыртысындағы табиғи ерекшелігіне байланысты. Кейбір өңірлерде жерден ыстық бұлақ ағады, оны ыстық су, *арасан* деп атайды. Б. суын тазалықтың белгісі, шипалы дәру ретінде жоғары бағаланды. *Бұлақ* деп басын қайнардан алатын суды, ал *қайнар* деп, атаудың өзі айтып тұрғандай, жер астынан бүлк-бүлк етіп шығып жатқан суды атаған. Бұлақ суына қайнар әр тұста бір қосыла келіп, оны арналы суға айналдырады. Халық тұрмысында *қайнарлы*, *бұлақты*, өзенді жерлер аса жоғары бағаланады. *Бұлақ* қоныс, елдімекен атауларының қазақ топонимдер жүйесінде жиі ұшырасады. Суы ең тұщы бұлақты *айна бұлақ* дейді. Мұндағы *айна* – метафораланған атау «өте таза», яғни «тұщылығы аса жоғары» деген ұғымды аңғартады. Суы мұздай болып, ішсе, адамның да, малдың да мейірін қандырады. Сай-саладан аққан бұлақтың біріне әр тұстан басқа да бұлақ сулары қосылып, кең арналы өзенге айналады. Сондықтан да халық «*су атасы – бұлақ, сөз анасы – құлақ*» дейді. Егіндікөл бұлағы *айна бұлақ*, *бал бұлақ* қатарына жатады. Суы мөлдір, өте дәмді, тұщы.

Әгеб.: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1 том. ҚРМОМ. – Алматы, 2017; БҚО экспедициясы.

ДАР – шығырдың тегерішінің білігі (Қ.орда).

ДАРИЯ – халық түсінігінде, өзендерден арнасы да, ұзындығы да үлкен аяғы теңізге келіп құятын сулар. Қазақ жерінде дария деп *Egıl, Жайық, Сыр, Ертіс, Іле* т.б.суларды айтады. Еділ, Жайық, Сыр, Ертіс, Іле басталар тұсында, орта ағысында, аяқталар тұсында, бірнеше елдің территориясын көктеп өтетін еларалық (мемлекетаралық) суларға жатады. Бұлардың қай-қайсында болсын кезінде үлкенді-кішілі кемелер жүрген, көліктік, тасымалдық қызметі болған. Өзен-дария жағасындағы ел тұрғындары қайық салып, балық аулаған. Халықтың егіншілік, бау-бақшалық кәсібі негізінен осы дариялардың бойында өркендеп, кенттер мен шаһарлар, қалалар салынып, отырықшы елдің мәдени ошағы болған. Дария, өзен, теңізге жақын орналасқан отырықшылыққа бет бұрған елді шаруашылығы мен өмір салтындағы кейбір ерекшеліктерімен байланысты *ойдағы ел* немесе *Сыр елі* деп, оларды *қырдағы елден* ажырата атаған. Халықтық жағрапияда бір дарияны екіге ажыратып атайтын ерекшелік кездеседі. Атап айтқанда, дарияның жалпы атауы *Жайық*, ал Орал қаласынан төменгі жағы *Ақ Жайық* деп аталады. Сол тәрізді дарияның жалпы атауы *Ертіс*, бірақ *Жайсаң* көлге дейінгісі – *Қара Ертіс*, *Жайсаң* көлден ағып шыққаннан кейінгі бөлігі – *Ақ Ертіс*. Орыс халқының ұлы жазушысы К. Паустовский «*Жер-су аттары халықтың паспорты*» дейді. Себебі сол жер-судың иесі кім екені оған берілген атауынан байқалып тұрады. Ал атаудың

мазмұнында халықтың таным-білімі, неге солай атағаны туралы «ашық» немесе «тасаланған» ақпараттар жатады. Мысалы, *Жайық*, *Ақ Жайық* атауында тасаланған мәдени-тілдік ақпараттар бар. Ол ақпараттар зерттеулер арқылы ашылады.

В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам сынды ғалымдардың көрсетуінше, Жайық өзені байырғы кездің өзінде-ақ ертедегі грек, араб географтары мен тарихшыларына белгілі болған. Птоломей оны *Даик*, *Дайкс* деп көрсеткен. Араб оқымыстысы Ахмед ибн Фадлан жазбаларында *Джаих* түрінде көрсетілген. *Ақ Жайық* атауындағы *ақ* сөзі ағынды, ағып жатқан деген мағынаны, ал *жайық* сөзі кең алқапты алып, *жайылып жатқан су* дегенді білдірген. Қара Ертіс атауындағы (гидрониміндегі) *қара* сөзін «үлкен», «ұлы» семантикасымен байланысты деуге болады. Олай дейтін себебіміз, Ертістің Жайсаңға дейінгі Қара Ертіс бөлігі Алтайдың биік мұздығы, қарынан, тау бұлақтарынан «нәр» алып, суы молайып, арнасы ұлғая түседі. Осы табиғи ерекшелікті жіті байқаған халық өз танымында зерделей отырып, «үлкен», «ұлы» семантикасын білдіретін *қара* сөзімен атаған. Шынында, Ертістің Жайсаңнан ұзап шыққан бөлігінің суы, арнасы Қара Ертістегідей болмаса керек. Өйткені Ақ Ертіске Есіл, Тобыл сияқты ірі өзендер құйғанға дейінгі «нәр» алатын көздері аса мол емес.

Қара Торғай топониміндегі (гидрониміндегі) *қара* сөзінің байырғы бір семантикасы «үлкен», «көп», «мол», «ұлы» дегенді білдіреді. Ал, өзеннің Торғай аталуы, зерттеушілердің, атап айтқанда ғалым Сейітбек Нұрхановтың айтуынша, Орта жүз Қыпшақ тайпасының бір тармағы саналатын *торы* (*Торықыпшақ*) атауымен байланысты. Торылар бестаңбалы Қыпшақ аталатын ру-тайпалық одақтың бір бөлігі болған. XI ғ. Торының (Торықтың) бір бөлігі Қыпшақтардың, IX-XI ғғ. Торылар (торықтар) Оғыз бірлестігінің құрамында болған. *Қай* тайпасымен одақ құрған (*Торық + Қай*). Осы этнонимнің атауы, С. Нұрхановтың көрсетуінше, *Торғай* топониміне, Қара Торғай, Сары Торғай гидронимдеріне негіз болған. Торылар (Торықтар) Торғай, Жыланшық, Қабырға өзендерінің бойын мекендеген.

Үлкен өзендер, әсіресе Сырдың суы тасығанда он шақты шақырымға дейінгі біраз жерді су алып кетеді. Сыр елі ондай тасуды *тайлақ тасу* дейді. Сырдың тасыған суы біраз жерге жайылып, тез арада қайтып кетпей, шұбатыла ораған түрін *шұлғау тасу* деп атаған.

Тайлақ тасудың *тентек суы* Сырға қайта құйылмас үшін егіншілер алдын тоғандап, суын жинап толтырады да, арнайы қазылған арықтармен егістікке жібереді. Дарияның арнасынан асқан мұндай жайылма суландыру, зерттеуші Ә.Алтаевтың айтуынша, Шаян, Бөген аймақтарында *қызыл су* деп аталатын көрінеді.

Дариялардың жазғытұрымғы тасуы бар да, күзгі тасуы бар. Іленің күзгі тасуын *қарақұйрықтың тасуы* деп атаған. Бұлай деп

айту себебі — қамыс қатайып, басына шыққан үлпілдегі қарая бастайды.

Қыс кезінде немесе қыс аяғына таман өзен, дария суларының мұзы бұзыла бастаған шақта одан күзер салып өтетін болған. Күзер салып өтетін жерді күзергі деген. Ал жаз кезінде өзен-дариялардан, қамыстан, тал-теректен сал жасап өткен. Қыс аяғына таман өзен-дария, көлдердің мұзы жарықшақтанған жерінен мұз бетіне шығып, сондай-ақ жағалаудың маңайындағы қар үстіне жайылған су халық тілінде қызыл су деп аталған. Жердің ойыстау тұсында өзен-дариялардың арнасы кеңейіп, көлкіген көлдей болып, суы жайылып жатқан тұсы самар деп аталса керек. Бұл атау самараяқ деп аталатын ыдысты еске түсіреді. Самараяқ — «тостағанның үлкен түрі». Сонымен қатар самар сөзі «үлкен астау, науа» деген мағыналарды да білдіреді.

Сырдария этимологиясы. Қазақ жеріндегі ең ұзын өзен Сырдария этимологиясына қатысты деректер өте қызықты. Антик авторы Плиней: «Скифтер «Силис» деп атайтын «Яксарт» өзенін Александр мен оның әскері Танаид деп қабылдаған» десе, б.э.д. 3 ғасырдағы антик авторы Гай Юлий Солин: «Бұл аймақтың (екі өзен аралығы мен Бактрия жері) бір жағы Лаксат өзенімен шектеседі, Лаксат деп бактриялықтар айтады, ал скифтер оны «Силис» деп атайды. Димодамант, жауынгер Селевк және Антиохи (Александр Македонскийдің әскер басшылары) осы өзеннен кесіп өтіп, өздеріне Танаид өзенін ашқан», — дейді. Ежелгі антик авторлары жазбалары «Яксарт» деп Сырдария өзенінің орта ағысы бойының жергілікті тұрғындарының атағанын, ал Арал мен Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы скифтердің бұл өзенді «Силис» деп атағанын нақтылайды. Антик авторлары бойынша «Яксарт» атауы Сырдарияның бір бөлігі, яғни қазіргі Тәжікстанның Худжант қаласы мен Ташкенттің аралығындағы бөлігіне саяды.

Сырдарияның «Яксарт» атауына қатысты этимологиясын анықтаған ғалымның бірі — И. Маркварт. Ол: 8 ғасырдағы ежелгі түркі жазуларындағы «Йенчү — үгүз» — «Гаухар өзен», сол кезеңдегі қытай жазуларындағы «Чжен-чжу-хэ», «Таза гаухарлы өзен» деген атаулар ежелгі иран тілдік материалдардағы «Яксарт» атауының жергілікті аудармасы, қытай транскрибіндегі «*Ju-ša*», «*jok-šat*» сөздері «таза гаухар» деген мағына береді, — деп жазады. Ортағасырлық авторлар әл-Масуди (10 ғ.) жазбасында Сырдария — *Яхшарт*, әл-Бируниде (10-11 ғ.) — *Хашарт*, Бабырнамада — *Сейхун* атауларымен кездеседі. Дегенмен, ортағасырлық тарихи-географиялық әдебиеттерде Шығыс Аралдың топонимикасына қатысты деректер саны шектеулі, өзен бойындағы ірі қалалар атауы өзеннің белгілі бір бөліктеріне қатысты қолданылған. Мысалы, «*Шаш өзені*», «*Ходжент өзені*». Сырдария өзенінің Сейхун атауы да орта ғасырларға саяды. Бабыр жазуларында Сейхун өзені «*Ходжент сулары*» топтамасына

енгізілген. «Тарихи-Вассаф» жазбасына сүйенсек, нақты «Сыр» сөзінің қалыптасуы 8-14 ғасырларға саяды, Жошының ұлдары мен немерелерінің Жент қаласы маңындағы ордасы «Сыр орда» деп аталған.

И.Г. Маллицкий мен Д.Т. Таджиевтер «сыр» сөзінің этимологиясын Орта Азия халықтарының говорындағы «*сир об*» сөзімен байланыстыра отырып, мағынасын «*көп су*», «*мол су*» деп түсіндірген. Шетелдік ғалымдар Е. Лейман мен Ф. Росенберг Шығыс Түркістан сақ және соғды құжаттарынан «*širä*», «*šug*» сөздерін тауып, оның «*жақсы*», «*өте жақсы*», «*көп*», «*көбірек*» деген мағына беретіндігін оқыған. Квинт Курция Руф ортаазиялық сақтардың сиымдылығы үлкен ыдысты «*сир*» деп атағанын анықтаған.

«Сырдария» атауының этимологиясына қатысты зерттеулерді ғылыми ізге түсірудегі белгілі ғалым С. Кляшторный мынадай қорытындыға келген: 1) «*Яксарт*» атауы алғаш рет б.э.д. 4 ғасыр оқиғасын баяндайтын жазба деректерде кездесіп, Сырдария өзенінің жоғарғы және орта ағысы бойына қатысты қолданылған, «*Jy-ša – arta*» – «*таза гауһарлы өзен*» этимологиясының жойылуы, жергілікті иран тілінің бірте-бірте түркі тілі говорымен ассимиляциялануымен байланысты; 2) «Сыр» атауы – ежелгі сақ тіліндегі өзеннің төменгі ағысы бойына қатысты атауы. Екі мыңжылдықта бұл атау сақталып қана қойған жоқ, сонымен бірге 15-16 ғасырларда ортаазиялық екі өзен аралығын Арал өңірі көшпелі өзбек тайпаларының жаулап алуымен өзеннің барлық ағысына таралған. Яғни топонимикалық, ономастикалық жазба деректер «Сыр» атауының осы жерді мекендеген арғы түркілер тіліндегі көне атау екендігін де дәлелдейді.

Әгеб.: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 4-том. Қ – О. Алматы: 2017.

ДӘГІШ – өзен суының тасуы. *Қазір оның әулісін дәгіш алып, батыл болып кетті* (Қарақ.).

ДЕГДІР – салдың үстіңгі жағының ағашы (Жамб., Шу).

ДЕРЕ¹ – судың жоғарғы сағасы, көмей (Қ.орда., Сыр., Шиелі). *Арықтың дересін бекітіп, су жібермейді.*

ДЕРЕ² – Батыс Қазақстандағы аспалы немесе шығыр құдықтың қауға мен жүк орнатылған қанаттары бекітілген діңгек ағашының жергілікті жердегі атауы.

ДЕРЕ³ – құдық басына қойылған мал су ішетін астау, науаның жергілікті жердегі атауы (Қ.орда, Қарақұм).

ДЕРЕ⁴ – құдық басына қойылған мал су ішетін астаудың қыштан, тастан, ағаштан жасалған тұғырының жергілікті жердегі атауы.

ДЕРМЕ – астаудың астына тастан, топырақтан жасалған биіктік (Маңғ.).



Долы немесе тері қауға. РЭМ фотосуреттер қорынан

ДОЛЫ/ДОЛЫҚ — су тартатын үлкен мес қауға, шамамен сиымдылығы 15-тен 30 шелекке дейінгі су. Ешкі терісінен немесе түйе, өгіздің мойын терісінен тігеді. Д.-тың бітеу іреп сойған мал терісінен жасаған түрлері да түрлері бар. Қазақы ғұрыпта бітеу ыдыс молшылықтың белгісі болған.

Долымен құдық тазалағанда, аршығанда өлі балшығын шығарған, оны *дольлау* деп айтады.


ДҮМБІР — су құятын, су жинайтын ыдыстың түрі (Өзб., Ташк.). *Қар ерітін, дүмбірлергі толтырып қой!* (Маң.: Маңғ., Шевч.)

ДҮҢГІРЛЕК — Үстірттегі шыңыраулардың жергілікті жердегі атауы. Дүңгірлек негізінен Үстірт шыңырауларының түбінде жер асты суының мол қоры жиналу үшін кең етіп қазылған орны. Көлемі диаметрінің ең үлкені алты қанат киіз үйдей болған. Одан кең етіп қазса опырылып құлап кетуі мүмкін. Халық арасында дүңгірлек аталуының себебі, шыңырауды қазып болғасын, су көзіндегі тығынды алып шыққанда су шыңырау түбіне тамшылағанда дүңгірлеп даусы шыққан.

ДҮҢШЕЛЕК — сұйықтық құюға арналған үлкен көлемді ағаш ыдыс. Ол бірнеше ағаштан құрастырылып немесе бүтіндей ағаштан ойылып не-



Дүңшелек



Дүңшелекпен су тасу.
ҚР MOM қорынан



Дүңшелек макеті.
ҚазҰУ этнография музейі



Дүңшелек макеті.
БҚО. Орал. Пугачев музей үйі

месе бірнеше жонылған, кесілген ағаш бөліктен ағаш шеге арқылы кіріктіріліп жасалады. Ағашы берік тұруы үшін сырты тері немесе темірмен құрсауланады. Ернеуінің қарама-қарсы екі шетінен қайыс бау тағылады. Дүңшелекке құйылған судың салмағы ауыр болғандықтан ерте кезде аттың, түйенің үстіне көлденең салыған сырықтың екі басына екі Д.-ті іліп алып су тасыған. Себебі Д-ң сиымдылығы мол болғандықтан су тасуға түйе, ат көмегіне жүгінген. Сонымен қатар мұндай ыдысты су тасудан бөлек, ақ тағам түрлерін сақтауға да пайдаланған (қ. Шелек).

Әгеб: ҚРМOM материалдарынан.

ЕБЕЙ — шығырдың дөңгелегі тұратын ойық.

ЕНЕ ЖАП — үлкен арық, байырғы атауы хан жабы (Түрікм., Таш., Мары.).

ЕСПЕ/ЕСПЕ ҚҰДЫҚ — жаңбыр мен қар суларынан жиналған, жер асты грунт суына жетпейтін жер асты суы, 3-4 метр тереңдіктегі жер асты суы. Еспе суының мол көзін танитын адам үстінен құдық қаздарған. Маңғыстауды Еспе құдықтар сай, ойпаңдау жерден қазылған. Еспе аузының көтерілуі шыңыраулармен бірдей келеді. Аузына әйкел орнатылып, іші таспен шегенделеді. Түбі кең етіп қазылып, су жиналатын орны *қораба* деп аталады. Еспе (грунт) суы жер бетіне таяу орналасқан, бірінші су өткізбейтін қабаттың үстінде жатқан сулы қабаттағы жер асты суы. Оның қысымы жоқ, су деңгейі 1 жыл ішінде маусым сайын өзгеріп отырады. Жауын-шашын көбейсе көтеріледі, жер беті тілімденсе төмендейді. Еспе суы 3-30 м тереңдікте таралған. Қазақстанның

өзен жүйесі сирек өңірлерінде еспе суы мен терең қабат аралық жер асты суының үлкен маңызы бар. Халық еспе суын көне заманнан-ақ пайдаланып келеді. Аридтік аймақтарда негізінен құдық суын пайдаланады, яғни аридтік жерде құдық болса ғана мал шаруашылығымен шұғылдануға болады. Бірақ халық шаруашылығының суға деген қажетін еспе суы қамтамасыз ете алмайды.

ЕСПЕК — каналдағы судың аз кезінде жайылған суды жан-жағынан бөгеу арқылы ойлаған арыққа су шығару (Түрікм., Таш., Мары.).

ЕТЕНЕ — суды лықылдата қаптату (Шымк.: Сайр., Қызылқ.).
Мақта етене ғып суғарылады.

ЖАБАЙЫ ТАБИҒАТ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ — экскурсиялық қызмет арқылы табиғат пен табиғат нысандарын таныту, жабайы табиғаттағы құндылықтарды танымал ету. Термин АҚШ және Канада мемлекетінде қолданады. Отандық ғылымдағы синонимі табиғаттағы экскурсиялық қызмет. Табиғат туризмі, тарихи туризм нысанындағы сумен байланысты табиғат ескерткіштерін, өзен, көл, теңіз, сарқырамаларды қамтитын қорықтар, резерваттар, парктерді таныту.

ЖАБАЙЫ ТАБИҒАТ КУЛЬТІ — сакральдық кеңістік ретіндегі жабайы табиғат нысандарына деген құрмет, табыну, кие тұту, ұғыну, жабайы табиғатқа деген діни экологиялық, этикалық эстетикалық түсінік. Мысалы, тарихи дәуірлерден қасиетті, киелі деп танылып келген сарқырамалар, өзен, көл, бұлақ, қайнар суларының қасиетін тану, ұғыну.

ЖАЙБАР СУ — есік алдындағы мал ішуге ыңғайлы жадағай жердің суы (Қ.орда., Сыр., Арал.). *Жаз мал осы жайбар судан ішегі.*

ЖАЙҚЫН — су жайылған жер (Рес., Омбы).

ЖАЙСАҢ — малдың суаты ретінде пайдаланылатын жайылған су, айдын көл (Сем.: Ақс., Көкп., Шұб.).

ЖАЙУАТ — өткел, судың таяздау жері (Шымк.: Түлк., Сайр.).
Сайрам суында бірнеше жайуат бар.

ЖАНАМА АРЫҚ — егін ішіне су жіберетін кішкене арық (Шымк., Түлк., Қызылқ.). *Жанама арықтың суы егістік жерлерді жанамалап ағады.*

ЖАНДАРМА — жанама арықтан алынатын кішкене арық.

ЖАП — егін ішіне су жіберетін кішкене арық (Қ.орда).

ЖАРМА — үлкен арық (Шымк., Қ.орда).


ЖАП ЖАРУ — арық қазу (Түрікм., Небид.). *Бізгер есітеміз осы жерге Момин деген түрікмен юоса керек, жап жаруға кеген.*

ЖАРИЯ — су тасқыны (С. Аман., ВДИКЯ).

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ф. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005; Диалектологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.



Жас немесе құдықтың алғашқы білінген суы



Жел шығыр (желмен жұмыс істейтін суландыру қондырғысы), Перовск уезі, 1910 жыл, қазан

ЖАС — жаңа қазған құдықтың алғашқы ылғалы, алғаш біліне бастаған суы (Гур., Есб.). *Мына құдықтың жасы шықпай тұр екен.*

Әдеб: БҚО экспедициясы материалдары.

ЖАТАҚ — судың асты, судың орны (Гур., Маңғ.). *Шөп судың жатағына шықпайды, айналасына шығады.*

ЖАСТЫҚ АҒАШ — шығырдың арқалығын көтеріп тұратын көлденең ағаш (Ақт., Қ.орда).

ЖАУЛАУ — қолбақыр (Көкш.).

ЖАУЛЫ БАҚЫР — үлкен, *тімірген жасалған ожау* (Түркм.).

ЖАУЫЛША — қолбақыр (МХР).

ЖӘМБІ — қолға су құйғанда қойылатын ыдыс (Өзб.).

ЖЕБЕ — тосқауыл (Жамб., Мер.). *Тескен тоғанды қазғанда мына жерден су құлай берген соң, жебе салады.*

ЖЕЛКЕ СУ — егінге екінші рет берілетін су.

ЖЕРНАМАЗ — суға кеткен адам табылмаған жағдайда, өзен жағасында суға кеткен адам атына шығарылатын намаз.

ЖЕР СУЫ — егіндік жерге жыртпастан бұрын берілетін су.

ЖЕЛ ШЫҒЫР — желдің өті бар жерде, желдің күшімен қозғалысқа келетін, егістікке су көтеру үшін арыққа орнатылған шығыр түрі.

Әдеб.: МКЗ. Сыр-Дарьинская область. Перовский уезд. Главное управление землеустройства и земледелия Переселенческого управления. Ташкент: Типо-литография В.М. Ильина, 1912. 394 с.

ЖЕЛІ — егін даласындағы су жүретін ұсақ арықтар (Ақт., Ойыл).

ЖЫҚҚЫН — судың жығылып, бет алды кетуі, егіндікті басуы (Қарақ). *Кешегі күн де, бүгінгі күнде су жыққын болып тұр.*

ЖЫЛҒА — қар, жаңбыр суының немесе жер асты суының жер бетімен ой-шұңқырды қуалап сызашықтанып ағатын түрі. Жылға суы жылғаға қосылып, бұлаққа келіп құяды. Қайсыбір жылғалар біраз жерге аққан соң, суы аяқсып қалады. Жылғалар жазда тандыры тартылып, арнасы құрғайды. Көктемде, күзде жиналған жаңбыр суымен қайта жылғалана ағып жатады. Бұл жылға суының маусымдық сипатын байқатады.

ЗӘКТЕМЕ СУ — егіннің алғашқы суы (Шымк.: Қызылқ., Арыс, Қ.орда., Арал). *Егісіміз зәктеме судан өтті. Зәктеме суы берілісімен, егін көгеріп, бойлап өсе бастайды.*

ЗЕЙКЕШ — ащы суды ағызып жіберуге арналған арық (Түрікм., Таш.). *Осыларды зейкеш арқылы ағызбасақ, жері сірә құрғамайды* (Түрікм., Таш.).


ИЕРОФАНИЯ — ғылыми термин, қасиетті, киелі болып саналатын табиғи орта. Иерофания жабайы табиғат ортасында да танылады, оны вулкан, тау, сарқырама, өзен, көлдердің, тарихи дәуірлерден келе жатқан кәрі ағаштардың қасиеттілігін танудан, қабылдаудан да көрінеді.

ИІНАҒАШ/МОЙЫНАҒАШ/ӘКПІШ/ — екі ұшында шелек ілетін ілмегі бар, ағаштан жонып жасалған, иыққа қоюға ыңғайлап иілген, су тасу үшін шелек ілуге арналған ағаш құрал. Ұзындығы бір құлаштай болады. Екі шелекпен су тасығанда осы құралды қодану қолға салмақ түсірмейді. Ертеде оның екі басына қайыс бау байлап, ұшына темірден ілгек орнатқан. Иінағаштан өзен, көл, бұлақ бастарынан, құдықтан шелектеп су тасу үшін қолданылған. Су тасуға қолайлы және жеңіл тасу үшін мойынға, иыққа қойып тасудан бөлек, ат, есек, мойнына қойып тасыған. Жамбыл облысы, МХР қазақтары *иіқағаш//uikaғаш*; Шығыс Қазақстанда *әкпіш* деп айтады. Қазақстанның әр жерінде *күйенте, мойынағаш, ілгек, ілгіш, иықағаш* деп ату кездеседі. *Құрамыс* — иінағаштың қазақ жерінің батысындағы атауы (Гур., Бақс.). *Суды әкпішпен әкелеміз. Әкпішті әкелші, екі бақыр су әкелейін* (Сем., Абай, Шүб., Алм., Жам., Шығ. Қаз., Тарб.); *Жиренше судың ар жағында иықағашпен екі бақыр су көтеріп бара жатқан қызды көреді* (Жамб.: Мер., Луг., Шу; МХР); *Суға неге құрамыспен бармадың?* (Гур., Бақс.). *Ілгек* (Алм.), *мосы иінағаш, мойынағаш* (Омбы); *қарамосы* (Павлодар); *су ағаш* (Түркм.).


КАСА — су ортасынан пайда болатын кішкентай аралшық (Гур., Маңғ.).

КӘНДЕК — су сақтайтын әуіт, шұңқыр (Қарақ.).

КӘРІЗ (әзербайжан: *kəhriz*; ұйғыр: *كاريز*, *kariz*, кариз; араб: *قناة*, *qanāt*; парсы: *كاريز*, *kāreẓ*) — жер асты суларын бір орынға жинап, оны жер бетіне шығарып, егін шаруашылығына пайдалану үшін жер астынан көлбей қазылған бірнеше қуыс арна, жер асты суландыру каналы. *Кәріз* (Түрікм.: Ашх., Таш., Мары.) Кәріздің ұзындығы негізінен бірнеше км-ге дейін, ені 0,7 — 1 м, биік. 1,5 — 2 м болады. Кәріздер Орта Азия, Әзербайжан, Иран, Түркия



Кәріздің кесінді сызбасы



Кәріз іздері. Р. Сала, Ж-М. Деом картасы, түсірілімі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. Халықаралық «Георхеология» лабораториясы

елдерінде ауыз сумен қамтамасыз ету, егістікті суару үшін ерте кезден қолданылып келген. Ал, қазақ жерінде суландырудың қол еңбегіне сүйенген, қарапайым түрі кәріздер қазу ісі Әулиеата, Түркістан, Сауран, Нұраты елді мекендерінде дамыды. Ортағасырлық Сауран қаласы *кәріздер* арқылы суғарылған. Оны іздестіру кезінде археологтар (аэрофототүсірілім және көзбен жобалап қарау) аралары 5-12-15 м құдық орындарының іздерін Міртөбе қаласы маңынан анықтап, жер асты су галереясын тапқан. Кәріз жер астынан қазылған ор мағынасын беретін парсы сөзі. Кәріздер – жер асты суларын бір орынға жинап, шаруашылыққа пайдалану үшін суды сыртқа шығаратын көлбеу қазылған бірнеше қуыс арна, жүздеген құдықтардың жер асты орны арқылы жалғасатын сыртқы құрылысы шахмат бейнесін құрайтын суландыру жүйесі. Жазық жерге жетпейтін тау басындағы бұлақтың суын сарқу үшін сол арадан құдық қазады да, оған жиналған суларды жыра арқылы төменге түсіреді. Бұл әдісті көшпелі қазақтар ертеде пайдаланғанға ұқсайды. Өйткені осы сияқты су ағызу жүйелерінің сілімдерін Қаратау, Ұлытау сияқты таулардан әлі де көруге болады. Кәріз жүздеген құдықтардың жер асты орны арқылы жалғасатын сыртқы құрылысы шахмат бейнесін құрайтын суландыру жүйесі. Нұраты елді мекенінде жер қатты, су 10-12 аршын тереңдіктен шықса да, жергілікті халық суландырудың осы жүйесін тиімді санаған. Құдықтар бір-бірінен 10 аршын қышықтықта орналасты. 19 ғасырда Нұратыда 36 кәріз болған. Егер құдықтар жыл сайын ұқыпты тазаланып тұрса, кәріздерді жүз жылға дейін пайдалануға болады. Мыс., Сауран қаласы орнында 300-450 құдықтан тұратын кәріз орны сақталған. Кәріздер қалмақтармен соғыстан кейін бірте-бірте қолданыстан шыға бастаған. Ірі кәріздердер кәріз қаздырған адамның ұрпағына мұрагерлікке де өтіп отырған. Кәріз қазу өте қауіпті іс болған, жер асты топырақтары опырылып құлап, құдықшылардың көміліп қалуы, жер асты газдарынан уланып өлуі жағдайлары да жиі кездескен.

Түркіменстандық ғалым А. Джамамурадовтың зерттеуінше Бахарден өңіріндегі Конне Мурча кәрізінің бастауындағы жер асты құдықтарының тереңдігі 50-70 метрден басталып, жер бетіне жақыны 2-1,5 метрді қамтыған. Ұзындығы шамамен 3000 метрдей ұзындықты алып атқан бұл кәріз 120 жер асты құдығын біріктірген, әрқайсысының арақашықтығы 20-30 метр болған. Құдығының диаметрі 80-90 см., жерасты су жиналатын құдық галереясының биіктігі 1,30 м., ені 0,8 метр. Кейбір галереялар биіктігі 3-4 м., ені 2 м. болған. Галереяларды тас немесе ағашпен бекіткен. Бекіту үшін орнатылған тас қабаттың 1,20 м., ені 0,4-0,5 м., биіктігі 0,07 м-ге жеткен. Б кәріз жүйесін қазуға 20-30 жыл уақыт кеткен, кәрізді ұжым болып қазған. Тек Түрікменстан жерінде 200 кәріз болған. Олар да қазіргі таңда қолданыстан шығып, іздері қалған. «Бабырнама» жылнамасында Газни

қаласына қарасты бес аймақтың кәріз жүйесімен суарылатыны жазылған.

Әгеб.: Арангаренко Г. К вопросу о каризах // Туркестанские ведомости. 1874. №29. 113 б.; Sala R., Deom J.- M. The «Karez» of the sauran region (Turkestan oasis) / Материалы международной научно-практической конференции «III Аргынбаевские чтения. Современная этнографическая наука и ее роль в модернизации общественного сознания» 13-14 апреля 2018 г. Алматы: Қазақ университеті, 2018. С. 307-314; Поляков С.П. Историческая этнография Средней Азии и Казахстана. М.: Издательство Московского университета, 1980. 168 с.

КЕБІР¹ — жаңбыр жауған кезде батпаққа немесе түбі таяз көлге айналатын сор тілімдері бар жайпақ, сазды, шөлді жазық.

КЕБІР² — бұрын су болған жердегі, су кеткен соң құрғап, кеуіп қалған жер телімі.

КЕРГІШ — шығырдың су алатын ыдысының тұратын жері (МХР). *Су алатын ыдыс шығырдың әрбір кергішіне орналастырылады.*

КЕУЕК¹ — жер асты суының жолдары.

КЕУЕК² — құдық түбіндегі балшықтың құлауынан пайда болатын қуыс.

КЕШПЕЛІ — судың таяз жері, өткел (Жамб., Қорд.). *Осы судың кешпелі жері бар шығар.*

КИЕ — судың қасиеттілігін, киелілігін танудан туындайын, судың иесі немесе қасиетінің иесі болып саналатын тылсым күш. Сыр халықтарының сенімінде Сырдария, Арал сияқты табиғи су көздерінің қасиетіне сенумен байланысты наным, су әлеміндегі тылсым күшті тану қалыптасқан. Жергілікті халық Сырдың *киесі* ұрады, Аралдың *киесі* ұрады, — деп суды лаптамауға тырысады. Белгілі жазушы Әбдіжәміл Нүрпейісовтың «Сел» атты романында: «— Туған жеріңе істеп отырған мына қиянатыңды елің де, жерің де кешпейді. Құдай деген соқыр шал бар болса... табиғатта не кие бар деген рас болса... сен кәрі Аралдың киесіне ұшырарсың-ау», — деген жолдар бар. Кие адамға тек сол адамның әрекетіне қарай әрекет етеді, яғни сен тиіскен жағдайда ғана саған есеңді қайтарады. Судың киесіне сену табиғат күштеріне сенімнің адам санасына берік ұялағанын көрсетеді.

Әгеб.: «Сыр өңірі қазақтары» далалық этнографиялық экспедиция материалдары. 2012 ж.

КИЕЛІ, ҚАСИЕТТІ ЖЕР-СУ — адамзат балысна қасиеттілікті танудағы тылсым күштері бар ерекше аймақ, яғни халық арасында аңыз тараған, жоғары тылсымдық күшке ие, емдік қасиеті бар, өзіңмен алып кете алатын өсімдік, су, минералдары бар жерлер, сияну, дұға оқу, табыну арқылы адамның жоғары әлеммен байланыс орната алатын жерлері. Бұл жерлерді лаптауға, таптауға тийым салынады.

Әгеб.: Қасиетті Қазақстан: Астана қ., Алматы қ., Ақмола облысы, Алматы облысы. 1 том. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Арыс баспасы, 2017. — 480 б.



Егіндікөл бұлағының көздері


КӨЗ — судың қайнар бастауы, «бұлақ», «тұма», «жұла» сөздерінің синонимі. Көздің үлкенін бота көз деп атаған. Көзден шыққан салқын, дәмді, таза, тұнық болады. Қыста қатпайды.

Әгеб.: БҚО экспедициясы материалдарынан.

КӨЗЕ — су таситын ағаш шелектің жергілікті жердегі атауы (Жамб., Шу; Қарақ.).

КӨЗДІ/КӨЗІҚАРАҚТЫ — тұщысудың қай жерден шығатынын білетін, жерасты су көзін тани білетін, халықтық тәжірибеден қалыптасқан білімі бар адам. Қазақ халқының ғасырлардан ғасырларға жалғасқан «халықтық білімдер жүйесінде» жердің қойнауындағы құбылысты тани алатын «қасиетке» ие адамдар әрбір аймақта болған. «Көзі қарақтылар» басқа адамдарға көрінбейтін, жер астынан шығып жатқан бұды да көре алған. Ертеде Байболат деген Сыр қазағының судың көзін танитын қасиеті болған екен, қырға көшіп бара жатқан жолда (Сыр қазақтары Арқа жақты қыр деген) жер көзінен шығып тұрған бұды көрген. Сол жерден құдық қаздырып, суы мол құдық, жүргіншілер тоқтайтын Байболат құдығы, Байболат суатына айналған. Аты белгілі табын Бұқарбай батыр атын қалдырам деп Байболат құдығы айналасынан бернеше рет құдық қаздырғанымен су шықпапты деседі. Қырдағы Шақшақ қазған деген құдықтың иесінің де көзі қарақты болған екен. Судың көзін танудың бір әдісі атты адамдар шауып өткесін, басына тымақ киіп, жер бауырлап жатып, жерге құлағын тосып тыңдағанда, жер дүңкілдесе, су жерде судың көзі барын білдіретін болған. Бұл әдіс негізінен су тереңнен шығатын Үстірт, Маңғыстауда қолданылған. Тағы бір әдісінде сүйменді лақтырып, соның ұшы қадалған жерді қазады екен. Ал, таяз құдықтарды ақбас шөп, қияқ қамыс, ши, алабұта өскен жерден қазады, ол жерлерде су жер бетіне жақын,

ТҰЩЫ СУ ШЫҒАТЫН ЖЕРДЕ ӨСЕТІН ӨСІМДІКТЕР



Алабұта
(Chenopodium)



Ақбас шөп
(Karelinia)



Қияқ/ қарақияқ (Elymus)



Ши (Achnatherum)

әрі суы тұщы болады. Түрікмен құдықшылары құм шиді түбінен суырып алып, тамырын бұрап, сындырып көреді. Сосын сол жерде су барын нақтылау үшін алақынына құмды салып құлағының түбіне апарып ысқалайды. Ши түбімен қатар құм да жерасты су көзінен хабар береді. Бұл хабарды тек көзі қарақты құдықшы ғана тани алған.

Судың көзін танудың әдісін меңгергендер атты адамдар шауып өткесін, басына тымақ киіп, жер бауырлап жатып, жерге құлағын тосып тыңдағанда, жер дүңкілдесе, су жерде судың көзі барын білдіретін болған. Бұл әдіс негізінен су тереңнен шығатын Үстірт, Маңғыстауда қолданылған. Тағы бір әдісінде сүйменді лақтырып, соның ұшы қадалған жерді қазады екен. Ал, таяз құдықтарды ақбас шөп, қияқ қамыс, ши, алабұта өскен жерден қазады, бірақ олардың барлығының астында бірдей тұщы су бола бермейді, қайсысының астында барын «көзді» құдықшылар таныған. (АЭМ).

Герадот жазбаларында және б.э.д. III мыңжылдықтағы Қытай жазба деректерінде ертеде парсы, скиф және үнділер, шамамен 7-8 мыңжылдық бұрын жерасты суларының көзін табуда, құдық қазғанда жүзім шыбығын қолданғандығы туралы айтылады. Шетел тарихнамасында жер асты су көздері, жасырын қазыналары бар «Ерекше» жерлерді іздеушілердің де, соны тани алатын «ерекше» қасиеті болған. Олар өздерінің іс-тәжірибесінде ағаш шыбықтарын жиі қолданғандығы туралы деректер бар. Шетел ғылымында бұл «лозоходства (*гаузинг* – ағылшын тілінен аударғанда ұзын, жіңішке шыбық деген мағына береді) не-

месе *биолокация* (жер астындағы жасырын нысандарды тану қабілеті)» деп аталады. Батыс Еуропа әдебиеттерінде «даузинг» қабілетін игеру арқылы «қазыналы жерлерді» тану, табу тәжірибесі туралы жазбалар 15 ғасырдан бастап кездеседі. Қазіргі заманғы *«геоманттардың»* далалық зерттеулері ертеден сакральды статусқа ие жерлердің, жол торабтарының түйіскен жерлерінде, жерасты суларының көздері болған жерлерде орналасқанын дәлелдейді.

Әгеб.: Гипотеза и теория Гея <http://blog.artnn.ru/2006/06/24/teoriya-gauya-gaia-theory/> (Қаралған күні: 10.05.2018); Авторлық далалық экспедициялық материалдардан.

КӨЗ ШАҢЫРАҚ – шығырдың шелек байлайтын шеңбері (Гур., Маңғ.).

КӨЛ¹ – өзен сулары құятын, айдыңды, ақпайтын су. Шығыста *Жайсаң көл* (қазіргіше *Зайсан*), *Марқакөл*, *Жетісудың шығыс бұрышында Алакөл*, Терістікте *Сілеті*, *Қоскөл* тәрізді көлдердің ені мен ұзындығы ондаған шақырымды алып жатады. Халықтың бұларды көлге жатқызған түсінігі ғылыми географиялық ұғымға сәйкес деуге болады. Көлдің бұлардан басқа *Қызыл көл*, *Шалқар*, *Қосшалқар*, *Ақкөл* тәрізді үлкенді-кішілі түрлері жекелеген аймақтарда ұшырасып отырады. *Алакөл* деп бір жағы тұщы, бір жағы тұзды көлді, яғни суы әртүрлі көлді айтса керек.

Ресми географияда *Балқаш көлі* деп аталғанмен, халық өз түсінігі бойынша оны *теңіз* дейді. Балқашты көл демей теңіз деуі, бір жағынан оның көлеміне (ұзындығы 400 шақырымға таяу, ені 80 шақырым. Ұзындығы жағынан Арал теңізімен бара-бар), түбек, шығанақтары, аралдары болғандықтан, Іле сияқты дария құятындықтан болса керек.

Көл ұғымымен байланысты халықтық жағрапияда *ақкөл* деген термин бар. Ақ көл деп көлдің бір жағынан келіп құйған өзен сол көлдің екінші жағынан шығып, әрі қарай аға беретін суды айтады. Мысалы, Асы өзені бір шетінен көлге құяды да екінші шетінен әрі қарай ағып кете береді. Көлдің бұндай түрлері *ақкөл* деп аталады. Жамбыл облысындағы *Ақкөл* селосы осы көлдің атымен аталған. Торғай жеріндегі *Жыланшық* өзені де көлге құйып, екінші жағынан, әрі қарай аққан болу керек. Сондықтан бұл су *ақкөл* аталса керек. Сөйтіп, гидроним елді мекен атауына негіз болған. Ертіс өзені *Жайсаң* (қазіргіше *Зайсан*) көлінің шығыс жақ жағалауынан құяды да, батыс жақ жағалауынан шығып, әрі қарай аға береді. Сөйтіп, *Жайсаң* көлге дейінгі бөлігі *Қара Ертіс*, көлден ағып шыққандықтан екінші бөлігі *Ақ Ертіс* атанған. Бұндағы *ақ* түр-түс атауы емес, *ақ*, *ағып* шығу семантикасын білдіреді. Ал *қара* сөзі де түр-түсті емес, «үлкен, ұлы» деген семантиканы аңғартады. Бұл – халықтың жер-су жөніндегі ерекше танымы.

Көл атауларының ішкі мазмұнында болатын этно-мәдени, тілдік ақпараттардың өз жүйесі бар. Арасы қашық емес, қатар

жатқан көлді *Қоскөл*, қатар жатқан, ал көлемі шамалас көлді *Қоржынкөл*, бірінің көлемі үлкен, екіншісінің көлемі шағындау, қар, жаңбыр суы көбейгенде, қарғын сумен шарасынан асып шағындау көлге қарай суы жайылып құятын көлді *Телікөл* деп атайды. Бұл атау енесіне телінген қозыны еске түсіреді. Халық тілінде кейбір көлдер *теңіз* деп те аталған. Қостанай жеріндегі Обаған алабындағы көл, Ақмоланың Қорғалжын, Ертіс алабындағы көл *Теңіз* деп аталған. *Теңіз* сөзі әдеттегі жағрапиялық ұғымнан басқаша мағынада жұмсалған.

Аталмыш көлдердің теңіз деп аталуының өзіндік уәжі бар. Көптеген көлдердің суы жаз ортасы ауа азайып, тартыла бастайды. Ал бұл алаптағы көлдердің суы соншалықты тартылмайтынға ұқсайды. Әсіресе жазғытұрым сәуір-мамыр айларында жиналған қар, жаңбыр, сондай-ақ бұлақ, өзен суымен шарасы орта түспей, толып, молая түседі. Жазғытұрымғы суы телегей-теңізге айналады. Көлдің шарасынан асып, «төгіліп» жатқан табиғаттағы осы көрінісі перцептивті қабылдауда көлдің «теңіз» деп аталуына түрткіжайт (фактор) болса керек. Теңіз — халық түсінігінде «таусылмайтын молшылықтың» эталоны.

Қазақ жерінің көптеген аймақтарында шағын көлдер көп болады. Бұлар суының тұщылығы мен ащылығына байланысты *тұщы көлдер*, *ащы көлдер* деп бөлінеді.

Тұщы көлдер. Қазақ жерлерінің әр аймағында кездесетін үлкенді-кішілі тұщы көлдердің саны едәуір. Кейбір тұщы көлдердің тұщы бұлақтар су құятын жағалаулары тұщырақ болып келеді. Тұщы су деп халық тілінде, әдетте ауыз суға жарамды суды айтқан. *Тұщыкөл*, *Жақсыкөл* деген гидронимдер судың тұщылық сапасына қарай айтылған.

Ащы көлдер. Қазақ жерлерінің кейбір аймақтарында ас тұзы алынатын кейбір көлдермен қатар ащы көлдер де кездеседі. Ащы көлдің суын тұрғын халық тұзды көлдің суынан ажырата қараған. Ащы көлдің суында сілті басым болады. Сондықтан көл жағалауының суы көбіне көбіктеніп жатады. Суы жуған кірді жақсы ашады дейді. Бұндай көлдерді *Ащыкөл*, *Сабындыкөл*, *Сабындысай* (Баянауыл өңірінде); *Сабынды* (Қорғалжын алабында) деп атайды.

Ащыкөл, Тұщыкөлдің арасы бір,
Басыңда кәмшат бөрік жарасып жүр.

Дударай, келем десең, тезірек кел,
Орныға қазақ орыс таласып жүр, —

деген Мәриям Жагорқызының (1887—1959) жұрт сүйсініп тыңдайтын атақты «Дударай» әнінің өлеңіндегі *ащы көл*, *тұщы көл* дейтін көлдер осы.

Қопалы көлдер. Қопалы көлдердің айналасы, маңайы шабындықты болады. Шөбін шауып, малдың қыстық азығын әзірлейді. Қопалы көлдер қазақ жерінің әр аймағында бар.

Қопалы көлдердің ең үлкені *Қорғалжың* (Ақмола облысы), *Сарықона* (Торғай өлкесінде), *Кіндікті* (Қостанай жерінде), *Тәуін* (Ақтөбе, Бірғыз аймағында) т.б. Жағасы қалың қоға, қамысты болып келген қопалы көлдердің қайсыбірі сазды, батпақты болып, оған түскен сиыр, жылқы малын тартып кететін миы болады. Ондайда ауыл адамдары миға түскен малды құтқару үшін көлемді киіз туырлықты миға төсеп, соның үстімен милап қалған малдың қолтығынан арқанды өткізіп байлап, бір ұшынан жағада тұрғандар тартып шығаруға күш салады (қ. Милауыт). Бұндай көлді халық тілінде миль көл, ал саз батпақты милауыт дейді. Көлемі шағын, көктемгі еріген қар суынан, жаңбыр суынан жиналған көлдер болады. Бұндай көлдер жаз ортасы ауа құрғап, кеуіп кетеді де түбіне *шалу* шығады. Әсіресе басында дәні бар, жылқы сүйсініп жейтін *бидайық*, *шымалтыр* қалың болып шығады. Шалу, бидайық жылқыға аса жұғымды серне болып, тез семіреді. Сондықтан малшы қауым бидайықты, М.О. Әуезовтің сөзімен айтқанда, шалулы жерлерді жылқының «ата қонысы» деп бағалайды.

Сор көлдер. Қазақ жерінің біраз аймақтарында, әсіресе Арқаның түстік етегінде, Бөкей Ордасы жерінде, Атыраудың еңку-еңістігінде жиі ұшырасады. Сор көлдің суы жазғытұрымғы қар, жаңбыр суынан жиналады. Топырағы тұзды болғандықтан, суы ащы болады. Жазға таман құрғап, беті кебірсіп, аппақ сор болып біраз шақырым жерді алып жатады. Жер жағдайын білмей төтелей тартпақ болған жолаушы аты немесе ат-арбасымен сорға түсіп кетеді. Ертеректе қазақ даласына экспедицияға шыққандар казак-орыстар, орыстар қазақтардан жолбасшы алатыны да сондықтан. Ондай жолбасшы сорға түспес үшін көкпекті жермен жүріп, тасыған өзеннің өткел беретін тұсынан аман-есен өтетін болған (қ. Көкпек).

Көл құрғаса, сор болар, сор құрғаса, не болар? дейді халық мақалы. Экологиялық жағдайға байланысты айтылған бұл мақал «құрғаған сор желдің айдауымен талай жерге тарап, топырақты жарамсыз етеді» деген қауіпті аңғартады.

Тұзды көлдер. Қазақ жері тұзды көлге бай. Аралдың тұзы, Балқаштың тұзы ежелден елге мәлім болған. Бұлардан басқа тұзды көлдің ең ірілеріне *Денгер* (Оралда), *Орқаш* (Торғайда), *Жеменей* (Қостанайда), *Кереку*, *Қалқаман* (Павлодарда), *Жамантұз*, *Жақсытұз* (Ақмолада), *Қарабас* (Семейде) т.б. жатады. Бұндай көлдерден кәдімгі ас тұзы өндіріледі.

Әгеб.: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық энциклопедия. 4 том. ҚРМОМ. — Алматы, 2017.

КӨЛ² — ойпаң жерге жиналған жаңбыр суы (Гур., Маңғ.).


КӨЛДЕУЛІК — су жиналған шалшықты ойпаң жер (Гур., Маңғ.). *Жауын мол жылы малышыларымыз суды көлдеуліктен ішегі.*

КӨЛДІК – су жиналған ойпаң жер (Гур., Маңғ.).Көлдік жердің екі жағы қобыл, ортасы тоғайлық болып келеді.

КӨЛІК ШЫҒЫРЫ – түйе, өгіз, ат көмегімен қозғалысқа келтірілетін шығыр, жегілген түлік түріне қарай «түйе шығыр», «өгіз шығыр», «ат шығыр» деген атаулар қалыптасты.



Ат шығыр (шығырды ат көмегімен қозғалысқа келтіру). XIX ғ. аяғы.
Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбалар мұрағатынан



Түйе шығыр (шығырды түйе көмегімен қозғалысқа келтіру).
Сырдарияның сол жақ беті. XIX ғ. аяғы.
М. Дьяков түсірген

Шығыр айналдыру ауыр, әрі орасан зор күшті қажет еткендіктен, үй жануарының көмегіне жүгінген. Себебі, шығырдың құрылымы күрделі болған, әрі оны қол күшімен қозғалысқа келтіру мүмкін болмаған. Оның үстіне шығыр шелектерін арық, өзен суының ағысына қарсы айналдырып, су толтырған. Шығыр механизмі, құрылымының өзі ауыр қозғалысқа келсе, шелектерге су толған соң салмағы мүлдем ауыр тартқан. Сондықтан жануардың күшімен қозғалысқа келтірілген, мұндай жұмысқа бас білдірілген, көніккен, жуас малдың күшін пайдаланған.

Әгеб.: Дингельштегт Н. Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область. СПб.: Типография Министерства путей сообщения Высочайше утвержденного товарищества И.Н. Кушнерева и К°, 1893. Ч. 1. 311 с.; Ч. 2. СПб., 1895. 312-513 с. + 5 вкл карта.

КӨЛШІМЕК — аздаған суы болатын төңірегі шалшықты ойпаң жер (Жезқ., Орал).

КҮДЕР СУ — терең қазылған, суы мол шыңырау құдықтардың балама аты.

КҮДЕРІ СУ — ағыл-тегіл таусылмайтын мол су.

КҮП — сайдың тұйық, ояң жерлеріне иірілген су (Гур., Маңғ.). *Долапаның ойындағы күптен атымызды гүзгіріп өттік.* Маңғыстаудағы Оңайкүп, Үкікүп, Тесіккүп, Шайтанкүп т.б. жерлер иірілген сумен байланысты.

КІШІ ЖАП — кішкене арық (Қост.).

ҚАБАДАН ҚАЙЫҚ — қабаданды суға салып, балық аулауға салатын қайық (Гур., Есб.; Қ.орда, Арал). Қабадан қайық көбінесе қара суда, көлдерде қолданылады (Қ.орда, Арал).

Әгеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құраст. Ғ. Қалиев, О.Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. 824 бет.

ҚАЗИМЕК / ҚАЗИНЕК — шығырдың кегейіне айнала бекітілген имек тал (Қост.).


ҚАЗЫНА АРЫҚ — бас арық, үлкен арық (Қ.орда).

ҚАЗЫНДЫ — құмды жерлерде қыста жауған қар бір шұқырға жентектеліп жиналып, үсті топырақпен қалың етіп көміледі де, жазда тұщы су содан алынады.

ҚАЗЫНДЫ СУ — ерте дәуірлерде жерге сіңіп, су өткізбейтін қабаттар үстінде сақталып қалған жер асты суы. Табиғи қоры аз, сапасы әр өңірде әртүрлі болып келеді, көбінесе пайдалануға жарамсыз су түрі.

ҚАЙЫҚ — ескекпен, желкенмен қозғалысқа келетін, балық аулауға, су жолдарымен жүк тасуға, адам тасуға, суда жүзуге арналған су көлігінің кең қолданыстағы түрі. Қайық адамзат баласына ерте заманнан белгілі. Қайықтың көне түрі Голландиядағы Пессе (Дренте аймағы) археологиялық жұмыстар барысында табылған. Оның ұзындығы 3 м., мезолит дәуіріне

саятындығы, моноокси қайық екені анықталған. Неолит және қола дәуірлерінде үлкен теңіздер мен мұхит жағалауларын мекеңдеген халықтар күнделікті тұрмыста су жануарларының терілерімен қапталған ағаш немесе сүйек қаңқалы қайықтарды пайдаланған. Қазіргі кезде қайық көбіне спорттық және кәсіптік шаруашылық мақсаттарға пайдаланылады. Қайықтардың жасалуы мен аталуы көлеміне байланысты әр түрлі болады. Атаулары әр түрлі болғанымен атқаратын қызметі бір.



Қайықты түйемен тасу. 1907 ж.
Ауыл шаруашылығы статистары түсірген



Қайық. Қ.орда экспедициясы материалдарынан

Атырау облысының кейбір аудандарында, Қостанай, Маңғыстау облысы, Ресейдің Волга қаласында балық аулауға шыққанда, желді күні су толқынынан қорғайтын желкенді бөз матаның қолдануына орай *ау қайық* деген. Арал теңізінде де желкенді қайық кең қолданыста болғандығын фотодеректер мен сызба суреттер айғақтайды. Тілдік аймақтық ерекшеліктер қайық түрлерінің атауларынан да көрініс тапқан. Қызылорда облысының Арал ауданында балық аулауға, көбінесе жағалауда, қара суда, өзен сағасында, көлдерде қабадан ау құрғанда қолданатынын — *қабадан қайық*; Атырау облысында — *қолас*

қайық, астау қайық, желкем қайық; үлкен қайықты — кеме, реуішке; желкенсіз, кішкене қайықты — пошалка; балық таситынын — ыдыс қайық; жәй серуенге шығатынын — мәдени қайық; деп атау қалыптасқан. Түркіменстан қазақтары тілінде бір кісілікті — жекперді қайық, түбі жалпақ үлкен қайықты — кіржім, желкенді қайықтың үлкен түрін — ұшан дейді. Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданында суға құрмақ салуға шығатын кішкене жеңіл түрін құрмау қайық, суға сүзгі салатын үлкен түрін сүзгі қайық, жүк таситын үлкенін қарбыз қайық деп атайды. Қарақалпақстан қазақтары ауыр салмақты жүк тасу үшін байланыстырылып, қосақталып жасалған екі қайықты қосқайық десе, Сыр өңірі қазақтары «түйе қайық» деп атайды.

Қайықтардың негізгі құрылымы Қазақстанның барлық аймақтарында бірдей болып келген. Жоғарыда аталған дәстүрлі қайықтардың барлық түрі терек пен қаратайдан жасалатын болған. Себебі қайық көп жылдық көлік болып табылады. Қайық жасау барысында ағаштарды кемінде 10-15 жылдай әбден кептіріп, көлеңкеде сақтаған. Қайықтың ескектерін қолданыс кезінде ыңғайлы болу үшін, жеңіл, әрі тез есу үшін жеңіл ағаштан жонып ескек жасаған.

Қазақ жерінде су көліктерін көбінесе қарапайым түрде балық аулау үшін, жүк тасымалдау үшін, суда жүзетін құстарды аулау үшін пайдаланған. Амудария өзенінде сауда керуені жүктерін тасымалдауға кеңінен қолданған. Амудария өзенінде қолданысты болған кіші қайықтар 300-600 пұт, орташа қайықтар — 600-800 пұтты, үлкен қайықтар — 1000-1200 пұтқа дейін



Қайық түрлері. Орал қ. БҚО экспедициясы материалдарынан



Қайық. Арал балықшылар музейі

көтерген. Хорезмдегі дәстүрді ортаны арнайы зерттеген М.В. Сазонова жергілікті халық 3 тоннаға дейін жүк көтеретін кішілеу түрін *қайық*, ал 60-70 тоннаға дейін көтеретін үлкен қайықтарды кеме деп атағанын айтады. Қайықтың үлкен түрінің кеме деп аталуы қазақ жерінде Каспий жағалауы қазақтарының тілінде қолданылғанын жоғарыда айтып өттік.



Қайық, Арал балықшылар музейі



Қайық, Форт-Шевченко этнографиялық музейі

19 ғасырда Орта Азиямен Ресейді байланыстырып отырған керуен жолдарымен сауда қатынастары солтүстік және оңтүстік бағыттары арқылы жүзеге асып отырды. Солтүстік бағыттың екі тармағы болған. Бірінші бағытында сауда керуендері Үргеніштен Қазалыға, Бірғыз және Ор арқылы Орынборға қарай қозғалған, жолдың ұзақтығы 1400 км. құраған. Екіншісі, Қоңырат арқылы Үргенішке, Ембі өзенінен Орынборға дейінгі жол. Соның ішінде Қоңыратқа дейінгі 300 км. қашықтығын кеме арқылы жүзіп өткен, жалпы 1300 км. құраған. Жүк Үргеніштен және Шабатқа дейін кішкене қайықтармен, әрі қарай Қызыл Арбатқа (400 км) дейін керуенмен жеткізілді. Узун адаға (225 км) дейін темір жол бойымен тасылды. Узун ададан әрі қарай теңіз арқылы Волгадан Нижний Новгородқа дейін кемемен жеткізілді. Жүк тасымалының тағы бірі Үргеніштен Уазға дейін кеме тасымалымен, ал Красноводскіге дейін (545 км) түйеге теңделіп керуен арқылы жеткізіліп, одан әрі қарай теңіз арқылы Ресей орталығына тасымалданды. Ресей отарлауы басталған кезеңнен Ташкент қаласына дейін темір жол салынғанша жол қатынасы ретінде кемеңің маңызы зор болғандығын көруімізге болады.

Қыс мезгілдерінде теңіз, көл, бөген және өзендегі байланысты кеме қатынасы тоқтаған кезеңде аптасына бір рет өзен, көл жағасындағы жағыс жерге келіп, басқа қыстақтардан қосшыларды шақырып, кезекпен ас таратып, атап отырған.

Жалпы Амудария бойындағы халықтар жаңа қайықты, кемеңі суға жібергенде өгізді немесе сиырды құрбандыққа шалып, құран оқып, үлкен қазандарда палау пісірген. Ашық теңізге шығып, қиын жағдайға түскенде қайықшылар көбінесе Нұх пайғамбарды еске алып, садақа беруге ниет білдіреді. Ел арасында осы уақытқа дейін Нұх пайғамбардың Қазығұрт тауының басына тоқтаған кемесі туралы аңыз сақталған. Қазақта Нұх пайғамбардың кемесі деп ислам дінінде аса жоғары құрметтелетін пайғамбарлардың бірі Нұх пайғамбар Алладан дінсіздерге қандай шара жасалатыны туралы медет сұрағанда, Алла тағаланың дінге сенетіндер мен дүниедегі тіршілік иелерінен, 18 мың ғаламнан бір-бір жұптан (ұрғашы — еркек) алып, мінгізіп, жер бетін қаптаған топан судан аман алып қалуы үшін Нұх пайғамбарға жасап берген кемесін айтады. Бір аңыз бойынша Амбар-ананың ұлы Хубби Амудария өзенінде жоғалып кетеді. Ол су астындағы әлемнің басқарушысы Хубби Сұлтан болатын. Хубби Сұлтан өзен көлдегі су апаттарынан қайықтар мен кемелерді қорғаған және аман алып қалып отырған деген түсінік қалыптасқан. Сонымен қатар су тасқыны мен кеме апатына ұшырататын зұлым аранғылар бар деп түсінген Орта Азия халықтары. Аранғылардан қорғайтын, адамдардың аман қалуы үшін күресетін Хубби Сұлтан болды. Сол себепті де балықшылар Нұх Хазіретіне немесе Хазіреттің шәкірті Сұлтан Хуббиды еске алып, аман-есен үйлеріне келгенде әулиелерге бағыштап құран оқып, садақа таратқан.

Қазақ халқында қайықпен байланысты келесідей мақал-мәтелдер қалыптасты:

*Қайығына қарай ескегі,
Қойына қарай кескегі;
Кімнің қайығына мінсең,
Соның ескегін есерсің;
Кеме келгенде,
Қайық судан шығады;
Қайықтағының жаны бір;
Қайығы судан өткенше.*

Әгеб.: Терекбаева Ж. Қазақ халқының дәстүрлі су көлігінің тарихы (XVIII-XX ғғ.).//Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы – тарих, әлеуметтік ғылымдар сериясы. №2, 2018. 234-240 бб.; «АР05135126. Қазақстанның аридтік аймақтарында сумен қамтудың дәстүрлі әдістері: этнологиялық және геоархеологиялық тұрғыда қарастыру» атты іргелі жобаның аралық есебі. 2018, 34-37 бб.

ҚАЙЫР ҚҰМ¹ – құдық түбіне жиналған, құлаған құм. Қайыр құмды алатын күректің сабы қысқа болады. Қайыр құмды алған су көзі қайта ашылып, жаңадан су өнеді.

ҚАЙЫР ҚҰМ² – дария иіріміне жиналған құм.

ҚАМБА – суды малға кештіріп былғатпас үшін суды жырып әкеп мал суаруға арналған шұқыр жер (Гур., Маңғ.).

ҚАМ СУ – қайнамаған су (Шымк.).

ҚАНДЫ ҚҰДЫҚ – наным сенім бойынша құдық түбінде пері, айдаһар мекендеген, құдық тазалау түскен адамды шығармай қоятын немесе қауға салғанда су бермей қоятын құдық. Мұндай жағдайда, құрбандық шалып, құран оқытып, құдық суын аластап, түрлі ритуалдар жасаған.

Әгеб.: БҚО, Қ. орда экспедициясы материалдарынан.

ҚАҚ СУЛАР /ҚАҚ – еріген қардың, жауған жаңбырдың, құлаған тасқын суынан жылғаланып, ойпаңға жиналған су. Қақ судың түбі қатқыл, топырағы тығыз болады. Бұндай жердің суы тұщы болып келеді. Ал сортаңға іркілген қақ сулары бірте-бірте тартылып, балдырлы, батпақты көлшікке айналады, суы пайдалануға жарамсыз болады. Тереңдігі 1м-ден 2-3 м-ге дейін, кейде одан да үлкен болады. Қ-қа жиналған су кейде 1,5 – 2 айдай тұрады. Жазда кеуіп, жұқа тұзды қабат пайда болады. Орта Азияның шөлді бөлігінде қақ, қақ сулар көп кездеседі. Түзде үйір-үйірімен жосып жүрген құландардың суға бас қоятын, жусайтын үйреншікті қағы болады. *Өз қағын сағынған құландай* деген тұрақты теңеу осыны аңғартады. Өріс қуып, қаншама жерге ұзап кетсе де, құлан өз қағына келеді. Байырғы жырларда, жыраулар поэзиясында *батырдың, қақ пен құланның салыстырыла айтылатын тұстары* кездесіп отырады. Осындай сәттер атақты жырау Мұрат Мөңкеұлының сөз қолданысында айқын нақышталған:

Құланды қақтан қайырған,
Хандарды тақтан айырған.

ҚАПТАТА СУҒАРУ – суды мол жіберіп көлдете суару (Талд., Панф.).

ҚАПШАҒАЙ – судың қысылып өтетін, өзен арнасының ең тар жері (ҚХР).

ҚАРАҚЫР – суды тегіс ішу үшін жасалған атыздың шетіндегі қыр (Жамб., Мойын.).

ҚАРА СУ¹ – таулы өлкелер етегінен, сай, жылғалардан, қырат беткейлерінен шығып жататын жер асты су көзі. Жері батпақты, сазды, қара топырақты, суы мөлдір, таза болсада түсі қарақошқыл келеді, сол себепті «қара су» атанған. Қ.-дың суы дәмді, тұздылығы аз, ауыз суға жарамды. Таулы, қыратты жерлерде Қ. таралымы көбіне аумақты болғандықтан, кейде олар ені 2-3 км ге, ұз 10 км-ге жуық алқапты алып жатады. Үлкен аумақты алып жататын қарасулы алаңдардан кішігірім өзендер бастау алады. Халық *қара суларды* шағын сулар тобы бір түрі деп те атайды. Атаудың құрамындағы *қара* сөзі «жер» мағынасын білдіреді. Өйткені қара сулар жер астынан шығып жатады, ағысы қатты болмайды, тіпті ағып жатқаны анық байқала да бермейді. Қарасулар – жазық жердің суы, жағалауы қоғамысты, маңайы қияқ, құрақты болып келеді. Қара сулар таулы жердің сай-салаларында да кездеседі. Қара сулардың бойы үйрек-қаздардың т.б. су құстарының «атақонысы» деуге болады. Жазғытұрымғы кезде еріген қар, жауған жаңбыр суымен арнасынан асып жайылып жатады, бірақ тентек мінез көрсетпейді, жаз шыға арнасына түседі, ал су жайылған жерлердің құрағы, қияғы мол болып, шабындыққа айналады. Қазақ жерінде *Қарасу* деп аталатын елді мекен атаулары ондап саналады. Бұдан қарасулардың көптеп кездесетінін аңғаруға болады. Қара сулар жер-жерлерде *жар, өзек, тұма, қоға, қамыс* т.б. халықтық терминдермен *қара* сөзінің тіркесуінен жасалады. *Жарлыөзек, Қаратұма, Қарабұлақ* деген т.б. атаулармен аталады. *Сай* атауынан ескілікті кезде «өзен» мағынасында қолданылғаны «*сай сайға құяды, бай байға құяды*» деген мақалдың құрамында сақталып қалған. Қытайдағы (ҚХР-дағы) қазақтарда *сай, өзек* деп өзенді айтады. *Қарасай* деген гидроним *Қара су* деген мағынаны білдіреді.

Әгеб.: Воейков А. Туркестан его воды и орошение. Петроград, Типография т-ва Общественная польза, 1915. Б.11.

ҚАРА СУ² – жазда дала өзендерінің құрғап иірім суларға бөлініп қалатын иірімдері. Мұндай сулар өзен аңғарларының жер асты суы (грунт суы) өзен табанына жақын жерлерге тән. Оларға Орт. Қазақстанның негізгі ағысы көктемде өтетін кішігірім және орташа өзендері жатады.

ҚАРА СУ³ – егіске берілетін бірінші су (Қ.орда: Қарм., Сыр., Шиелі). *Қара суды берісімен, егіс қаулап өсе бастайды.*

Әгеб.: Воейков А. Туркестан его воды и орошение. Петроград, Типография т-ва Общественная польза, 1915. Б.11.

ҚАРАКӨЗ ҚҰДЫҚ – көзінде суы мол, тез өнетін құдық (Қ.орда).


ҚАРҚҰДЫҚ/ҚАРҚОЙМА/ҚАРСУ/ҚАРҮЙМЕ/ҚАРСУАТ – табиғи су көздері аз немесе алыс жерде, әрі қар қалың жауатын жерде орналасқан қыстауларда қар суын ауыз суға пайдалану мақсатында жинап қардан үйінді жасау. Қарды жинау үшін арнайы шарбақтан қоршау жасалған, қар суы ерігенде су болып ағатын кішкене жыра жасалып, жырадан аққан су арнайы қазылған шұңқырға жиналған. Қар суы еріп жерге сіңіп кетпес үшін астына кепкен ши, қамыс төсеген, айнала шимен қоршап, үстін тағы , ши, қамыспен жапқан. Шұңқыр жиналған суды таяз құдықтан су алу әдісімен аспалы шығыр орнатып, қауғамен тартып алып ауыз суға пайдаланған. Бұл уақытша қолданылатын құдықтың ролін атқарған.

Қар суын ауыз суға пайдаланар алдында кесек немесе қышты отқа қатты қыздырып су ішіне тастап жіберген, сонда су быж етіп қағы бөлініп шыққан. Ал, мал суару үшін қар суын жоғарыда айтқандай жыра жасап, сонда ағызған. Айырмашылығы жыра түйық арық немесе жер астау тәрізді болған.

Қар суы жиналған жер астау суаттың ролін атқарған. Жергілікті жерде мұны мұз *науа*, қар *науа*, жер *астау* деп те атаған. Жыра жер астау Қар суын бұлай жинап пайдалану Торғай, Орал, Ақтөбе өңірінің қарлы, құрғақ аймақтарында қолданыста болған. Кейін техниканың қолданысқа енуіне байланысты қолданыстан шығып қалған.




Қарқұдықтың жалпы көрінісі



Қарқудықтың көлденең кескіндемесі




Қарсуаттан мал суарудың жалпы көрінісі



Қасуаттың көлденең кескіндемесі

Әдеб.: Федорович Б.А. Лиг пустыни. Москва, 1951; Нестерев Я. Как можно бобывать воду в безводных степях. Устройство снежников. Киргизская степная газета. №45, 10 ноября, 1898; Неуструев С.С. О геологических и почвенных процессах на равнинах низовьев р.Сыр-Дарьи. Почвоведение. №2. 1911. С. 15-64.



Қауға. Р. Карутц сызбасы



Қауға. Шанықбағы түпнұсқа.
Терісі жаңғыртпа.
Маңғыстау тарихи-өлкетану музейі



Тері қауға. Түпнұсқа. Форт Шевченко
этнографиялық музейі



Қауға. Шанықбағы түпнұсқа. Терісі
жаңғыртпа. Үстірт қорығы музейі




Қауға. Шанықбағы түпнұсқа.
Терісі жаңғыртпа.
Үстірт қорығы музейі



Шанықбақ.
Шетпе тарихи өлкетану музейі



Теріден жасалған қолқауға. ҚРМОНМ фотоқұжаттар қорынан



Қол серіппе сызбасы

ҚАРЫҚ — кішкене арық (Қ.орда).

ҚАУ — сел, су тасқыны орып кеткен жер, су арнасы (Жамб., Қорд.).

ҚАУҒА/ҚОЛҚАУҒА — қазақтың құдықтан су тартып шығаруға арналған дәстүрлі ыдысы. Қ.-ны жылқы немесе түйенің көн терісінен шелекті дөңгелете тігіп, түптейді. Маңғыстау, Үстірт қазақтары қауғаның шанықбағы темірден жасалып, арқан жіпке шынжырлы темір арқылы жалғасады.

Сабын қауғаны салатын құдықтың таяз тереңдігіне қарай жасаған. Терең құдықтарға салынатын қауғаның сабы қыл арқан немесе шынжырдан жасалған. Таяз құдықтан су тартатын қауғалар *қолқауға* деп аталған. Қолқауғаның ірі малдың



Қолшығырмен су тарту. Сырдария ауданы. С.Сейфуллин атындағы ауыл (АЭМ)



а



ә

Қолшығыр түрлері: а) тері шелек орнатылған; ә) ағаш шелек орнатылған. ҚРМОМ қоры

бүтін сыдырылған бас терісінен жасалынған түрі болған. Ол үшін бас терісінің түгін ұстарамен қырып, бауыздау түбін тігіп, тұмсық жағын айналдыра кесіп, шеңбер ауыз жасайды, ішіне құм толтырып, шелек түріне келтіріп, алған соң кептіреді, әбден кеуіп, сіреу болған көнтері суға қанша салса да жібімеген. Тері қауғаның аузы жұмсақ кезінде ағаштан керілген.

Қазақ жерінің батысында, орталығында қауға ернеуін тобылғы немесе талмен шеңберлеген. Қолқауға 2-4 метр болатындай ағаш сырыққа байланған. Қолқауғаның ағаштан, темірден жасалған түрлері де бар.

Әдеб.: БҚО, Қ. орда экспедициясы материалдары; *Карутц Р.* Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Пер. с нем. Е.Петри. СПб.: Издание А.Ф.Девриева, 1911. С. 45.

ҚАШЫРТҚЫ — суағар сайлардың бойынан бөгет салып, ағыстың бөгет деңгейінен, биік жоғарғы жағынан тарам-тарам етіліп қазылған суағарлар. Бөгет толғанда, артылған су суағарлармен басқа жаққа ағып кетеді.

ҚОЛ СЕРІППЕ — егістік жерге су қоймасынан су көтеретін құрал. Құрылымы атпа сияқты. Су жиналған ойпат үстіне үш ағаш сырықтан жасалған мосыға ілінген серппе арқылы суды көлмен көтеріп, алқапқа төгеді.

Әдеб.: *Поляков С.П.* Историческая этнография Средней Азии и Казахстана. М.: Издательство Московского университета, 1980. 168 с.

ҚОЛШЫҚ — су жүретін кішкене арықша (Қарақ.; Шымк., Түрк.).

ҚОЛ ШЫҒЫР — тереңдігі 10 метрге дейін болатын құдықтардан суды оңай тартып шығару үшін

жасалған ағаш құрылғы. Ол үшін аша ағаштан баған орнатылып, аша үстіне уық тәрізді имек келетін ағаш белдеуінен байланады, имек қондығының бір басына ауыр темірден бастырық байланады. Екінші басына арқан тартылып, басына шелек байланады.

Қолшығырдың екінші түрі құдық басына екі бағанға көлбеу ағаш орнатылып, оған арқанға байланған қол шелекті ширатып байлайды. Шелекті суға түсіріп, бағанға орнатылған саптың көмегімен бұрап тартады.

Әгеб.: ҚРМОМ қоры материалдары; Қ. орда экспедициясы материалдары.

ҚОМСАЛУ — су бөгеу, арыққа су шығару (Шығ. Қаз.). Арыққа қом салып, су ағыздық.

ҚОМСУЛАР — жайылма, ағын сулар. өзеннің тасыған суынан ойпаңға, қобыға жиналып, көлге айналған су. Өзеннің ара-тұра тасыған суы көл жағасындағы қалың жынысты қамыс, қоғадан, қоғажайдан тазарып, сүзгіден өткендей болып шығады. Қомсулар ара-тұра өзеннің жел көтерген толқынымен келген судан «нәр» алып, суы жаңарып тұрады, сол себепті қарасу тобына жатпайды. Жазғытұрымғы, күзге салым өзеннің тасыған суы қомсуға құйылып, шарасын құрғатпайды. Жағалауы қамыс, қоға, қоғажай, қияқ, құрақ болып салқын сабатқа айналады.

*Қоғалы көлдер, қомсулар,
Қоныстар қонған өкінбес.
Арыстандай екі бұтын алшайтып,
Арғымақ мінген өкінбес, —*

деп Доспамбет жырау айтатын қомсу осы. Халық тілінде қомсу атауы қобысу, қобы деп те аталады. Қомсуды, түптеп келгенде, қобысудың дыбыстық өзгеріске түскен нұсқасы деуге болады.

Әгеб.: Маңғыстау, БҚО экспедициясы материалдарынан.



Құдық суын қолшығырмен қолмен тартып шығарудың түрікмендер және Түркіменстан қазақтары қолданған көне әдісі.


А. Джумамурадов фотосы

ҚОҢЫРДАҢ — жауын, қар суының ағыс бойындағы терең шүңейітке жиналған жері. Маңғыстау, Үстіртте Ақ қоңырдаң, Тасқоңырдаң деген жер-су аттары осымен байланысты.

ҚОРАБА — еспе құдықтардың түбіндегі су қоры мол жиналу үшін кең етіп қазылған орны.

ҚОС ҚҰДЫҚ¹ — су көздері бір-біріне жақын болса, қатар қазылған, басына су тартатын шығыр орнатылған екі шыңырау. Маңғыстауда Мәліш құдығы деп аталатын қос құдық осы күнге дейін сақталған. Қосқұдық бір бірінен алыс болмағасын су тарту ісін жеңілдету үшін екеуінің басына *қолшығыр* орнатылып, екеуіне бір көлік (түйе, жылқы, өгіз) жегілді. Ол үшін екі долық байланған көн арқанның ұштары көліктің беліне бекітіліп, көлікті екі құдық арасына жүргізіп отырған, сонда бір құдықтың түбіне жетіп, су толған долықты тартқанда, екінші долық өз құдығының түбіне түседі де, алма кезек су тартылып тұрады. Ал құдық басында тұрған адам долықтағы суды астауға төгіп, қайта тастап тұрады. Жеке шыңырауға жеке көлік керек болса, қосқұдыққа екеуіне ортақ бір көлік болады, яғни жұмысты ұйымдастырудың бұл түрі тиімді болған, бірақ қос шыңыраулар өте сирек кездескен.

Әгеб.: ҚРМОМ материалдарынан.



Қос құдық немесе Қос шыңырау сызба реконструкция. ҚРМОМ қоры

ҚОС ҚҰДЫҚ² — бір-біріне жақын қазылған суы таяздан шығатын екі құдық. Қос құдықты қатар қазып пайдалану, құдық басына мал отары бір мезетте жиналғанда мал суару жеңіл болу үшін немесе малды сумен тезірек қамтамасыз ету үшін қолданылады.

Әгеб.: БҚО экспедициясы материалдарынан.

ҚҰДАҚ — құдық басына шыққан әртүрлі шөп (Қост.).

ҚҰДЫҚ — байырғы, күрделі жер асты, гидротехникалық құрылыс ісі. Құдық қазу ісінің бағзы замандардан қалыптастан кәсіп екендігін археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған құдық іздері, археологиялық аэротүсірілімдер айғақ-

тайды. Қазақ жерінің оңтүстік өңірі, Сырдарияның орта ағысы бойындағы орта ғасырлық қалалар тіршілігінде жер асты су көздері арқылы жалғасқан бірнеше құдықтар жүйесі — кәріздердің болғаны, байырғы тайпалардың күрделі білімдер жүйесінен мәлімет береді. Қазақ даласындағы күрделі құдықтар жүйесі және оның ерекшелігі қазақ жеріне келген, саяхатшылар, зерттеушілер, әскери шенеуніктердің ерекше назарын аударған, олар топонимикалық карта жасағанда, елді мекендермен қатар, суаттар мен құдықтар аттарын енгізіп, олардың қала орталығынан қашықтығын көрсетіп отырған. Бұл еңбектердің тарихи география, тарихи топонимика үшін берері мол. Олардың қатарында Б. Залесский, А.П. Залесский, Маг-Гахан, С.П. Швецов, О.С. Вялов т.б. атауға болады. Қазіргі кезеңде археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде жер асты суларын құдық қазу арқылы пайдалану көне дәуірлерден қалыптасқандығы белгілі болып отыр. Қола дәуірінің орта кезеңіндегі қоныстарға жататын Батыс Қазақстандағы Тастыбұлақ, Солтүстік Қазақстандағы Шағалалы деген қоныстардан орташа диаметрі 95-100 см, тереңдігі 5 м болатын цилиндр тәріздес археологиялық құдықтардың орындары табылған. Б.э.д. 15-13 ғасырларына саятын Алакөл мәдениетінің кеңінен танымал қоныстары — Алексеевское, Перелески-2, Явленка-1, Петровка-1, Атасу-1 қоныстарынан шеті шыбықтармен өрілген немесе саз балшықтан бекітілген таяз құдықтар табылған. Археологиялық құдықтардың кейбір түрлері азық-түлікті салқын сақтайтын мұздатқыш-шұңқыр қойма ретінде қызмет еткен. Мұздатқыш ретіндегі құдықтар су көздеріне дейін, жердің ылғалды қабатын қоса алып қазылғанға ұқсайды. Оңтүстік және далалық қуаң өңірлерде қазақтар арасында құдықшылар мен сушылардың беделі жоғары болды. Құдықтар қыстау, көктеу-күздеу, жайлауда және көш, керуен жолдарында қазылды. Мал табынының мерзімдік жайылымын қамтамасыз ету мақсатында қазақтар жыл сайын өздерінің ата-бабалары қалыптастырған көш жолдары бойымен көшіп, қонысқа жеткенше белгілі құдық басына, өзен бойына тоқтап отырды. Көш және керуен жолындағы құдықтар көшпелілер мен керуеншілер жолын жалғастыратын, ел мен елдің арасын байланыстырып тұратын айрықша мәнді белгі, су бекеті ретінде қызмет еткен. Қызылқұм даласындағы көш жолдарының бойындағы Кемпір құдық, Жалынды құдық, Көлқұдық, Байшуақ, Шірік рабат құдығы, Онадым құдықтарының кездесуі көшпелілер жолын жалғастыратын, ел-елдің арасын байланыстыратын айрықша мәнді белгі ретінде сипатталады.

Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығындағы еңбек өте ауыр болған. Мал жаю, төлдету және оны өсіру, табынды сақтап, ауырған малды емдеу, табиғи су көздері жоқ шөл мен шөлейт өңірлерде құдық қазып, оны қалыпты жағдайда ұстау үшін қазақтардың көп күш жігер жұмсауына тура келді.

Қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығы табиғаттың дүлей құбылыстарына тәуелді болды. Шу қазақтары Жетіқоңыр жайлауына жету үшін Бетпақдала, ал Сыр қазақтары Торғай арқылы Қостанай жетіндегі жайлауларға жету үшін Арысқұм, Дариялықтақыр сияқты шөлдерді кесіп өтті. Сырдың төменгі ағысы бойындағы қазақтар Ырғыз, Ақтөбе жайлауларына көшер жолында Кемпірқұдық, Қызылдемар, Қияқты, Жалынды, Алтықұдық, Қаражүз, Тасқұдық сияқты құдықтардың үстінен өткен. Кіші Борсық, Үлкен Борсық құмдары, Мойынқұм, Қызылқұм, Қарақұм сияқты табиғи су көздерінен жырақ жерлерден құдық қазып, оны қалыпты жағдайда ұстауы, өздерінің тіршілік қамын қамтамасыз ету жүйесі және малды шөлден аман алып қалудың қамы еді. Әсіресе суы тапшы табиғи зоналарда құдықтардың маңыздылығы жоғары болды. Қазақ жерінде құдықтардың қазылған жеріне, судың көлеміне, су көзінің таяздан және тереңнен шығатына байланысты құдық қазудың да өзіндік әртүрлі әдіс-тәсілдері қалыптасты. Зерттеушілер еңбектеріндегі мәліметтерді зерделей отырып, пайдаланатын уақыт мерзіміне қарай құдықтардың ұзақ жылдар пайдаланатын тұрақты, терең емес етіп қазылып, керек болмаған кезде көміп кететін уақытша түрлерінің болғандығын көреміз.

Тұрақты құдықтардың 4-5 метрге дейін терең емес, таяз, 4-тен 10 метрге дейін орташа тереңдіктегі, 10 метрден асатын терең түрлері болды. Терең құдықтардың — *шыңырау, тас құдық, әйкел құдық, құрым құдық*; таяз құдықтардың — *шеген, орпа, орпалық, ілме құдық*; суы мол құдықтардың — *ақшелек, сүтті құдық* сияқты түрлері болды. Құдықтың қай түрі тереңі, таязы, тұщысы, ащысы болмасын барлығының суы *мөлгір, тұнық* болады. Қазақ халқының ерте замандардан бері келе жатқан гидротехникалық білімі «*құдықшылық*» деп аталған кәсіп түрін қалыптастырды. Далалық қуаң өңірлерде қазақтар арасында құдықшылар мен сушылардың беделі жоғары болды.

Қазақ халқының дүниетанымында құдық қасиетті ұғымдар қатарына жатады. Әулиелер басында орналасқан құдық суы қасиетті саналып, адам жанына шипа болады. С.Қондыбай: «Рухани орталық» («Төретам») дегеннің өзін түрлі тұрғыдан түсіндіруге болады. Төретам (рухани орталық) — реалды географиялық (топографиялық) нысан немесе координаттар тоғысы («тапжылмас, қозғалмас, жылжымас мүліктер»). Қасиетті, киелі деп есептелген немесе ежелгі арутамдар (святылище) орналасқан алқап, тау, орман, тоғай, өсіп тұрған жеке ағаш немесе топ ағаш, құдық, бұлақ, үңгір, әулиенің бейіті, әулиенің мүрдесі, мешіт немесе кез келген діни ғимарат, ғибадатхана, т.б. жатады. Осылардың барлығы да Ілкі Төрдің жергілікті күлдіктері (эманациялары) болып табылады. Бұларды әдетте «киелі кіндік» (сакральны́й центр), «энергетикалық кіндік» (энергетический центр) деп те атай береді», — деп *сакральды нысандарды* дөп та-

уып көрсеткен (1-кітап, 57-59 бб.). С. Қондыбай, бастау, бұлақ, тұма, қайнар, көз, дария және құдықты *Төретамдық* немесе *ежелгі Арутамдықнақты топографиялық символдар* түрінде таныған (4-кітап, 449 б.). *Төретам, Арутам* танымдарын қазіргі қазақстандық сакральтану ғылымында жаңа термин ретінде тануымызға болады. С. Қондыбай құдық суын «құдық көзі» деп қарастырған. Шын мәнінде де құдық қазғанда жер асты суы су көзінен шығады. Терең құдық қазушылар су көзін тапқан соң, оны шүберекпен тығындап қойған, *үгі* деп аталатын ойық жасап алған соң тығынды алып тастаған. Сол кезде су біртіндеп үгіні толтырған. Құдықты қазумен бірге жергілікті материалға орай таспен, дүзгенмен, еменмен, шегендеп отырған, су көзіне жеткенде су өтетін көз қалдырып отырған. Сондай-ақ, құдық шегендеуге қатты күйдірілген қышты да қолданған. Осыған орай *қышқұдық* деген атау кездеседі. Құдық қазуды игерген адам, шегендеуге де ұста болған (АЭМ).

Жерасты сулары С. Қондыбай танымында «нұрдың нәрі» деген теңеуге ие болған (1-кітап, 162-163, 326 бб.). Қайнар, қайнар көз, көз (бұлақ), тұма, бұлақ, жылға, өзен суларымен қатар «құдық» суы да нұрдан нәр алған. Бұларды «*тірі су*», «*жасарту суы*» деп те тануға болады. Нұрдан нәр алған құдық суы жерасты кіндігінің қасиеттеріне ие болады (1-кітап, 325 б.). «Тірі су» танымы «сакральтану» ғылымында «тірі жер» танымымен астасып жатыр. *Қасиетті жерлер* шын мәнінде табиғаттың ерекше сыйына ие. Қасиетті жерлерге адамдардың қатысуынсыз жасалған табиғаттың ерекше туындысы су, бұлағы, қайнары бар жерлер, табиғаты ерекше тау, тастар, жерлер де жатады. «Қасиетті жер» танымы «қасиетті/ерекше табиғат», яғни «табиғат ескерткіштерінен» де көрінеді. Тереңнен шығатын «құдық сулары», қасиеттілікпен немесе әулиелік культпен, су культімен астасып жатса, оны «қасиетті/ерекше табиғат ескерткіші» немесе «тірі ескерткіш» ретінде тануға болады.

Жер астында жасырын немесе жер бетінде бедері, іздері сақталған ашық және жерасты құндылықтары; су көздері, жер асты су галереялары; жер беті және жерасты кен ошақтары; жер рельефтерінің ерекше көрінісінің айқындалуы; жаратылыстық, физикалық құбылыстардың жер бетіндегі факторлары — *геологиялық, гидрогеологиялық, геоморфологиялық, геофизикалық* тұрғыдан жауап беретін «*тірі жер*» құндылықтары.

Қазақ халқының дүниетанымында «құдық» категориясын қазақ ертегілері желісінде кһрiнiс тапқан. «Ертегілік фольклорда кездесетін құдықтарды нақты сипатына қарай бірнеше түрге бөлуге болады: Біріншісі — әртүрлі ертегілерде «құдық», «тесік», «қуыс», «шұңқыр», «жердің жарығы» деп түрленіп айтыла беретін «жер тесігі». Бұл — нақты, дербес сипаттамасы жоқ, тек екі дүниенің арасын жалғастырушы өтпек жол, дәліз қызметін атқаратын нысан ғана. Ертегілердің басым көпшілігінде, әдетте,

бір қаһарман осы құдық арқылы, беліне арқан байлап алып, басқа дүниеге түседі, сол жақтағы қызды (үш қызды) әлдебір зұлым күштен (ергежейліден, мыстан кемпірден, айдаһардан, т. б.) құтқарып, оларды жер бетіне шығарғанда, ағалары не жолдастары арқанды қиып, қаһарманды жер астында қалдырып кетеді. Екіншісі — құдықты дербес сипатты нысан, мәселен, зындан, қапас ретінде түсіну, мұндай мысалдар да жеткілікті. Мәселен, жаңа туған балаларды құдыққа тастау, батырдың орға түсіп кетуі, зұлымдық иесін құдыққа салып, аузын таспен бастырып тастау, т.б. Үшіншісі — құдықтың әлдебір киелі байлықтың көзі болып есептелуі. Мәселен, ішінде балы бар құдық туралы сюжет екі рет кездеседі. Біреуінде балы бар құдықтың түбінде айдаһарлардың патшасы, сары бас жылан кейпіндегі Шаямардан патша болса, екінші құдықтың ішіне бір қызыл, бір көк арқан түсіп тұрады. Бір ханның су сарқылмайтын құдығы болыпты. Жыл сайын осы құдықтың ішіне бір ту биені тастап отырады екен. Хан баласы құдық ішіне түседі. Құдықтың түбінде бір тас бар екен, оны аударып қараса, ар жағы жап-жарық, кең дүние екен» (1-кітап, 188-190 бб.).

С. Қондыбай қазақ халқының дүниетанымындағы «үштік» қағидасын құдықпен байланысты қазақ ертегілеріненде көп кездесетіндігін талдау арқылы, байырғы қазақтардың сандық философиясының мәнін іздестірген. Мысалы: «Қара тастың астында құдық бар. Құдық арқылы жер астына түскенде үш ақ үй бар, ішінде бойы бір тұтам (үш қызбен ойнап отыр. Бір тұтам — ханның баласы, үш қыз — оның қарындастары («Құлатай батыр»); «Су жоқ құдықтың ішіндегі есікті ашып, алты қызды көреді. Жер мыстанның жаны, аяқ-қолы үш жерде (пеште: бір пеште — жаны, екінші пеште — кеудесі, үшінші пеште — қол-аяғы) тұрады («Аюалпаң»); «Бір ертегіде хан, қаһарманның сұлу әйелін алмақ ниетпен, қаһарманның өзінен құтылмақ болып оны «Барсакелмес» деген жерде, «Шылан дала» құбыладағы бір құдықтан бал әкелуге жұмсайды. Осы құдықтың орта белінен бал, аузында екі түрлі жібек арқан (бірі — қызыл, бірі көк) бар; олардан ұстап құдыққа түссе, үзіліп, балға батырады («Көрген түстің орындалуы»). Мұндағы бал құдық — айдаһардың кеңсірігі»; «Қыздарды құдықтан арқан арқылы шығарғаннан кейін, ағалары арқанды кесіп, Құлатайды құдық ішінде қалдырып кетеді («Құлатай батыр»); «Қыздарды құдықтан шығарған екі алып, Аюалпанды құдық түбінде қалдырып кетеді («Аюалпаң»); «Темірбатыр мен Субатыр Нанбатырдың арқанын кесіп, шыңырау түбіне тастап кетеді («Нанбатыр»); «Дәу жіпті кесіп, өрмелеп келе жатқан Аюдәуді шыңырау түбінде қалдырып кетеді («Аюдәу»))» (1 кітап, 106-107 бб.).

«Құдық» көне түркілік тілде «құй» сөзі. Құдық сөзінің көнетүркілік нұсқасын Махмұт Қашқари сөздігінен «құйығ», «құдзұғ», «құзұғ» сөздерімен берген (5, I. 432; III, 228, 230 бб.).

С. Қондыбай құдық сөзінің өзгеру платформасын «құңұқ» > «құйұқ» > «құдұқ» > «құдзұқ» > «құзұқ» деп көрсете отырып, «құңұқ» немесе «құңғұқ» сөзін көне түркі сөзіндегі құдықтын түпнұсқасы, протоплатформасы деп таныған. С. Қондыбайдың танымында құдық — жерасты дүниесі мен жерүсті әлемін жалғастыртушы «кіндік», «тылсым жол» (1-кітап, 327, 334 бб.).

С. Қондыбай «құдық» танымен бірге, құдық қазуды, шөл дала, елді мекенде халықты сумен қамтамасыз етуге қызмет етуді кәсіп еткен адамдардың еңбегін ерекше бағалап жазған. Құдық қазуды кәсіп етіп, жерасты су көзін тани белетін халықтық білімі бар адамды ертеден «құдықшы» деп атаған. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығындағы еңбек өте ауыр болды. Осыған орай адамдардың тұрмыс жағдайы да оңай емес еді. Көш кезінде мал табынан сақтау үшін, табиғи су көздері жоқ шөл және шөлейіт өңірлерде құдық қазып, оны қалыпты жағдайда ұстау үшін қатардағы көшпелілер мен жартылай көшпелілердің көп күш жігер жұмсауына тура келді. Қаражон, Табын жолы, Адай жолы, Елек жолы, Сәтбай жолы, Тау жолы, Жетіқоңыр жолы сияқты байырғы көш-керуен жолдырының бойындағы құдықтар көшпелілер жолын жалғастыратын ел-елдің арасын байланыстыратын тарихтағы айрықша мәнді белгі ретінде сипатталынады. Әрі құдық үстінен өту көшпелілердің өзен, бұлақ су көздерінен шалғай кеткенде табиғи су көздері жоқ кең далада малды шөлден аман алып қалудың қамы еді. Тереңдігі бірнеше құлаш болатын шыңырау құдықтарды қазып, шегендеу жігіттің жігіті ғана шыдайтын өте ауыр жұмыс болды. Құдық қаздырған адам құдықшының еңбек ақысын алдын ала келісім бойынша малдай немесе заттай төлейтін. Шыңғыс ханның өзі Қызылқұмда жолаушының шөлін қандыруды кәсіп қылған шалды салықтан босатып, алғыс айтқан көрінеді. Оңтүстік және далалық қуаң өңірлерде қазақтар арасында құдықшылар мен сушылардың беделі жоғары болды.

С. Қондыбай «құдықшының» еңбегінің қиындығын «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырындағы Қодардың қызметі арқылы көрсеткен. Қодардың басты «қызметі» — «құдық қазу» және «су тасу». Баян сұлудың әкесі Қарабай оған «жылқыларымды шөлден аман өткізсең, қызым Баянды берем» деп уәде етеді:

*... Жас құлыным қырылды тамам, Қодар,
Бір су тауып бере гәр маған, Қодар.
Сен шөлдетпей малымды алып өтсең,
Ақ Баянды беремін саған, Қодар...*

Көп жылқыны шөлден аман алып өту үшін, Қодар «әр жерден жүз кісілік құдық қазады», суы жоқ жерге мес пен су тасиды (1-кітап, 369 б.). Қазақ қоғамында терең құдық қазып, шегендеу жігіттің жігіті ғана шыдайтын өте ауыр жұмыс болғандықтан, оған қолының қарымы бар білекті жігіттер жалданған. Жыр желісі бойынша Қодар шыныменде қара күштің иесі.



*Ақпышақ қонысы, Сасық тау құмындағы тереңдігі 1,5 метр құдық.
Т.Ф. Якубов фотосы. 1950 жылдар. Батыс Қазақстанда түсірілген*

С. Қондыбай «құдықтың», «үңгірдің» аузы/тесігі екеу болады, құдыққа не үңгірге түсу әрекеті «басқа дүниеге, үңгірлік дүниеге бару, үңгірден/шұңқырдан/құдықтан қайтадан кері шығу, осы дүниеге қайта оралу», деп түсіндіре отырып, жер астынан шығу есігін немесе тесігін екінші ауыз, — деп қарастырған (2-кітап, 66, 82 бб.). Терең құдыққа, терең үңгірге түсу немесе тереңді қазу қаһармандық іс екені анық, «құдықшы» еңбегі мен «ертегілік қаһарманның» іс-әрекетімен бірдей. Бұл әркетер ертегілерде айтылатын «қаһарманның үңгірге кіруі», «қаһарманның бір тесікке түсіп кетуі», «қаһарманның құдық түбіне түсуі», «қаһарманның бір есікке кіруі» сияқты оқиғалардан көрініс табады. Қаратай туралы ертегіде, ол шыңырау түбіне түскенде, тесікті көреді. Тесікке кірсе алдында сөнбейтін шырақ жанып тұрған қария кітап оқып отыр екен, қария Қаратай ұйықтап кеткенде аққу

құсқа айналып, Қаратайды қанатына отырғызып, осы дүниеге шығарып салады да, қайта ғайып болады.


Ертегілік дүниетаным бойынша жер асты суы әлемінде «ғажайып» тіршілік бар екен. Жерастындағы тіршілікке «зиянкес күштер» иелік еткенде «жағымды күш иелері» немесе «қаһармандар» жеңіске жетіп отырады. Ертегілік қаһарман Аю алпаң да құдық астына түскенде жерасты ауылына кезігеді. Халыққа су бермей отырған жер астындағы айдаһар екен. Айдаһарды өлтіруге алып самұрық құс көмекке келеді, әрі Аю алпаңды жер бетіне шығарады. Аю алпаңның тағы бір оқиғасында айдаһарды өзі өлтіреді, жерасты халқы айдаһардан құтылғандарына үш күн той жасайды. Құдықтың астында өмір сүретін айдаһарлар «сары бас/сары үйек жылан» кейпінде болған. Ал жер бетіндегі саы үйек мифтік жылаңдар – жағымды кейіпкер, олар әулиелерді мекендейді. Маңғыстаудағы Шайыр ауылы маңындағы Төлеген әулие басына түнегендердердің арман тілегі орындалар болса, сары үйек жылан түнеген адамның кеудесіне келіп жатады. Маңғыстаулық әулие жаңай Саназардың аруағы – ұзындығы сегіз метрлік, төбесінде көзі бар айдаһар мен кішкене ақ жылан (3-кітап, 359-360 бб.). Әулие бастарындағы құдықтарда жылан болуы «су культі» мен «жылан культінің» бір-бірімен байланыстылығында. Ал, Нарбатыр оқиғасында шыңыраудың орта жолында құдық астындағы тесікке құлап түсіп, ес түссіз қалады. Шыңырау түбінде өмір сүріп отырған қарт оташы сынықтарып салып, таңып, емдеп жазады. Нарбатыр басқыш жасап, басқыштар арқылы жер бетіне шығады. Береке дарыған «ақ үйлер» құдық түбінде де орналасады. Астында тіршілігі бар, құдықтар «қасиетті» саналады. Ертегі желісіндегі: «Құдық түбіндегі тас, тастың ар жағындағы жарық дүниедегі алты қанат ақ отау, онда пері патшасының қызы 40 құрбысымен отыр екен («Қасиетті құдық»); қуысқа арқан байлап түскенде жер астындағы ақ үйге тап болу («Қаратай»); құдық түбіндегі көлдің басындағы үш ақ үй («Құлатай батыр»)), оқиғалары құдықтың астындағы қасиет дарыған тіршіліктен туындайды.

Ертегідегі шыңырау басқыштары, шынайы құдықтардың басқышымен астасып жатады. Шын мәнінде құдықтарды адам аяғын қоя алатын тіреуіштері болады. Күйдірілген қышпен шегенделген құдықтарда арнайы басқыш текпешіктер қаланып отырған. Текпешекті қыш құдықтар Ақтөбе (Баласағұн), Сауран ортағасырлық қалалары орнынан табылған.

Суы мол құдықты қазақтар «сүтті құдық» деп атаған. «Қасиетті құдық» ертегісінде бір ханның құдығы болғандығы айтылады. «Оның суы қанша мал суарса да таусылмайды екен. Хан бұл құдық қасиетті деп, оған жыл сайын бір ту бие тастап кетіп отырады екен. Өлер алдында баласына осыны тапсырып кетеді». С.Қондыбай осындай «қасиетті құдықтар» қатарына «бал құдықты» жатқызады (1-кітап, 331-333 бб.).

«Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісіндегі бір құдықта – алтын су, екіншісінде – күміс су. Қазақ халқы асыл затты, асыл қасиетті әдетте алтын мен күміске теңейді. Құдық суының қандай түрі болмасын, мейлі ол тұщы не ащы болсын, тереңнен не таяздан шықсын құдық суы тұнық, таза, мөлдір болған. Қазақ дүниетанымында алтын мен күміс асыл металл ретінде жанды және жансыз ұғымда қатар қолданылып, «тұтастық» бейнесін береді (4-кітап, 367 б.).

Құдық атауларының қалыптасуы тарихи топоникалық, ономастикалық тұрғыда көңіл аударарлық мәселе. Құдықтардың әр түрлі атауларының қалыптасуы оның тереңдігі мен суының көлеміне, орналасуына және құдықтың иесіне байланысты. Көне түркі тілінде ақ, қара сөздері түсті ғана білдіріп қоймай, белгілі бір мағынаға ие болған. Мысалы «көңілі ақ» десе жанның тазалығын білдіреді, шөптің сапасына қарай «ақ от», «аузы аққа тиді», адамға қатысты қара сөзі «қарасы көрінді», «қалың қара», «қорған болған қара орманым», т.б. Осыған орай Ақшығанақ, Ақшыңырау, Аққұдық, Ақиген, Ақшілік, Қарақұдық, Қарасу, Қарашеген, деген құдық аттары суының мол, әрі тұщылығына қарай қалыптасқан. Сары сөзі түркі-моңғол тілінде сары «анық», «ашық», «айқын», көне иран тіліндегі сар «басты», «негізгі», түркі тіліндегі сар «кең», «жапан» деген мағынаны білдірсе, қазіргі қазақ тіліндегі сары сөзі топонимдерде «кең», «үлкен», «көлемді» мағынасын білдіреді. Батыс өңірдегі Сарықұдық, Сарышыңырау атауы тасы сары түсті, әрі сазды жерден қазылған терең құдықтарға қолданылған. Құдық атаулары қаздырған адаммен, жер-су атауымен, түр-түспен, сандық қағидамен байланысты қалыптасқан. Қазақ жерінің әр өңірінен табылған байырғы құдықтар іздері жер асты суларын пайдалануды игерген байырғы тайпалардың гидротехникалық қана емес, құрылыс ісі білімдер жүйесінің айғағы. Құдықтардың қандай түрі болмасын халқымыздың мәдени мұрасының ерекше үлгісі.



Құмдағы құдық. Т.Ф. Якубов фотосы. 1950 жылдар.
Батыс Қазақстанда түсірілген

Маңғыстау құдықтары

Құдық орналасқан жердің аты	Құдық саны	Тереңдігі (аршын)	Суының ерекшелігі
<i>І. Форт-Александровск – Қарабұғаз шығанағы арасындағы құдықтар</i>			
Сисем ата	1	4,5	Тұщы
Шілікті (Қос атау)	1	3,5	
Пірберді	1	4	
Қошан	1	4,5	
Асан	3	5	
Өрдек	2	12	
Тұщығұй	2	7	Тұщы
Мүлік	3	3	Тұщы
Аралды	3	3,5	
Қызыл өзен	2	9	
Сақа құдық	3	6	Ащылау
Күрөзек	1	2,5	
Саура	2	4,5	Тұщы
Ащықұдық	24	2,5	Тұщы
Түлкілі	5	5	
Сағындық	1	4,1	
Қара алша	1	2,3	
Қалым арбат	1	3,3	
Қалипа	1	8,3	
Нәулі	1	2	
Қошқар ата	1	3,5	
Ақшұқыр	1	3,5	
Токпак	1	2,5	
Басқұдық	2	2,1	
Қолтық	1	5	Ащы
Ақеспе	1	2,3	Ащылау
Қызылжар	1	8	
Ащықұдық	2	2,3	
Ижі	2	3,5	Тұщы
Қосүйік	2	2,3	
Қарағұл	1	2,3	
Изенді	1	4,3	
Ақ өрдек	1	3,5	
Саржа	1	3,5	Ащылау
Жаржалас	1	12	
Құрық	2	4	
Терістік Құйжақ	5	6	
Аққұдық	1	9	Ащылау
Оладжа	1	9	
Үлек	2	5,5	Тұщы
Ащықұдық	3	4,5	
Саға	5	3	
Саға	2	3	Ащылау
Қызылақыр	1	2,1	Ащы
Ших ата	1	3,5	Ащылау
Қожанияз	1	5	Тұщы
Ақеспе	1	5	

Тасұшы	1	4	Ашылау
Кендірлі	2	2	Ашылау
Борсымұрын	2	3	Ащы
Қабакты	2	2	Ащы
Темірбаба	3	1	Тұщы
Құйжақ	1	2,3	Ашылау
Қосащы	1	15	Ашылау
Өрік	1	6,5	Ашылау
Қара-арсық	1	6	Ашылау
Бозат	3	4,5	Тұщы
Ащы құйылыс	1	6,5	Тұщы
Сүйе	1	9	Тұщы
Қарасенгір	3	4	Тұщы
Екі-қю	2	4,5	Тұщы
Омар ата	1	3	Тұщы
Темірқұдық	1	2,3	Тұщы
Бүкір қю	1	2	Тұщы
Қызылжа қю	2	2,5	Тұщы
Таған қю	2	2,5	Тұщы
Егін Мұрат қю	1	3,5	
Дүлдүл ата	1	2,3	
Атшалман	1	2	
<i>II. Маңғыстау түбегінің терістік беті</i>			
Қаңға баба	6	2	Тұщы
Түбіжік	9	1	Тұщы
Бұраю	5	2	Тұщы
Теңізбек	3	6	Ащы
Суат	1	5	Тұщы
Дәніспан	5	13,5	Ашылау
Мерет	4	4	Тұщы
Бегілі сай	2	2	Ащы
Сауытты	1	3,5	Тұщы
Қолмыш	1	2	Тұщы
Бұлыр	1	1,5	Тұщы
Ащы қарақұдық	2	4,5	Ашылау
Кіштім	30	10	28-тұщы, 28-ащылау
Ұзын құдық	3	15	Ашылау
Қот	2	3	Тұщы
Үдек	15	10	Ашылау
Шилікұдық	2	4,5	Тұщы
Құнансу	1	2	Тұщы
Шытша	5	4	Ашылау
Түйесу	3	5	Тұщы
Төбекұдық	15	4,5	Тұщы
Тарла	2	2	Тұщы
Тартпалы	5	3,5	Тұщы
Шат	16	9	1-тұщы,
Ащыбас	6	2,3	5-ащы
Таушық	1	2	Тұщы

III. Бозашы түбегінде

Қошак	8	6	Тұщы
Егдір	3	7	Тұщы
Шәудір	5	7,5	Ащылау
Тасқұдық	2	2	Ащылау
Тұщықұдық	9	1,5	Тұщы
Орташа	6	7,5	Тұщы
Қаратөбе	52	8	Тұщы
Жаманорпа	22	7	Ащы
Мәстек	292	10	Тұщы
Ауызорпа	56	9	Ащылау
Тобықты	10	9	Ащылау
Қызан	245	12	Ащылау
Бесоба	20	7,5	Тұщы
Балашқас	159	7,5	Ащылау
Ұзын	52	9	Ащы
Ақорпа	41	10,5	Ащы
Жиделі	56	5,5	Тұщы
Тасорпа	105	7	Ащылау
Қазық	29	13	Ащылау
Етем	70	9	Тұщы
Үлек	35	18	Ащылау
Құты	21	10	Тұщы

IV. Ақтау және

Қаратау сулары

Алаторпа	3	6	Ащы
Шорым	9	6	Тұщы
Жаңғызеспе	1	4,5	Тұщы
Елік	2	6	Тұщы
Өгіз	11	4,5	Тұщы
Көкті құю	3	4,5	Тұщы
Шершелі	3	2,6	Тұщы
Әліғұл	7	4,5	Тұщы
Шилі	1	2	Тұщы
Қызылит	1	1	Тұщы
Ащы еспе	8	1	

V. Қаратаудың

оңтүстігі

Маната	14	3	Тұщы
Қаракұдық	2	3	Тұщы
Жарма	13	7	Тұщы
Дәрмен ата	13	8	Ащылау
Аюы-ербасан	5	6	Ащылау
Шопан ата	18	7,5	Ащылау
Ақшағұй	2	8,5	Тұщы
Машырық	8	7,5	Тұщы
Сұмсат	25	15	Тұщы
Сенек	13	10,5	Тұщы
Жусан	3	9	Тұщы
Тонаша	2	9	Тұщы
Бесоқты	14	4,5	Тұщы
Қамысты	13	2,3	Ащы
Қарашық	13	7,5	Ащылау

Сайқұдық	35	5	Көпшілігі ащылау
Жалпақ-төрткүл	2	22	Өте ащы
Ұзын құдық	28	15	Ащылау
Қараманды бас	11	2,3	Тұщы
Торым	4	10	Тұщы
Борлы	10	10,5	Тұщы
Бас құдық	2	3	Тұщы
Бекі	31	6	Тұщы
Қарағыз	6	7,5	Тұщы
Қаңшегі			Тұщы
Қара сенгір	1	2,5	Ащы
Үдекбас	11	6	Ащылау
Дөңгелек	2	3	Ащы
Қандыбас	9	16,5	Ащылау
Бөрлі	4	7,5	Ащы
Танды	2	6	Ащылау
Қараған	15	7	Тұщы
Босаға	5	6,5	Тұщы
Ақбұлақ	1	4	Ащылау
Бесбұлақ	4	2,3	Өте ащы
Өнере	1	3,5	Ащы
Сүмбе	8	7,5	Ащы
Өткелді	5	9	Тұщы
Үшқұдық	3	46	Ащылау
Байрамәлі	2	67	Ащылау
Қосқұдық	1	45	Тұщы
Қырықсегіз	10	30-36	Ащылау
Теппе	3	30-36	Тұщы
Дірел	1	5	Ащылау
Теңге	1	4,5	Тұщы
Құм-сауысқан	39	21	
<i>VI. Үстіртте</i>			
Ырмак	44	8	Ащылау
Басар	4	24	Ащы
Күрке	1	42	Тұщы
Бәйті	3	42	1-тұщы, 2-ащы
Арыстанбұғы	50	31,5	Ащы
Отынан	1	21	Тұщы
Шырақбай	3	15	Тұщы
Төлеп	4	24	Тұщы
Тәнке	8	21	Тұщы
Бесегөз	30	20	Тұщы
Жолбаян	19	18	Тұщы
Ақшоқы	5	15	Ащылау
Киікбай	4	30	Ащылау
Байбары	4	31	Ащылау
Дүңгірлек	4	42	Ащылау
Боранқұл	3	32	Тұщы
Елегажы	15	34	Ащылау
Өрмелі-утас	3	2	Ащы
Кұлпара	3	42	Ащылау
Қаратөрткүл	2	6	Тұщы

Өтес	37	2,8	1-тұщы, өзгесі ащы
Ешкіқырған	44	24-42	Тұщы
Уәлі	40	24-30	3-тұщы, өзгесі ащы
Төлеп	15	16	Тұщы
Қосқұдық	4	9	Тұщы
Қансу	1	2	Ащы
Тұранғылы	4	2	Тұщы
Ақсай	4	9	Тұщы
Қосақыр	5	4,5	Тұщы
Шилі	3	4,5	Тұщы
Қарағозы	6	4,5	Тұщы
Қостам	3	4,5	Тұщы
Тайпаң	3	4,5	Ащылау
Сейіт	3	5	Ащылау
Шүңгіл	1	1,3	Тұщы
Кекіл	5	2,3	Тұщы
Ағжар	4	3	Тұщы
Дөңғара	11	4,3	Тұщы
Есенғали	3	4,3	Тұщы
Маната	1	7,5	Тұщы
Қызылбас	4	6	Ащылау
Бөрібас	54	4-12	Ащылау
Монша	3	3	Тұщы
Аққуыз	26	6-12	Тұщы
Қайғылы	14	18	Тұщы
Аққұрық	2	45	Тұщы
Қарсақ-жайнақ	2	69	Ащылау
Қолқанбай	1	57	Ащылау
Құсжата	10	14	Ащылау
Тағалбайлы	1	12-15	Ащылау
Арғымбай	1	50	Ащылау
Үшқұдық	3	52	Ащы
Балша	1	54	Ащылау
Сүмбет темір	1	12-15	Ащы
Табансу	3	9	Өте ащы
Итібай	4	52	Өте ащы
Байшағыр	1	36	Ащылау
Қитар	1	60	Ащылау
Қызыл адыр	1	54	Тұщы
Байлар	1	42	Тұщы
Қосқұдық	3	26	Тұщы
Елтеже	4	9	Тұщы
Ақмешіт	2	16,5	Тұщы
Теркезілі	1	21	Тұщы
Маңғытай	1	19	Тұщы
Тесіктан	6	51	Тұщы
Үйсін (Дүйсембай)	5	57	Тұщы
Қыжыр	3	90	
Күшсем	2	15-18	Тұщы
Аманжол	3	24	Ащы
Ербасан	4	45	Ащы
Таймек	4	24	Ащы
Түгіскен-тұмар	1	15	Тұщы

Қарағұдық	2	36	Өте ащы
Метер	1	42	Ащы
Әлібек	1	39	Өте ащы
Қорымсақ	1	27	Ащылау
Бес шымырау	6	24	Ащы
Есен-қоғам	32	28	Ащылау
Қызыл таң	1	42	Тұщы
Қисық тас	2	27	Ащылау
Батпа қатын	3	12	Ащы
Жалғыз шымырау	1	10,5	Ащы
Кәрі баян	8	18	Ащы
Тұрлығұл	2	18-21	Ащы
Шылшық	2	42	Ащы
Бекбау	1	45	Ащы
Амандық	2	45	Ащылау
Бес-шымырау	7	42	Тұщы
Титжік	1	15	Ащылау
Айдар	1	12	Тұщы
Үйсін	10	9	Ащы
Ақжігіт	2	26	Тұщы
Сайғұдық	2	4	Ащы
Балпал	1	2	Тұщы
Қараоба	1	4	Ащылау
Мамай	5	13,5	Тұщы
Қосқұдық	1	7,5	Тұщы
Ақшағыл	4	7,5	Тұщы
Қара бұлақ	1	2	Тұщы
Жарық	1	2,3	Тұщы
Қожаназар	2	4,5	Тұщы
Бінделі	1	4	Ащы
Ұзақ	3	4,5	Тұщы
Тайпақ	2	2,3	Тұщы
Есет	1	1,5	Тұщы
Жолболды	38	7,5	Тұщы
Көкбекті	8	7,5	Ащылау
Жаңасу	6	8	Ащы
Қосқұдық	2	12	Тұщы
Қарақұдық	3	10,5	Өте ащы
Қосбұлақ	2	9	Ащы
Ата Жылгелді	2	12	Ащы
Құрық	27	24	Ащылау
Үшқұдық	1	15	Ащы
Қосарқан	12	16,5	Тұщы
Шақан	15	43,5	Тұщы
Жаңасу	9	36	Тұщы
Нар	7	48	Тұщы
Такыр	3	18-21	Тұщы
Желді-Құшы	15	7,5	Тұщы

Құдықтар қазақ халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінде ауыз суды қамтумен бірге, мал суару жүзеге асыруда маңызды роль атқарған. «Құдықтар — шаруагерлер мұрасы». «Құдық көрсең көзін аш» дейді халық даналығы.

1902 жылы Маңғыстау уезінің қарауындағы 8 болыста 5674 құдық есепке алынған. Олар болыстарға төмендегіше бөлінген:

Бірінші Бозашы болысында 1083 құдық

Екінші Бозашы болысында 1564 құдық

Жеменей болысында 541 құдық

Райымберді болысында 170 құдық

Маңғыстау болысында 596 құдық

Түпқараған болысында 654 құдық

Түрікмен болысында 271 құдық

Барлығы 5674 құдық

Құю мен **құдық** сөзі мағыналас. құй етістігіне -ық, -ік, -қ реликтілік (көне) жұрнағы жалғану арқылы, яғни й-д дыбыс алмасуының нәтижесінде құд тұлғасына айналып, -ық қосымшасы арқылы құдық сөзі қалыптасқан. Мұны құй-құты салыстырулары арқылы анықтауға болады. Й-д дыбыстарының шығыс ғұн тармағына кіретін түркі тілдеріне тән. Кейбір түркі тілдерінде бұл термин бастапқы қалпында сақталған, мысалы, әзербайжан тілінде – гүйу, түркімен тілінде – гуяа, түрік тілінде – кюуи.

1911 жылы Ақмола облысында жүргізілген статистикалық тіркеу негізінде 38165 – суы тұщы құдық, 7465 – суы кермек құдық, 1689 – мемлекеттік, 7553 – қоғамдық, 36385 – байлардың жеке меншігіндегі құдық есепке алынған (ҚРОММ, 393 қор, 1 тізбе, 100 іс, 98 парақ).

Әгеб.: Қасиетті Қазақстан: Астана қ., Алматы қ., Ақмола облысы, Алматы облысы. 1 том. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Арыс баспасы, 2017. 480 б.; *Қондыбай С.* Арғықазақ мифологиясы. 1-4 кітаптар. Алматы: Арыс баспасы, 2008.; *Махмұд Қашқари.* Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік). 3 томдық. Алматы: Хант. 1997; Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. Алматы: ТОО «Әлем Даму Интеграция», 2017. 856 б.; *Карутц Р.* Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Пер с нем. Е. Петри. СПб.: Издание А.Ф. Девриева, 1910. 188 с.; *Жаңбыршыұлы Т.* Мен айтайын – бабаңнан. Алматы: «Үш қиян», 2001. 308 б.; *Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков.* Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980. 256 с. + 4 карта; *Хорошхин А.* Кызыл-кум (историко-этнографический очерк) // ТВ. 1873. №18. – С. 70-71; *Хорошхин А.П.* От Оренбурга до Казалинска, от Казалинска до Ташкента, от Ташкента до Токмака, от Ташкента до Коканда // В кн: Сборник статей, касающихся Туркестанского края. СПб.: Типография и хронолитография А. Траншеля, 1876. С. 3-38; *Якубов Т.Ф.* Песчаные пустыни и полупустыни Северного Прикаспия. Москва. АН СССР. 1955. Далалық экспедициялық материалдар.

ҚҰДЫҚ АҚЫ/ҚҰДЫҚ АҚЫ МАЛ/ЕҢБЕГІ – құдық қаздыруға тапсырыс берген адамның құдықшыға төлейтін ақысы.

Дәстүрлі ортада шыңырау қаздыруға тапсырыс берген байлар ақысына құлашына 100 қой немесе құлашына 1 жылқыдан төлеген. Кейінгі уақытта ақысын ақшалай төлеген. Негізінен алдын ала құдық ақысына, еңбегін алуға келісу суы таяздан, қатты жерді құдық қазатын жерлерде қалыптасы. Ал, суы таяз жерден шығатын, топырағы сусылдық құмды жерден құдық қазуға 4-5 ер адам бірігіп кіріскен, туған туысқанда бірігіп асарлатқан, еңбек ақысын алмаған. Құдық қаздыртқан адам қойын сойып, ас әзірлеп құдықшыларды күткен. Құдықшылардың жұмысын жұмыс көзін, құдық қазудың жөнін, әдісін білетін қария басшылық жасап тұрған. Қырдың үстінде, яғни Үстірттегі шыңырау қазу ісінде Бейнеубай деген құдықшының аты шыққан. Руы қараш. Қосай Тіней руынан шыққан Жұбан деген бай керуен жолының және елдің көшетін жолының бойынан Қоңырой деген жерге Бейнеубайды шақыртып шыңырау қаздыруға тапсырыс берген. Бейнеубай бұл жерде су өте тереңнен шығатын болғандықтан үш есе бағасына, яғни бір шыңырау бағасына келіскен. Қоңыройға Бейнеубай он жасар баласымен келген. Таңертең он жастағы баласы ерте шығып кетіп, құдық қазатан жерді көріп келдім дейді. Бейнеубайдың аттың құйрығына тас байлап жүріп өтіп білетін қасиеті болған. Баласы көрсеткен жерден судың 100 метр жерден шығатынаын байқайды. Жүз жылқыға келіседі. Тапсырыс берген бай көшіп жайлауға кеткенде Бейнеубай шыңырауды қазып, бітіріп кетіп қалады. Жұбан бай құдық ақысын, яғни келіскен малын алсын дегенде, Бейнеубай бір үйір жылықыны әкеліп шыңыраудан суарыңдар, дейді. Мың жылқыны айдап әкеп суарғанда су арқан бойына да ортаймайды. Ырза болған бай үстіне отыз жылқы қосып береді. Ең қымбат 130 жылқыға қазылған құдық осы, дейді жергілікті дерек берушілер.


Әгеб.: Маңғыстау этнографиялық экспедициясы.

ҚҰДЫҚ АТАУЫ — құдықтың тереңдігі мен суының көлеміне, орналасуына және құдықтың иесіне байланысты қалыптасқан, топоникалық, ономастикалық тұрғыдағы атауы. Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы Оғызқара деген құдық атауының осы жерді байырғы оғыз тайпасының мекендеуімен байланысты екені анық. Көне түркі тілінде ақ, қара сөздері түсті ғана білдіріп қоймай, белгілі бір мағынаға ие болған. Мысалы «көңілі ақ» десе жанның тазалығын білдіреді, шөптің сапасына қарай «ақ от», «аузы аққа тиді»; адамға қатысты қара сөзі «қарасы көрінді», «қалың қара», «қорған болған қара орманым». Осыған орай Ақшығанақ, Ақшыңырау, Аққұдық, Ақиген, Ақшілік, Қарақұдық, Қарасу, Қарашеген, деген құдық аттары суының мол, әрі тұщылығына қарай қалыптасқан. Сары сөзі түркі-моңғол тілінде сары «анық», «ашық», «айқын», көне иран тіліндегі сар «басты», «негізгі», түркі тіліндегі сар «кең», «жапан» деген мағынаны білдірсе, қазіргі қазақ тіліндегі сары сөзі топонимдерде «кең», «үлкен», «көлемді» мағынасын білдіреді. Қарақұмдағы

Сарапан (Сары + апан) деген құдықтың атауы көлемінің кеңдігі мен суының молдығына байланысты қалыптасқан. Ал батыс өңірдегі Сарықұдық, Сарышыңырау атауы тасы сары түсті, әрі сазды жерден қазылған терең құдықтарға қолданылған.

Қазақ халқының ұғымында «үш», «жеті», «тоғыз», «қырық» киелі сан ретінде қалыптасқандығы белгілі. Санға байланысты Үшқұдық, Төртқұдық, Алтықұдық, Жетіқұдық, Тоғызқұдық, Қырыққұдық, Жүзқұдық, Мыңқұдық атаулары кездеседі, сондай ақ Жалғызқұдық, Қосқұдық атаулары да құдық санын білдіреді. Суының дәмі мен көлеміне қарай: Көлқұдық, Сорқұдық, Тұзбай, Ащықұдық, Ақшабұлақ, Сорбай, Тұзбұлақ, Жаманқұдық, Қайнарқұдық, Тұщықарасу; қазылған жеріне қарай: Тақырқұдық, Сайқұдық, Баршақұм, Жусан, Бортас, Көкдомбақ, Жолқұдық, Шеңгел, Алтынқұдық, Қызылқұдық, Майтөбе құдық, Қаққұдық, Шиліқұдық, Талқұдық. Ш. Уәлиханов Қырыққұдық пен Ащықұдықтың Арыс өзені мен Келес өзені аралығында жатқанын және суының ащы екенін айтқан. Сондай-ақ Ш. Уәлиханов Сарусу өзені аңғарында Алақұнан деп аталған құдықты көрсеткен.

Бөритескен деген құдық атауы бөрінің сарып кеткен жеріне қақпан құрарда (аңшы қазақтар қасқырдың жүретін жерін, жолын аңдыған, қасқыр бұтаның түбіне сарып, сол жерді тырнағымен айқастап кетеді) сол жерден судың таяздан шығатынын біліп қаздырғанымен байланысты аталған екен. Бөритескен құдығы 1811 жылы Сібір әскери линиясының регистраторы Мамедияровтың жолжазба-



Құдықтың ағаш қоршаулары/
қорғандары. БҚО экспедициясы



Құдықтың ағаш қоршаулары/
қорғандары. БҚО экспедициясы



сы мен Ш.Уәлиханов жазбасында кездеседі. Сирек болса да әйел атымен аталған құдықтар бар, мысалы Қызылқұмда Қызқұдық, ал Арқада Шөлбарша, Үстіртте Келін қазған деген құдықтар болған.

Әдеб.: Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 1-4 кітаптар. Алматы: Арыс баспасы, 2008; *Бабалар сөзі.* 100 томдық. Астана: Фолиант. 2004-2011; Гипотеза и теория Гея <http://blog.artnn.ru/2006/06/24/teoriya-gaia-gaia-theory/> (Қаралған күні: 10.05.2018); *Махмұғ Қашқари.* Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік). 3 томдық. Алматы: Хант. 1997; Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. Алматы: ТОО «Әлем Даму Интеграция», 2017. 856 б.; *Жаңбыршыұлы Т.* Мен айттайын — бабаңнан. Алматы: «Үш қиян», 2001. 308 б.

ҚҰДЫҚ ӨЛШЕМІ — құдық тереңдігі мен қабырға кеңдігінің (диаметрі) өлшемі. Қазақтар құдық тереңдігі мен қабырға кеңдігінің көлемін дәстүрлі өлшеммен есептеген. Тереңдігі 10 метрден 100 метрге дейін жететін құдықтарды құлаш, қадам, арқан бойы деп есебін шығарған. Дәстүрлі ортада Бетпақдалада 15 құлаш, Қызылқұмда 30-40 қадам, Маңғыстау мен Үстіртте 40-100 қадам болатын құдықтар жиі кездесті. Зерттеушілер мен саяхатшылар құдық тереңдігін есептеуге ғылыми танымдағы ұзындық өлшемдерін қолданған. Олар: версть — 1067, 8 см; сажын — 2,13 см; аршын — 71,12 см; фуг — 30,48 см; вершок — 4,44 см; дюйм — 2,54 см.

ҚҰДЫҚҚА САЛУ — құдыққа суаруға мал апару (Өзб.). *Қойларды ана құдыққа салу керек.*

ҚҰДЫҚТЫҢ ҚОРҒАНЫ/ҚОРШАУЫ — құдықтың аузы, көтерілген ернеуі. Құдық қазғанда шыққан топырағын құдық аузына айналдыра төгеді. Құдықшылар ішкі жұмысын бітірген соң, құдық ернеуі, яғни аузы опырылып құламауы үшін, оны тастармен көмкеріп, қалап көтерген. Осылайша құдыққа қоқыстың түсуі мен малдың су ішкен кезде құлап түсуінің алдын алған. Құдықтың қорғаны құдық ернеуінен 0,5 аршын биік болған. БҚО малды құдықтың қоршауы, қорғаны ағаштан айнала қоршалып салынады. Мал отары бір мезетте құдық басына жиналғанда құдық басын таптап кетпес үшін қоршалады. Құдық басындағы астау мен жиналған мал қоршау сыртында қалады.

Аралдың Шижаға, Сазды ауылдарында құдық қорғаны да дүзгеннен көтеріледі. Ал, Сырдария ауданындағы дәстүрлі әдіспен қазылған Нұртуған құдығының біріншісінің қоршауы жыңғыл бұтақтарынан, екіншісінің қоршауы сексеуіл мен жыңғыл аралас көтерілген.

Әдеб.: Сазонова М.В. Обзор материалов из фондов Центрального Государственного архива УзССР по ирригации и земледелию (к историко-этнографическому атласу народов Средней Азии и Казахстана, конец XIX — начало XX в.) // В кн: Хозяйственно-культурные традиции народов Средней Азии и Казахстана. М.: Наука, 1975. С. 42-62.

ҚҰДЫҚТЫҢ ҰЛТАНЫ — құдықтың табаны.

ҚҰДЫҚШЫ — ертеректе құдық қазуға кәсіптенген ер адам. Көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығындағы еңбек өте ауыр болды.



Жыңғыл және сексеуіл бұтақтарымен көтерілген құдық қоршауы



Көкбұтамен көмкерілген құдық аузы



Дүзгінмен қоршалған құдық

Көш кезінде мал табынан сақтау үшін, табиғи су көздері жоқ шөл және шөлейт өңірлерде құдық қазып, оны қалыпты жағдайда ұстау үшін қатардағы көшпелілер мен жартылай көшпелілердің көп күш жігер жұмсауына тура келді. Көш жолдарының бойындағы құдықтар “суат” деп аталып, ол көшпелілер жолын жалғастыратын ел-елдің арасын байланыстыратын айрықша мәнді белгі ретінде сипатталынады, әрі құдық үстінен өту көшпелілердің өзен, бұлақ су көздерінен шалғай кеткенде табиғи су көздері жоқ кең далада малды шөлден аман алып қалудың қамы

еді. Тереңдігі бірнеше құлаш болатын шыңырау құдықтарды қазып, шегендеу жігіттің жігіті ғана шыдайтын өте ауыр жұмыс болды. Құдық қаздырған адам құдықшының еңбек ақысын алдын ала келісім бойынша малдай немесе заттай төлейтін. Шыңғыс ханның өзі Қызылқұмда жолаушының шөлін қандыруды кәсіп қылған шалды салықтан босатып, алғыс айтқан көрінеді. Оңтүстік және далалық қуаң өңірлерде қазақтар арасында құдықшылар мен сушылардың беделі жоғары болды. Үстіртте Еңсеп, Мәліш атты құдықшылардың аты аңызға айналған. Құдық қазумен қолының қаруы бар, шаруақор, еңбекқор жігіттер айналысқан. Құдықшылықты кәсіп еткен адамның жерасты су көзін тани алатын қасиеті болған.

Суы таздан шықса да, тереңнен шықса да, құдықты бірнеше жігіт бірігіп қазған. Балшығын шығаруға, шегендеу үшін материалын дайындауға, құдықшыға көмекшілер қажет болған. Мысалы, Ордада су таяздан шығатын тал шегенді салу үшін, алдын ала бірнеше құлаш болатын тал бұрау дайындалып, оны бұрап салу үшін құдық ішінде екі жігіт болса сыртында бұрауды беріп тұратан екі жігіт болған. Құдықшылар жұмысына тәжірибелі адам басшылық жасаған.

Маңғыстау өңірінің құдықшылары

Құнанорыс Айтыман Батырбекұлы

Шолақ Ерше Исанұлы

Мырзагелді Сүйеу Төлепбергенұлы

Мырзагелді Жолдасбай Төлепбергенұлы

Ақбота Әбду Дауымшарұлы

Ақбота Тәстемір Кемелбайұлы

Бөкен Қарабатыр Қабанбайұлы

Бөкен Қайнарбай Дәулкенұлы

Есен Жүнбас Түменұлы

Есен Шағырбай Аманиязұлы

Тоқабай Қосан Құтышұлы

Қамысбай Ақмағамбет Мәмбетәліұлы

Қамысбай Нұралы Мәмбеталыұлы

Қожа Құрмантай Ботабайұлы

Шегем Орақ Құлышұлы

Бегей Мақышбай

Бегей Мәміш

Бегей Сартай

Қараш Алпысбай

Қараш Бейнеубай Құлшарұлы

Қараш Іңірбай Бейнеубайұлы

Қараш Әлпейіс Бейнеубайұлы

Медет Қатыкен

Медет Қомшабай

Қосбармақ Төлеп Қосбармақұлы

Қосбармақ Иман Төлепұлы

Қосбармақ Жұрынтай Төлеспұлы
Қосбармақ Көшербай Төлеспұлы
Қосбармақ Өмірбай Көпжасарұлы
Қосбармақ Пұсырман Кенжалыұлы
Қосбармақ Епік
Қосбармақ Саназар Мүнәсіпұлы
Қосбармақ Жұбаназар
Көрпе Ұзақбай Есқожаұлы
Көрпе Майқалпыр Сәрсембайұлы
Көрпе Әби Тұманұлы
Көрпе Қуатбай Көпбергенұлы
Көрпе Әзбала Қуатбайұлы
Көрпе Бисен Кенжебекұлы
Көрпе Қалабай Маяұлы
Көрпе Есен Бозайұлы
Көрпе Сәрсембай Бәйменұлы
Көрпе Төлеш Майқалпырұлы
Көрпе Нұржау Сәтібайұлы

Әгеб: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. — Алматы: ТОО «Әлем Даму Интеграция», 2017. 856 б.; *Жаңбыршыұлы Т.* Мен айтайын — бабаңнан. Алматы: «Үш қиян», 2001. 308 б.

ҚҰДЫҚШЫНЫҢ ҚҰРАЛ-САЙМАНДАРЫ — құдық қазуға, құдық ішін тазалауға қолданытын құралдар. Үстірт, Маңғыстауда шығырау қазу үшін жер тасты болғандықтан тасшы, тамшылар қолданатын құралдар құдық қазуға да қолданылады. Сүймен, шаппашот, қалақ, күрек, қашау, қырғы, қырғыш, ара, түртпі, пышақ, балға, балта қолданылады. Маңғыстау, Үстірт адайлары Солтүстікке жайлауға барғанда құдықты тазалау үшін белдеме атты күректі пайдаланған.

ҚҰЙ — құдық (Шығ. Қаз.: Зайс., Күрш.). Құдық «құй» деген көне түркі сөзінен шыққандығы М. Қашқаридың «Түркі сөздігінде» айтылады. Ноғайша *куйы*, құмықша *кьюю*, түркіменше *гуйы*. *Мал құйдан суарылады.*

Әгеб.: *Махмұд Қашқари.* Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік). 3 томдық. — Алматы: Хант. 1997.

ҚҰЙМАҚ — судың жиналатын ойпаң жері (Маңғ.).

ҚҰЙЫ — құдықтың саяз түрі (Маңғ.).

ҚҰЛАҚ¹ — егінге су жіберетін арықтың аузы, су жіберетін жері және су мөлшері.

ҚҰЛАҚ² — шығырға шелекті балайтын сым темір.

ҚҰЛАҚ АҒЫТУ — суды арық-арыққа жіберу, жолын ашу (Жамб., Шу.).

ҚҰЛАҚ АУЫЗ — жапты жығып, атызға су жіберетін жер (Түрікм.: Таш., Тедж., Мары.). *Құлақ ауызды бекіте тұр.*

ҚҰЛАҚ АШУ — суды бөгеп тұрған жерін ашып, арық-арыққа су жіберу (Талд., Кир.; Қ-Орд.). *Жаңа құлақ ашып келдім.*

Әгеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005; Диалектологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

ҚҰЛАҚ БАЙЛАУ /ҚҰЛАҚ ҚАЙЫРУ – суды бөгеу, арыққа су жіберетін жерді бекіту.

ҚҰЛАҚ СУ/ БІР ҚҰЛАҚ СУ – егінге бір байламмен жіберілген судың көлемін білдіретін шартты өлшем. Суландыру жұмыстары суды құлақтарға бөлу арқылы реттеліп отырған. Кейбір өңірде Қ. с. мөлшерін белгілеудің мынадай тәсілі болған: белгілі бір мөлшерде шұңқыр қазып, оған сиятын су мөлшерін шартты түрде құлақ деп атаған. Оңтүстікте бір арыққа сиятын судың мөлшері орта есеппен бір құлақтан он екі құлаққа дейін жеткен. Берілген судың мөлшерін бірнеше түрге бөлген: *бір құлақ су, үлкен құлақ су* – бір құлақтан астам су, *екі құлақ су*, сондай-ақ, *баспа құлақ су*. Мұндағы *баспа құлақ су* аса үлкен ауқымды егістікті суаруға жарамды су дегенді білдіреді. Сыздықтап ағып жатқан азғана суды *шыбыш Қ. с.* деп атаған. Суармалы егіншілікте берілетін су мөлшерін Қ. с.-дан басқа *guipmen, кез, аяқ, uin су* сияқты дәстүрлі өлшемдермен беріп отырған.

Әгеб.: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық энциклопедия. 1 том. ҚРМОН. – Алматы, 2017.

ҚҰМЫРА /ШЫҒЫР ШЕЛЕГІ – шығырдың су көтеретін қыштан жасалған шелегі, оған 3 тен 6 литрге дейін су кеткен. Ернеуі мен бүйірі кең, ал түбін жіппен байланатындай етіп, үшкір сапты етіп жасаған.



Құмыра. Сыйымдылығы 5-6 литр. Қызылорда обл. Шиелі. Ы. Жақаев күріш өсіру тарихы музейі



Құмыра. Сыйымдылығы 3 литр. БҚО тарихи-өлкетану музейі



Құмыра. Маңғыстау тарихи-өлкетану музейі



Құмыра. ҚРМОН қоры.

ҚҰЛАН АРЫҚ — егіс даласына кететін арықшалар.

ҚҰЛЫҚ — шығырдың орын ағашының ұшы, шығыр шеңбері өсінің ұшы.

ҚҰМ ШЕЛЕК — құмыраға жіппен бау тағып жасаған шелек (Сем).

ҚҰРДЫМ¹ — өзен, көлдің ең терең жері.

ҚҰРДЫМ² — аз су, мардымсыз су (Сем.: Көкп., Ақс.). *Мынау арықтағы суды біз құрдым дейміз* (Сем., Көкп.).

ҚҰРМАУ ҚАЙЫҚ — суға құрмау құратын қайық (Шығ.Қаз., Күрш.). *Олар құрмау қайықпен келді.*

ҚҰР ҚҰДЫҚ — суы тартылып құрғап қалған құдық. Құрғап қалған құдықты көміп тастаған немесе қайта аршыған.

ҚҰРЛАНУ — құдық, көл, дария суының тартылуы. Тартылу су көзінің аздығы, судың төмендігі немесе су көзінің бітелуінен болады.



Көміп тастаған құрланған құдық орны.
Қ.Орда экспедициясы материалдарынан

ҚЫЗЫЛ СУ — көбіне қысы қатты аймақтарда, қыстыгүні суы мол өзендердің бетіне мұз жарығынан шығып қашқан судың атауы. Қ. өзендегі су көлемінің күрт көбеюіне, мұз астындағы қысымның жоғарлауынан сияқты гидрологиялық процестердің нәтижесінде пайда болады. Қ. кейде қар ерте және қалың түсіп, бетіне мұз қатпай қалған жер асты сулары мол саздауыт жерлерде де байқалады. Жер бетіне жақын орналасқан сулы қабаттың кейбір бөлігі қысы өте қатты және қарсыз жылдары қатып қалады. Ал, қар қалың түскен жағдайда қосылатын су

үстіңгі қабатты жарып, жер бетіне шығады да, тоң топыраққа сіңе алмай, Қ. болып жайылып, Қ. мұзына айналады. Сырдария, Шу өңірінде қысқы жайылымдарды Қ. басып қалатын жағдайлар жиі болып тұрады. Мұндайда қазақтар малды, қыстың күндері, өзен бойындағы қопалы, қамысты, шөбі шүйгін саздауыт жерлерден қырға шығаруға мәжбүр болатын. Малды көшіріп үлгірмесе жайылымдағы жылқылар үйірімен суда қалып қоятын жайттар болған. Жайылымдық жерді су басып, шөп қоры су астында қалып, мал азып кететін, тіпті суда қалып өліп қалатын. Осыған байланысты Қ. жайылған жылдар жұт деп есептелмесе де, соған жетеғабыл жайт деп есептелген.

Әгеб.: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. Алматы: ТОО «Әлем Даму Интеграция», 2017. 856 б.

ҚЫЛ БАҚЫР – шелек (Қарақ.).

ҚЫЛАТА – өзеннің өте еңсіз жері (Алм., Іле).

ҚЫРМАЛМАН – шығырдың орын ағашын түйістіретін ұя (Қост.).

ҚЫЛАША АРЫҚ – егіс даласына тарайтын ұсақ арықтар (Шымк., Қызыл қ.). *Суармалы бигайды қылша арық арқылы суарамыз.*

ҚЫРАУ СУ – қыраудан жинаған су. Үстірт қырындағы су тапшы жерде күзеуге келгенде бұты басындағы қырауды жинап ерітіп ішкен. Жерің сорымен ашып ащы қырау суын қайнатпас бұрын отқа әбден қызарып қыздырылған көсеуді салып, зиянды микроптарды өлтірген. Шәйнек түбіне қатқан қақты даладағы кәдімгі *алгатөмнек* (термиттер) деп аталатын қызыл құмырсқалардың «үйінен» алынған топырақты суға салып қайнатып шайып кептірген.

ҚЫШҚҰДЫҚ – суда шірімес үшін қатты күйдірілген қышпен шегенделген құдық. Қышпен шегендегенде су көзіне көз қалдырып өріп отырған. Құдықтан шығатын адам аяғын қоятын текпішек қойып, яғни бір кірпішті қырынан қойып өрген. Құдық шегендеуге суда шірімес үшін қатты күйдірілген қышты қолданған. Қала өркениетіне сай салынған күйдірілген кірпіштен өрілген кірпіштен қабырғасы құдықтардың қолданыс аясы мен қалану технологиясын анықтау үшін Қазалы қаласы мен Қызылорда қаласында сақталған 19-20 ғасырдың бірінші жартысына саятын кірпіш құдықтарды алдық.

1878 жылы Айтбай қажының қаржысына Әулиеата шеберлері – Ысқақ пен Камал салған «Айтбай мешітінің» ішінде құдық барын естіген едік. Қасиетті мекеннің ішіндегі құдықтың ерекшелігін «Айтбай» мешітінің имамдары: «Басқа қалалармен салыстырғанда Қызылорданың ауа-райы жазда өте ыстық екені белгілі. Ширек ғасырдан бері келе жатқан мешітте салқындатқыш құрал болмаған. Қанша ыстық болса да, имандылық үйінің ішкі ауасын бірқалыпты ұстап тұруына мешіт құдығының болуы әсер



Қазалы. Қыш құдықтардың қабырғасы



Айтбай мешітінің қыш құдығы

етеді. Құдық суы ауаны тазартады» дейді. Қазіргі таңда құдық бетіне арнайы қақпақ жауып, оның бетіне кілем төселген. 1980 жылы «Қазақ жобалау қалпына келтіру» институты мешіттің толық жаңғырту жобасын жасағанда, құдықтың ауыз жағы, жоғарғы 2 метр деңгейіне реставрация жасалып, өз кірпіші орнына жаңа кірпіш қаланған. Өзінің күйдірілген қызыл кірпіші төменгі 2,5 метр деңгейінде қалған. Құдықтың жаңадан қаланған жоғары бөлігі өз диаметрінен 15 см дей диаметрге кішірейген.

Ортағасырлық қыш құдықтарда құдық түбін тазалау үшін түсетін адам аяғын салатын текпішектер болған. Текпішектер көлденең қыш қабаттарының арасынан бір қышты тігінен салып өріп кету арқылы салынған. Әдетте текпішектер диаметрі тар құдықтарға салынған. Текпішекті құдықтар ортағасырлық өркениеті дамыған Орта Азия және Шығыс мемлекеттерінде көп кездескен. «Бабырнама» жылнамасында Кабул қаласында осындай текпішекті құдық құрылымын сипаттай отырып, жергілікті тілде «ваин» деп аталатынын жазған.

Әгеб.: БҚО, Қ.орда экспедициясы материалдарынан.

ЛАНДШАФТҒЫҚ ТЕРАПИЯ

— табиғаттың әсеемдігімен, орман, теңіз, өзен, тұзды көлдердің т.б. табиғи орта әсерін қабылдау арқылы емделу.

ЛӘМДЕУ — су бүркіп, ылғалдау, дымқылдау (Қарақ.).

МАГИЯ — белгілі бір мақсатқа жету үшін тылсым күшті қолдану. Бұлақ, қайнар көздері суларын емдік мақсатқа қолданарда әулие әмбиелердің рухын шақыру, Су

патшасы Сүлейменге сиынып медет сұрау немесе емдік суға дұға оқып, дем салу арқылы судың емдік қасиетін күшейтеу.



Аралдың солтүстік-шығыс бетіндегі құдықтар жүйесі. 1886-1889 жылдар, әскери-топографиялық зерттеу бойынша. ҚРОМҚДМ қоры.

МЕТЕЙ – су құятын күбі шелек (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Гур., Маңғ., Қарақ.). Күбі шелек қайың немесе емен ағаштың бірнеше қиындысынан ағаш шеге арқылы бекітіліп, темір құрсау салынады. Суға салғанда ағаш қиындысы сәл ісініп *Мал басындағыларға метей жеткізбелі* (Түрікм., Красн.). *Торғын әйкелдің түбіне барып, арқасындағы метейін түсіргі* (Ә. Кекіл., Бір шөкім.)

МЕС ҚАУҒА/КӨН ШЕЛЕК – шыңырау құдықтан 5-10 шелек су сиятын суды тартып шығару үшін жасалған тері мес. Тері местің аузы дөңгелек, шеңбер немесе төртбұрышты етіп құйылған «шанықбақ» деп аталған темір құрсауға бекітілді, мес қауғаның аузының көлемі аналдыра санағанда 6-7 сүйемдей болған. Мес қауға ұзындығы 1½ болатын ағаш сапқа бекітілді, ағаш саптың екінші басы 30-40 см болатын тері таспа арқылы арқанға жалғанып, су түйе көмегімен тартылды.

МАҢҒЫЛ – шелек (Ауғ., Ир.).

МАСТЫҚ – шығырдың өрлігі (Қ.орда).

МОЙЫНАҒАШ – түйе шығырды айналдырғанда шығып кетпес үшін орнатылған ағаш (Маңғ.). Мойынағаш түйе мойнына байланады.

МОНТЫ – кішкене шелек (Өзб., Тамды).

МОРАН – қатты желде теңіз суының ығысып тасуы (Маңғ.).

МОЙЫН СУ / ЖЕЛКЕ СУ – маусымдық егін суы, яғни егіннің екінші рет суарылуының жергілікті жердегі атауы. Егіс алқабын бірнеше рет суару әр аймақтың өзіндік ерекшелігіне байланысты қалыптасады. Егін алқабан жыртпай тұрып егістікке жіберілген су – *жер су*; егістік алқабына дән сеуіп, ол дән қылқиып өскенде суарылған су – *топырақ су*; егіннің бас жарып, мойын соза бастаған кезінде тез көтеріліп, тез пісуі үшін екінші рет берілген су – *мойын су* немесе *желке су*; үшінші рет суару үшін берілгені – *орақ су* немесе *сарын су* деп аталады.

МҰРАП – арық суларын қолдануды, егіске бөлінетін тоған суларын реттеуші адам, тоғанбасы, дәстүрлі ортада қалыптасқан кәсіп (Алм., Жам.; Қ.орда; Қарақ.). Мұрап сөзі араб тілінен аударғанда «*әмір*» – басшы, «*аб*» – су деген мағынаны береді. Егісті қолдан суаратын аймақтарда Мұраптың атқаратын рөлі зор. Олар суды егіске бөлетін арық, атыз, тоғандарды жөндеу жұмысын жүргізіп, ұйымдастырады. Мұраптық суармалы егін шаруашылығы басым Оңтүстік Қазақстан өңірінде көп қолданылады. Мұраптар ауыл арасында Арық ақсақалы деп те аталды. Көктемде жер жырту, арық қазу, егін егу, егістікті суару, оларды пайдалану, тоған суларын пайдалану ісі ақсақал-мұраптардың басшылығымен жүзеге асты. 19 ғасырдың аяғында мұраптар құқықтық мәртебеге ие болған. 1896 жылдан бастап Патша ағзам тағайындаған «Мұраб» жазуы бар төсбелгі тағынып жүрген. Мұраптар 1 жылдан 3 жылға сайланып қойылды. Егістік иелері мұраптарға бірлесіп ақы төлеп отырған. Арық ақсақалдары

қызметі үшін шапан, жылқы, егін жұмысы аяқталған уақытта 100 ден 200 пұтқа дейін астық алды, салықтан босатылды. Егісті қолдан суаратын аймақтарда ірі арықтардың суларын егістікке жіберу жүйесін қадағалаушы адам, егіске бөлінетін тоған суларын реттеуші адам — мұраптың атқаратын рөлі зор болды. Мұрап — «мур-об» деген араб сөз, яғни «мур» — әмір, «об» — су деген мағынаны білдірген. Мұрап пен тоғанбасының қызметі бір десе де болады. Олар суды егіске бөлетін арық, атыз, тоғандарды жөндеу жұмысын жүргізіп, ұйымдастырды. Мұраптық қызмет суармалы егін шаруашылығы басым Оңтүстік Қазақстан өңірінде көп қолданылды. Мұраптарды ауыл арасында «арық ақсақалы» деп атау біз зерттеп отырған Сыр өңірінде кең қолданды. Көктемде жер жырту, арық қазу, егін егу, егістікті суару, оларды пайдалану, тоған суларын пайдалану ісі ақсақал-мұраптардың басшылығымен жүзеге асты. Мұраптар 1 жылдан 3 жылға сайланып қойылды. Егістік иелері мұраптарға бірлесіп ақы төлеп отырған. Арық ақсақалдары қызметі үшін шапан, жылқы, егін жұмысы аяқталған уақытта 100 ден 200 пұтқа дейін астық алды, салықтан босатылды. 1908 жылы Перовск уезінде 10, Қазалы уезінде 6 арық ақсалы қызмет еткен. Мұраптар мен арық ақсақалдарға төленетін ақы егінші халықтан жиналған. 1908 жылы Перовск уезінде арық ақсақалдарға төленген қаржының жалпы көлемі 6100 рубль, ал Қазалы уезінде 5400 рубльді құраған. Мұраптар «сырықшы» деп те аталған, себебі ол қолына сырық алып, әр адамға шамасына қарай қазатын жерін сызып, бөліп берген. *Суды мұраптан сұрамаса болмайды* (Қ. орда, Қарм.). *Әкең мұрап болғанымен, жерің ой болсын* (Мақал; Қарақ.)

Халық арасында мұрап қызметімен байланысты нақыл сөздер, мақал мәтелдер тараған:

*Жақсы мұраптың артынан су ереді,
Жаман мұраптың артынан дау ереді.*

*Су патшасы мұрап,
Түн патшасы шырақ.*

*Әкең мұрап болса да,
Су құлағының басына орналас.*

*Мұрап суының сағасын айтар,
Шопан өсірген қойын айтар.
Өлеңші өлең айтқан тойын айтар,
Ұста соққан тамын айтар,
Диқан шығымды еңбегінің бабын айтар.*

Әдеб.: Александров Н.Н. Земледелие Сырдарьинской области. Часть I. Общие приемы земледелия. Отдельные отгиски из журнала «Туркестанское сельское хозяйство» за 1916-1918 гг. Ташкент, 1920; Смирнов Е. Сырдаринская область. Описание, составленное по официальным источникам. СПб., 1887; Султан Мендали Пиралиев. Из Зауральской степи. Письмо к редактору «Дня» // День. №28. 1862. С. 12; Сырдарьинский бассейн и его будущее значение // ТВ. 1888. №51. С. 2-3; *Дингельштегт Н.* Опыт изуче-

ния ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область. Ч. 1-2. СПб., 1893, 1895.

МҮКІМ ҚАЛУ — сусыз қалу (Алм., Гв.). *Суаратын суымыз болмай, егiнiмiз мүкiм қалды* (Алм., Гв.).

НАҚ СУ — ішуге арналған таза су (Шығ. Қаз.).

НАРСАЛМА — шығырдың науасынан басталған үлкен арық (Ақт., Қ.орда).

НАУА¹ — су диірменіндегі су ағатын тақтайдан жасалған арықша (Жамб., Мойын.).

НАУА² — құдық басына орнатылған астау түрінің жергілікті атауы. Арал-Сыр өңірінде науаны ірі малдың терісін екі ағаш тақтаға керіп жасайды.

НЕКЕ СУЫ — екі жастың отбасын құру туралы шешімін ислам шартына сәйкес неке қию салтында неке дұғасын оқығаннан соң некеаяққа құйып бір рет ішетін ритуалдық су. Неке суына ыдыс түбіне алтын, күміс сияқты әшекей салған. Қазалы уезінде неке ыдысына су құйылып, қалыңдық ыдысқа күміс сырға немесе сақина тастайды да, ыдысты ақ орамалмен жабады. Күйеу жігіт сол орамалдың шетіне ағаш байлайды. Неке қиылып болғасын, неке суын алдымен күйеу, содан соң қалыңдық, одан қалғандарын қатысып отырған куәлар ішіп шығады. Ақ орамалды куәлар алады, ал ыдыстағы әшекейді некелескендер алып, оны некелерінің белгісі ретінде сақтайды. Некесі қиылған жастар арнайы тігілген отау үйге кіргізіліп, оңаша қалдырылады. Н. Калмаков бойынша неке ыдысына сақина немесе сырғаны қалыңдықтың өзі тастайды, содан соң беті орамалмен жабылады, дұға оқылып біткен соң тостақандағы заттар шығарылып барып, күйеу мен қалыңдық неке суынан ұрттайды. Ал, П.Е. Маковецкий бойынша неке қию қалыңдықты аттандырар алдында «*отаусалар*» дәстүрі алдында өтіледі. Молда неке қиюды «аумин, аулакбар» деп бата айтудан бастайды. Қалыңдық құрбыларымен шымылдық артында отырады, ал күйеу жігіт екі куә, өкілдермен киіз үйдің ортасында отырады. Молда куәлер арқылы қалыңдықтың әкесінен «өз қызын пәленше деген адамға беруге келісе ме?», «барлық қалың малды алды ма, неке қиюға кедергі жоқ па?», ал күйеу жігіттен қалыңдықтың және оның әке-шешесінің атын айтып (бәленше қызы түгеншені) «өзіңе жұп қылып алуға келісесіз бе», — деп сұрайды. Күйеу жігіт «қабыл қылдым, қабыл тұттым», — деп жауап береді. Осы сұрақты қалыңдыққа да қойып, осындай жауап алады. Әр сұраққа жауап алғаннан кейін олар міндетті түрде «*куә жырын*» айтып отырады. Содан кейін молда «хұтба» дұғасын оқиды. Содан кейін су ішіне тиын, сақина, жүзіктер салынған ағаш аяқ әкелініп, оған молда дем салып, «үшкіргеннен» соң, куәлар күйеу жігіт пен қалыңдыққа, одан кейін қатысып отырғанда ұсынады, әрқайсысына бір жұтымнан су ішкіздіріп шығады. Бұл «*неке суы*» деп аталады. Қазақтар неке суына әдетте аздап, тұз, қант қосқан екен. Су — екі жастың пәктігіне, тұз — егер екі жастың

бірі келешекте опасыздық етіп, некені бұзса, дәм атуына, қант — екеуінің тату-тәтті өмір сүруіне деп ырымдалған, ал сақина неке ескерткіші, некені мәңгілік еске түсіріп тұратын белгі ретінде саналған. Күйеу мен қалыңдық ыдыстың бір жерінен ішу керек. Бұл олардың ендігі жерде бірге болатындықтарын білдіреді. Некеқияр аяқталған соң қыз ата-анасы күйеу жігітке «құлыңызға бір сүйек бердік, мұны жақсылап күтіп бағыңыз, азар беріп, ұрма, бимаз жаман сөйлемеңіз», «менің атыма нұсқан келтіріп қызыма қорлық көрсетпегейсің» дейді, қыздарына «балам жаман болма, атаңа нәлет келтірерсің», «менің атыма кір келтірмегейсің», — деп ақыл-кеңес береді. Некесі қиылған жастар арнайы тігілген отау үйге кіреді.

Әгеб.: Калмаков Н. Некоторые семейные обычай киргизов северных уездов Сыр-Дарьинской области. Кауфманский сборник, изданный в память 25-ти лет истекших со дня смерти покорителя и устроителя Туркестанского края генерал-адъютанта К.П. фон-Кауфмана 1-го». М.: Типо-литография И.Н. Кушнерева и К. 1910. С. 221-228; *Кустанаев Худабай.* Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов. Сочинения воспитанника IV класса Туркестанской Учительской семинарии. Под редакции Н.А. Воскресенского. Ташкент: Типо-Литография Бр. Перцевых, 1894; *Ф.Л-ий.* Свадебные обычай у киргизов Оренбургского ведомства. Московские ведомости, 1862. №151, 154, 158.; *Н.-Дж-баев.* Свадебные обычай киргизов. Степной листок, 1893, №36-37.

ОБАШЫҚ — ескірген, суы таяздан шығатын көне құдық.

ОЙМА ҚҰДЫҚ¹ — аузы тар, әрі суы таяздан шығатын құдық.

ОЙМА ҚҰДЫҚ² — ауыз су үшін қазылған, суы 1 метр тереңдіктен шығатын, көкбұты немесе дүзгенмен шегендеген құдық (Қ.орда).

ОЙПАҢ — шөлді, құмды, сазды жерлерде қар, жаңбыр сулары жиналып, шағын таяз көлге айналатын табиғи сайлы, ойыстау жерлер. Ойпаңнан жылқы үйірі су ішеді.



Ойпаң. Арал, Сазды

ОҚ – атыздың айналасында су жүретін арық.

ОҚПАН – опша, су обайтын жер(Қ.орда, Арал).

ОМА – су ішіндегі кішкене құрғақ жер (Гур., Маңғ.).


ОМАН АРЫҚ – үлкен арық (Жамб.).

ОП – шығырды айналдыратын көліктің жүретін жері, оның айналатын алаңы (Ақт, Ырғ.).

ОРДАЛЫ ҚҰДЫҚ – бір-біріне жақын орналасқан бірнеше құдық немесе бір өңірден жиі қазылған құдықтардың жалпы атауы. Ордалы құдықтар су таяздан шығатын, топырағы жұмсақ өңірде қазылған.

ОРПА¹ – аузы кең, суы таяздан шығатын, құмнан қазылған уақытша қолдануға қазылған құдық (Түрікм.: Красн., Небид., Ашх., Таш., Байр.; Гур., Маңғ.; Ақт., Жұр.). Орпа құдықтар тақыр, құмды, құмдақ жерлерден қазылады. Бұл соңғылары көбіне маусымдық сипат алады да, қазу техникасына онша көңіл бөлінбейді. Маңғыстау ойындағы орпа құдықтардың негізгі дені тайыз. Тереңдігі 4-5 метрден аспайды. Олардың ішкі жақтауы ғана мүмкіндікке қарай таспен, тасы жоқ жерлерде жыңғылмен, сексеуілмен шегенделеді. Ал құдық қазылатын жерін *орпалық* деп те атаған. Орпа құдықтардың кең етіп қалығандықтан беті ашық болады, бетіне табылса көлденеңнен ағаш қояды. Пайдаланып болғасын, көміп тастайды. Үшорпа, Қоңырорпа, Жаңаорпа, Ащыорпа, Тереңорпа, Ауызды орпа, Ақорпа, Төропасияқты жер атаулары құдықпен байланысты екені анық. *Орпа тереңдігі екі сажын құдық* (Түрікм., Красн.).

Әгеб.: Пельц В. Очерк Южных Кизыл-кумов. Самарқанд: Типо-литография Т-ва «Б. Газаров и К. Слиянов», 1912. 64 с.; Поляков С.П. Историческая этнография Средней Азии и Казахстана. М.: Издательство Московского университета, 1980. 168 с.



ОРПА² – тақырға жиналған жауын, қар суын ұзақ сақтап қалу үшін тақырды айнала жиектей қазылған шұңқыр. Құмды жерлерде қыста жауған қар бір шұңқырға жинап төбе болғанша үйеді. Қар суын ауыз суға пайдаланғанда кесек немесе қыш сынығын күйдіріп салады, сонда қар суының қағы бөлініп шығып, ауыз суға жарайтын болады.

ОРПАЛЫҚ – су тайыздан шығатын құмды жерден құдық қазуға таңдалатын жердің атауы (Гур., Маңғ.).

ОРТА АРЫҚ – үлкен арықтан шығып, әрбір колхозға кететін арықтар (Шымк., Шәу.). *Орта арықпен әрбір колхозға су кетіп жатыр.*

ӨЗЕН – халық түсінігінде сан-салалы бұлақ суларының әр тұстан қосылып, кең арналы ағынға айналған түрі. азақстанның ресми географиясы бойынша ұзындығы 100-ден 500 шақырымға дейінгі орташа өзеннің саны 300-ден астам, ал ірі өзендердің саны – 23. Өзендерге сай-саладан бұлақ сулары қосылып, ұзындығы ондаған, жүздеген шақырымға созылады. Кейбір өзендер сол алқаптағы көлге құйса, ал қайсыбір өзендер, мысалы, түстіктегі Талас, Шу өзендері, көлге, теңізге жете алмай құмға сіңіп аяқсиды. Ондай жерді су аяғы құрдым дейді. Торғай өзенінің аяқсыған тұсында *Құрдым* деген жер аты бар. Кейбір өзендер Жайық, Сыр, Ертіс, Іле сияқты дарияларға құяды. Ертеректегі халық тілінде *Жайықтың суы, Ертістің суы, Сырдың суы, Іленің суы* деп айтылған. Ал Жайық өзені, Ертіс өзені, Сыр өзені, Іле өзені деген қолданыс беріректе пайда болған атауларға ұқсайды. Осыған қарағанда, ұлы дариядан кішірек суларды, мысалы, Атырау жазығындағы *Ойыл, Жем, Сағыз*; терістік жазықтағы *Есіл, Нұра, Тобыл*; түстік шығыстағы *Басқан, Көксу, Ақсу, Тентек* т.б. сулар халықтық жағрапияда өзен деп аталса керек.

Өзен атауларының мазмұн құрылымында халықтың тұрмысы мен мәдени өміріне қатысты, бірақ қазіргі кезде көмескі тарта бастаған ақпараттар болады. Мысалы, Торғай алабында Қараторғайға құятын *Қарынсалды, Сабасалды* деген су аттары (гидронимдер) бар. Өзен атауының сабамен байланысты екені аңғарылады. Бұл – толық емес тілдік ақпарат. Алайда неге «Саба салды?» деген сұрақ ойда тұрады. Сондықтан оны әрі қарай ашу керектігі байқалады. Шамасы, ертеректе ас бергенде, дүбірлі той өткізгенде, бие байлап саба-саба қымыз әзірлейтін қолайлы жер болғандықтан, «Саба салды» деп осылай аталған болуы мүмкін. Ал өзеннің *Қарынсалды* деген атауындағы кодқа салынған ақпараттар тым көмескі. Оны ашатын нақты дерек әзірге қолда жоқ.

Халықтық атауларда апеллятивтердің (яғни *су, өзен, көл* т.б. халықтық жағрапия терминдерінің) сан есім сөздермен тіркесуінен жасалған *Үшбұлақ, Үштентек, Бесқайнар* (Талдықорған аймағында), *Қырыққұдық* (Торғай жерінде), *Жетісу* (Оңтүстік Шығыс аймақта) т.б. атаулар (гидронимдер) ұшырасып

отырады. *Жетісу* шөбі шүйгін, суы бал, топырағы нәр жер жаннаты ғана емес, қазақ елінің ертеден келе жатқан этномәдени ошақтарының бірі. Алайда *Жетісуға* қандай жеті судың (қазіргіше айтқанда өзендердің) кіретіні жөнінде әртүрлі пікір, әрқилы пайымдаулар бар. Белгілі тарихнамашы Құрбанғали Халид қазақтардың Ертіс, Еділ сияқтыларды «дария», орташаларын «өзен» деп, олардан кішірегін «су» деп атайтынын айта келіп, Алатаудан ағып, Балқашқа құятын жеті суға *Іле, Көксу, Қаратал, Ақсу, Басқан, Сарқант, Лепсі* өзендерін жатқызады. Ал *Шыншылы, Үштентек, Жамантау, Сеңгіртау, Арғайту* өзендерінің Алакөлге құятынын айта келіп, «Біреулер *Аягөзгі* жеті суға қоспақ болады, ол дұрыс емес. Аягөз Арқаның суы» — дейді (175-б.). Мәскеуден шыққан «География. Энциклопедический словарь» атты кітапта *Жетісу* атауын құраған жеті суға *Іле, Қаратал, Ақсу, Бүйен, Лепсі, Басқан, Сарқант* өзендерін жатқызады. Кейбір тарихи деректерде Аягөз бен Шу аралығындағы өлкені *Жетісу* деп тұжырымдайды.

Әгеб: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық энциклопедия. 1 том. ҚРМОМ. Алматы, 2017.

ӨТКЕРМЕ — үлкен арықтан кішкене арыққа су өткізетін құбыр (Түркіст.). *Өткерме арқылы егіске су жібер* (Түркіст.).

ӨЛКЕ — өзен (Ақт., Қараб.).

ӨЛКЕ — сай, өзек (ҚХР).

ӨЛКЕЛІК — су жиналатын ойпаң жер (Маңғ.).

ӨР СУ — қырдан ағып келген су (Гур., Маңғ.).

ӨСЕН АРЫҚ — үлкен арық (Түркістан).

РӘШІ — бөгет түрі (Қарақ.).

РЕУІН АЛУ — арықтың ішін тазалау (Қарақ.).

САЛ/САЛ АҒЫЗУ — бөренелерден, бума қамыстан, буылған тал бұтақтарынан жасалған қарапайым жүзу құралы. Су жолымен адамдарды, жүктерді тасымалдауға арналған су көлігі өзен-көл маңайында өмір сүретін қазақ халқы үшін ең ыңғайлы уақытша қатынас құралы болды. Қамыстан, қоғадан, талдың бұтағынан баулап жасалған түрлерінің диаметрі 50 см-дей, ұзындығы 4-5 метр шамасында болған.

Бұл 6-8 буманы қатарластырып қойып көлденеңінен (асты-үстінен) 3-4 жерден мықты сырықтар салып, өзара арқанмен тартып буып, үстіңгі жағына тақтайдан немесе сырғауылдардан төсеніш салынып, олар да арқанмен шандылып бекіткен. Мұндай сал көліктер 2-3 адамды немесе жүкті үлкен өзендерден өткізуге жарамды болған. Арасына су сіңіп, көтеру қасиеті төмендеп кетсе қолданыста алып тастаған. Сол себепті де сал бір жазға ғана шыдайтын, уақытша су көлігі болып саналады. Өзеннің қатты ағысына шыдамай, өзендегі жартастарға, тастарға тигенде ыдырап, тез бұзылғандықтан уақытша маусымдық мәні бар көлік болды. Көбінесе мұндай салдарды көш барысында, әскери

жорық кезінде өзен-көлдерден өту үшін қолданған. Үлкен өзен-көлдерден жүзіп өту үшін адамға көмекші құрал ретінде қамысты қолтығына буып алып, екінші қолымен жүзу арқылы келесі жағаға өткен. Әсіресе ағысы қатты Сырдария өзенінде қамыс суға батпағандықтан шом қамыстарды қолданған. Ерте кезеңдерде бітеу теріні үрлеп алып үлкен өзен-көлдерден жүзіп өтуге, ал бірнешеуін қатарластыра байлап өзендерден жүк тасып өткізетін сал жасалғаны туралы ауызша мәлімет кездеседі.

Орталық Азия мен Қазақстан жеріндегі ағашы жоқ далалық жағдайында үлкен өзеннен жүзіп өту үшін ерте кезде бітеу сойылған мал терілерінен үрлеп толтырылған «мес сал» жасалған. «Собрание сочинений о Туркестанском крае вообще и сопредельных с ним стран Средней Азии» атты Түркістан жинағының 287-ші томында Ауғанстан жерінде ағылшын әскерлерінің мес салды пайдаланғанын көрсеткен суреті берілген. Суретте ірі малдың отыздан асқан үрленген местерін қатарластыра қойып, үстіне шыбықтардан өрілген беткі қабатын төсеген. Бұл мес сал 19-ға жуық адамды көтеріп тұр. Ауа толтырылған местерден сал, қалқымалы көпір жасап үлкен өзендерде өткел ұйымдастыру әскери жорықтарда жиі қолданылған. Ал, қазақтарда да сал жасау үшін бітеу сойылған ұсақ малдың терісін дәстүрлі мес жасағандай етіп, мойын тесігінен ауа үрлеп толтырады да мықтап бекітеді. Өзеннің таяздау жерінде бірнеше месті өзара біріктіріп байлап, үстіне тақтайдан тепкішек алаңша жасалады. 20-30 мстен жасалған қалқымалы сал 1500 кг.-ға дейін жүк көтеретін. Бірақ бұл салдың түрі біздің дерек көздерінде кездеспейді.



Сырдариядағы салдар. «Живописная Россия: Отечество наше в его земельном, историческом, племенном, экономическом и бытовом значении», 1885 г.

Тек қана ауызша мәлімет тараған. Салдың келесі түрін бөренеден жасаған. Көбінесе аталған өзендерде ағысты бойлап, жүк тасымалдауда қолданылған. Қазақстанның оңтүстік аймағындағы далалық өзендерде сал терек, тораңғы сияқты жеңіл ағаштардан жасалса, еліміздің шығысы мен оңтүстік-шығыс бөліктеріндегі ірі өзендерінде сал, қарағайдан жасайтын.

Пішіні төрт бұрышты, қоға, қамыс араластырыла буылған, ұзындығы да, ені мен биіктігі де 2 метр шамасында болатын ыспа құралын Тасарал, 1-Балқаш балықшылары оны сал деп те атаған. Ыспа құралын бұрын қайықтың орнына қолданылған. Ыспаны Атырау облысы Маңғыстау ауданы, Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы, Ресейдің Орынбор қаласы, Қызылорда облысының Арал ауданының қазақтары шөп таситын құрал немес сүйреткі деп атайды. Салды ағызғанда алдыңғы жағында ұзын арықпен таяз жерлерден және жағалаудан итеріліп, өзеннің ағысына қарай бағыттап отырылады. Көп салмақты жүк тасымалдау үшін көлемі үлкен салды ұжымдасып, ауыл ауылдан көмек шақырылып бірлесе жасаған.

Қазақтарда сал қайықты көпір деген атау бар. Яғни жеке құрам мен әскери техникаларды су бөгеттерінен өткізуге арналған жүзбелі көпірді айтамыз. Жергілікті жердегі жүзбелі құралдардан немесе қолда бар материалдарды қолдану арқылы жиналуы мүмкін. Еліміздің шығысы мен оңтүстік-шығыс аймақтарында кесілген ағаштарды сумен ағызып тасымалдайтын тәсілді – «сал ағызу» деп атаған. Яғни, ағаштардың қалқымалығын пайдаланып, оларды көлік құралдарына тиемей тасымалдауды айтамыз. Кесілген қарағай бөренелерді елді мекендерге жеткізу үшін қолданған.

Салдар ағысқа қарсы жүзе алмағандықтан, басқару қиындық туып, арнасын жиі өзгертіп отыратын өзендерде қолданған. Сол себепті де жоғарыда айтып кеткендей қоға, қамыс сияқты жеңіл материалдардан жасап, белгілеген пунктке жеткен соң суға ағызып жіберген. Қазақтар көңіл-күйі болмай отырғанын, қатты шаршағанын, бастаған ісін бітіре алмағанын «салым суға кетті», «салым суға кетіп отыр» деп жекізген. Бұл салдың қолданыстық мерзімімен, әрі салдың суда ағатын, яғни суда қолданылатынымен байланысты. Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романында: «Мұқаштың салы суға кетті, не айтарын білмеді...» деген жолдарында еңсесі, ұнжырғасы түсіп кеткенін жеткізген.

Әдеб.: Терекбаева Ж. Қазақ халқының дәстүрлі су көлігінің тарихы (XVIII-XX ғғ.). // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы – тарих, әлеуметтік ғылымдар сериясы. №2, 2018. 234-240 бб.; «AP05135126. Қазақстанның аридтік аймақтарында сумен қамтудың дәстүрлі әдістері: этнологиялық және геоархеологиялық тұрғыда қарастыру» атты іргелі жобаның аралық есебі. 2018, 34-37 бб.

САЛМА¹ – егін араларына су жіберетін кішкене арық (Гур., Маңғ., Шевч., Қ.орда., Арал; Түрікм.: Таш., Көнеүр., Қарақ.). *Салмадан су жүріп жатыр екен* (Гур., Шевч.). *Су жұмысына кірісу ертелік етпейді* (Гур., Маңғ.). *Сарқыт жарнадан 50 метрдей жерге салма жасады* (Қ.орда, Арал). *Мен қазір салманың суын тоқтаттым* (Қарақ.).

САЛМА² – шығырдың егінге су жіберетін арнасы, арық (Ақт., Ырғ.). *Салма судан биік, әрі қалың соғылса, су еш жаққа ақпай, тура егіске барады.*

Әдеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005; Диалектологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

САМАР – қолшығыр шелегінің жергілікті жердегі атауы.

САРЫН СУ – егіннің үшінші рет суарылуы (Шығ.Қаз.).

САРЫ СУЛАР ТОБЫ. Сары сулар ұзындығы жағынан едәуір жерді алып жатады. *Сары* сөзі халық тілінде түр-түс ұғымынан бөлек «ұзақ», «ұзаққа созылған» деген мағынаны білдіреді. Мысалы, *сары аяз, сары ауру, сары уайым, сары жел, сары бел, сары гала* дегендегі *сары* «ұзақ», «ұзаққа созылған», «ұзыннан ұзақ» дегенді аңғартады. *Сарысу* дегендегі *сарының* да «ұзыннан ұзақ аққан» ұзаққа созылған суға байланысты айтылып тұрғаны байқалады. Сарысудың ұзындығы едәуір болғанмен, жазғытұрымнан кейін су деңгейі төмендеп, қуаңшылық жылдары әр тұста бір суы жылғалана ағып, үзіліп жатады, құмға сіңіп аяқсиды. Сары сулар жер-жерде *Сарыкемер, Сарыжылға, Сарыбұлақ, Сарыкеңгір, Сарыөзен, Сарысу* деген т.б. атпен аталады. Сары сулар тобындағы судың ең ұзыны Сарысу (800 шақырым) Телікөлге құяды. Бірақ қуаңшылық жылдары жылғаланып, иірім-иірімге бөлініп, Телікөлге жетпей аяқсып қалады. Қазақ жерінде сары сулар тобына жататын сулар аз кездеспейді, олар басқа да атпен аталып жатады. Бұлардың бастаулары тұма, қайнар, бұлақ болады да, сай-салада жиналған қар, жаңбыр суымен нәрленеді. Қара суларға қарағанда ағысты болады.

Сары сулардың бір тобы *бұлақ* апеллятивтерімен келеді. *Сарыбұлақ* (Шу алабында); *Сарыбұлақ* (Қарқаралы жерінде); *Сарыбұлақ* (Лепсі алабы). Сары сулар тобындағы бұл аталған сулар иірім, қарасуларға бөлініп кетеді, бір-бірімен жылғаланып қосылып жатады.

Сары сулардың тағы бір тобы *өзен* апеллятивімен келеді. *Сарыөзен* – Еділ-Жайық алабындағы өзен. Сары сулар тобындағы ең ұзын өзен осы, Сарай көліне құяды, жазда қарасуларға бөлініп кетеді. Суы кермек татиды. Қоңыраулы Торғай алабындағы жаз кезінде *Сарыөзен* де қарасуларға, иірімдерге бөлініп жатады; Ертіс алабындағы *Сарыөзен* де қарасуға, жылғаланған иірімдерге бөлініп ағады.

СӘД – кішкене арық (Ауғ., Ир.).

СОР / КЕБІР – геоморфологиялық ілім бойынша өз алдына рельеф типін құрайтын өсімдіксіз тақыр немесе сораңдардан тұратын өсімдіктері өте сирек тұзды шөлдердегі ойпаңдар. Жаңбыр кезінде түбіне су жиналып көлшік пайда болады. Күн ысыған соң тез құрғап қалады да, көп бұрышты жарықтар пайда болады. Сорда оңай еритін тұздар көп кездеседі, онымен бірге жер асты сулары жер бетіне жақын орналасады.

Сорғ яғни ащы су жиналған ойпаттың тұзға айналған орны. Сор тұздарын кесіп алып, мұздай суға жуып, үгітіп ас суға, малға жалатуға, тұрмыста аластау, бұлау сияқты қажетке пайдаланған. Сордың тұзды қабатының астындағы ақтасты қабатты ұй ағартуға, киізді ақ түске бояуға пайдаланған. Сор астындағы ақтастарды тұрмыстық қажетке, құрылысқа пайдаланған. Ал, тасты қабатын кесіп алып, оны күнге шығарғанда тас болып қатып қалған.



Сор. Арал ауданы



Жәңгір хан қорымындағы жергілікті сор астынан алынған тастан жасалған құлпытастар

Қазақ жерінің батысында сор қабатынан алынған тастан қорым, бейіттерге құлпытас қойған, үйдің еденіне де пайдаланған. Диірмен тастар да жасаған. Егер сор жер қабатының астында болса өсімдік тамырын күйдіріп жібереді.

Әгеб.: БҚО экспедициясы материалдарынан.

СУ — ашық су көздерінің ортақ атауы. Ашық суларға жылға, бастау, бұлақтан бастап дарияға дейінгі ұлылы-кішілі өзендер, сондай-ақ қақтың суы, көлшік, көл, теңіз жатады. Халықтың өзен-көл, өзен-су туралы жағрапиялық танымы оның ата кәсібі — малшаруашылығымен, сондай-ақ егіншілік, балықшылық кәсібімен байланысты болып келеді. Жер-су жағдайын малшы қауым судың тұнығы, шөптің сонысына қарап бағалаған. Ауыл, ел көбіне бұлақ-бастау, қопалы көл, өзен маңайына қоныстанған. Жер астынан шығып жататын жылы, айрықша дәмі, исі, емдік қасиеті бар сулар халық тілінде *арасан* (санскритше — *рашан*) деп аталған. Ал жербеті ағын сулары халық тілінде *жылға, бастау, бұлақ, өзен, көл, дария* т.б. деп аталған.

Судың пайда болуы туралы мифтік түсінікпен байланысты әртүрлі аңыз-әңгімелер бар. Олар, негізінен, үш түрлі мифтік сарыннан тұрады: 1) антропоцентристік таным бойынша өзен-көлдердің көз жасынан пайда болуы; 2) агнионимдермен байланысты, яғни өзен-көлдер әулие-әнбиелердің таяғы түрткен немесе аяғы тиген жерлердегі бұлақ көзінен пайда болуы; 3) анимистік түсінік бойынша жануарларды қасиет тұтумен байланысты өзен-көлдердің пайда болуы.

Бұлақ, өзен, теңіз алыптардың көз жасынан пайда болуы әлем халықтарының мифологиясындағы ортақ сарын. Үнді мифологиясында ғашығынан айырылған құдайтекті қыздың көз жасынан жер бетін су басып кетеді.

Қайғыдан көз жасының бұлақ, өзен пайда болуы қазақ мифологиясында кездеседі. *Атасу туралы аңызда: «Ерте кезде бір байдың қызы қойшыға ғашық болыпты. Әкесі онымен үйленуге тыйым салады. Ақырында, екі жас қашып кетеді. Бай қуғыншы аттандырады. Оларды қуып жеткен байдың мергені қойшы жігітті көздеп атып қалады. Қауіпті алдын ала сезген қыз жебені кеудесімен жауып үлгереді. Осылайша қойшы тірі қалып, сүйген жігіті үшін қыз байғұс мерт болады. Күйік тартқан әкесі марқұм қызын құшақтап, зар еңірегенде көз жасы көл боп ағып, соған қазіргі Атасу өзені пайда болыпты»* дейді.

Дәл осы сияқты Оңтүстік өңірде тараған «Жылаған ата» туралы аңызда атаның көз жасынан шипалы су, ананың көз жасынан бұлақ пайда болады.

Жайық ханның қызы Шыңғырлау ғашығына қосыла алмаған соң, суға кетіп өледі. Қайғылы ханның көз жасынан пайда болған өзен *Жайық* деп аталады.

Діни әдебиетте, аңыздарда айтылатын қасиетті, қастерлі судың *кәусәр* — «бейіштегі бұлақ», *Әбілхаят суы*, яғни «өлместің

суы», зәмзәм суы деп аталатын үш түрі бар. Мифтік аңыз-әңгімелердің тағы бір тобы өзен, бұлақ көздерінің пайда болуы пайғамбарлардың, әулиелердің аса таяғы мен аяғы тиген жермен байланысты айтылады. Бұлар қасиетті сулар деп есептеледі.

Діни аңыз-әңгімелерде Мұса пайғамбардың аса таяғы түрткен жерден бұлақтың көзі ашылады. Ысмайыл пайғамбардың Ажар (Хажар) ана құшағындағы сәби кезінде өкшесі батқан жерден Алла Тағаланың рақымшылығымен бұлақтың көзі ашылады. Елсіз шөл дала – Мәруа мен Сафаның аралығында қалған ана мен бала сол бұлақтан сусындап, тірі қалады. Бұлақ *Зәмзәм* деп аталады. Ажар ана бұлақтың жан-жағын таспен қоршап, баласымен сол маңды мекен етеді.

Діни аңыздарда Адамата Сәпи өсиет еткен кітап бар. Онда Кәпірдің арғы жағында бір бұлақтың суы сүттен ақ, балдан тәтті, сарымайдай жұмсақ, егер кімде-кім бір жұтым су ішсе, қияметке дейін өлмейді делінеді. Аңызда Қызыр пайғамбар өлместің суын ішіп, қияметке дейін өлмейтін болып тірі қалған дейді.

Ескендір Зұлқарнайын патша өлместің суын іздеп, алыс сапарға аттанады. Сөйтіп, мәңгілік өмір суын іздеп табады. Суды торсыққа құйып, ағаштың бұтағына іліп қояды да «ішсем қалай, ішпесем қалай болар» деп қалың ойға кетеді. Сол кезде бір құзғын қарға келіп, торсықты шұқып теседі де, өлместің суы жерге төгіліп ағып кетеді. Тұмсығына өлместің суы тиген құзғын қарғаның ұзақ жасайтыны содан болар делінеді.

Белгілі-бір уақиғаларды, тарихи тұлғаларды әспеттеп, аңызға айналдырып, мифтендіру арқылы халық санасынан өшірмей «сақтаушылық», ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп «тасымалдаушылық» миф атаулының негізгі бір қызметі болып саналады. Сөйтіп, тарихи тұлға географиялық нысанның атауына айналады. Арқадағы *Жасыбай көлі* атауы *Жасыбай батыр* туралы аңызбен байланыстырылған. *Жасыбай* туралы аңызда батырдың найза шанышқан жерінен бұлақ көзі ашылып, содан *Жасыбай көлі* пайда болыпты деседі.

Маңғыстау өлкесінде алып Ерсары асасымен түртіп қалғанда Үстүрт пен Ақтау қырқасында жарықшақ пайда болып, одан шыққан арналы су теңізге құяды.

Көлдің, бұлақ пен өзеннің пайда болуы жөніндегі мифтік аңыз-әңгімелердің бір сарасы қасиетті жануарды тотем тұтумен байланысты айтылады.

Солардың бірі – Ақбура туралы мифтік аңыз. Ертеде төсін аппақ ақшуда басқан ақбас бура болыпты деседі. Қасиетті бура елге келе жатқан қауіп-қатерді алдын ала сезіп, айналаны тынымсыз кезіп, боздай беретін көрінеді. Бұл аңызды ақын Сәкен Сейфуллин өлең сөз өрнегіне түсірген екен:

Ақбура көп жыл тауды қылған мекен,
Бір үлкен іс боларда сезеді екен.
Ол істі елге айтқандай маңайдағы,
Бақсыдай тауды айналып кезеді екен.

Сөйтіп, қауіп-қатердің хабаршысы болып жүрген Ақбура сұрмергеннің оғынан ажал табады. Қасиетті жануардың денесі таудай болып шөгіп жатқан тасқа айналып, боздағандағы көз жасынан Бурабай көлі пайда болыпты деседі.

Қазақтардың байырғы мифтік танымында тасыған судың иесі Ақбура болған деген тұжырымын тиянақтай түсу үшін фольклоршы ғалым А. Тойшанұлы қырғыздардың мифтік аңызынан параллель келтіре отырып, «*Қырғызда Ош өлкесінде Ак-Буура деген өзен бар. Халық оның түбінде су иесі Ак-Буура бар, ол басын төмен қаратып жатса, су тасиды, егер басын ағынға қарсы жоғары қаратса, су тартылады деп иланған*» — дейді. Сонымен, зерттеушінің пайымдауынша, Ақбура қазақ-қырғыздың ежелгі түсінігінде жергілікті өзен-су иесі болған.

Өзен-судың пайда болуын адамның көз жасымен байланыстыру ең көне дәуірдегі мифологиялық түсінікке саяды. Су адамның бір бөлшегі болса, адам судың бір бөлшегі деп таныған. *Сусыз өмір жоқ, отсыз темір жоқ* деп мақалда айтылғандай, бірінсіз бірі жоқ, олар біріне бірі тәуелді, әрі үйлесімді біртұтас әлем ретінде ұғынылған. Сондықтан суды қасиетті санап, кие тұтудың барысында өзен-суды мифтендіру адамзат қоғамының мифтік санасында ерекше орын алған.

Халықтың байырғы таным-түсінігінде жаратылыс атаулының бір бастауы (ең бастапқы табиғи элементі) топырақ пен ауа болса, енді бір бастауы — су. Бірақ бұлардың ешқайсы мәңгілік емес, су көл-дария, телегей теңіз болып жатқан жаратылыс болса да, оның шегі, таусылатын кезі бар деген түсінік *судың да сұрауы бар* деген концептуалды ұғымға негіз болды. Сөйтіп, «*судың да сұрауы бар*» деген ұғым мақал түрінде объективтеніп, халықтың өмір тәжірибиесінде басшылыққа алған тұжырымдамасына айналды.

Жаратылыстағы нәрселердің бәрі де, баршасы да өзара үйлесіммен жаратылған. Ондағы барша нәрсенің иесі, яғни өзді-өзінің құдайы бар. Иесі бардың киесі бар. Судың да иесі бар, *су иесі Сүлеймен* делінеді.

Тұрмыс-тіршілікте адамдар суды қажетінше пайдалана алады. Алайда судың киесіне ұшырамас үшін суды ысырап қылуға, күл-қоқыс төгіп былғауға, суға дәрет сындыруға, суға түкіруге тыйым салған. Адамдар өзен, бұлақ арнасының тартылып қалуынан немесе дүлей тасқынның астында қалудан, яғни су иесінің қаһарына ұшыраудан қорыққан. Құрғақшылық жылдары өзен-судың бойында тасаттық беріп, бауыздалған малдың қанынсуға ағызған.

Әуелде мифтік наным-сенімге қатысты ырым-тыйымдар бірте-бірте қоғамдық қатынаста сумен байланысты этикалық нормалардың орнығуына негіз болған. Суды ысырап қылмау, бұлақты, өзенді көң қоқыспен былғамау, ағын суды бөгемеу, арнасын бұзбау т.б. тыйымдар, сондай-ақ өзенге көпір салу, бұлақ басына ағаш егу, бұлақтың көзін ашу жұртшылық игілігі үшін

сауапты іс делінеді. Байырғы наным-сенімдер, сөйтіп бірте-бірте әлеуметтік этикалық нормаға айналған. Судың тұрмыс-тіршіліктегі алатын орны өлшеусіз екені, оны әр халық өз танымы, тұрмыс-салты, күнкөрісі тұрғысын бағалайтыны белгілі. Қазақтарда да солай. Оны халықтың мақал-мәтелдерінен, фольклор материалдарынан, ырым-тыйымдарынан т.б. айқын аңғаруға болады.

Мысалы, *су жүрген жер – шүлен; сулы жер – нулы жер* деген қазақ мақалы су тіршіліктің көзі, әрі молшылықтың этологны дегенді аңғартады. *Шүлен* деп суы мол, шөбі шүйгін жерді айтқан. Бұндай жер қашанда жомарт, адамға да, малға да берері мол. Соған орай *шүлен* атауы «мырзалық» «жомарттық» деген ұғыммен астасып жатады.

«*Бұлақты жер – тұрақты жер*» дейтін мақал «сулы жердің қонысқа қолайлы, шаруашылыққа ыңғайлы» екенін аңғартады. Малшы, егінші қауымның тұрақты қонысы өзен, бұлақтың бойы, көлге жақын қопалы жерлердің маңайында болған.

Қазақ мақалы «*өзен жағалағанның өзегі талмас*» деп кеңес береді. Аталмыш мақалдың мазмұны «тарығып, ашығып жүрген адам қармақ салып, балық ауласа да, тұзақ құрып құс ұстаса да, қамыстың борығын, қоганың сүйірігін талғажау етсе де, әйтеуір, өзен бойынан тамағын тауып жейді» деген ойды білдіреді.

Халықтың өмір тәжірибесінде (прагматикасында) «*аққан суда арамдық жоқ*», – деп, оны пайдалануға болатынын меңзейді, әрі «*ақпай тұйықталып, балдыр басып кеткен суды өлі су*» деп, оны ағын суға қарама-қарсы қояды.

Өзен-сумен байланысты мифтік, этикалық, прагматикалық көзқараспен қатар этнос санасында эстетикалық таным-түсінік те қалыптасқан. Халық «жерді байлық», «айды сұлулық», «суды молшылық пен жомарттық» дей отырып, *сүттей ақ, судай таза / сүттен ақ, судан таза; судай мөлдір* деп суды тазалықтың символы іспетті ұғынған.

Тамаша көрем десең, таңға қарай тауға бар, кешке қарай көлге бар дейді нақыл сөзде. Шынында, осындай ғибрат сөзден халықтың тауды да, өзен-көлді де адамның рухын көтеріп, эстетикалық нәр беретін жаратылыстың ерекше бір бөлігі деп түсінгенін байқауға болады.

Әгеб.: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. Алматы: ТОО «Әлем Даму Интеграция», 2017. 856 б.

СУАЙДАУ – су толық келу үшін арықты тазалап отыру (Алм., Жамб.).

СУАҚ – арна, арық (Тау, Қош.).

СУАЛМА – су жайылған жерді құрғаған соң жырту.

СУ АҒАР – тау арасындағы су ағатын шөпті жер (МХР).

СУ АЛҒЫШ – қонақ үйлерде сумен қамтамасыз етуші, шаруашылық қызмет түрі (Ауғ., Ир.).

СУ АТУ – су шығу, су ату (Павл.).

СУАТЧЫ – сушы, егін суарушы (Жамб.). Қырғыз тілінде де егін суарушыны суатчы дейді.

СУ БАЙЛАУ – суды бөгеу.

СУ БАСЫ – шығырдың үлкен дөңгелегі. Су басы су жүретін ауыттың үстіне орнатылады (Қост.).

СУ БАСЫ ЖОҒАРЫ БОЛСЫН! – егін суы мол болсын, шығымды болсын деген тілек мағынасында.

СУ БҮТ – шығырдың су басын ұстап тұратын ағашы (Қост.).

СУ БҰЛАУ – халықтық ем, этномедицинадағы халық білімі. Су бұлауға түсу үшін қаттырақ ысыған суды үлкен ағаш астауға немесе үлкен қазанға құйып, тұз салып түскен. Тұзды суға түсу көбіне қышыма ауруын емдеу үшін қолданылған. Сондай-ақ денеге бөртпе жаралар шыққанда әдіраспанды қайнатып та суға түскен. Дәреті жүрмей ауырғандардың аяғын ыстық суға салып бұлайды. Ол үшін су құйылған шелектің немесе легеннің ішіне қыздырылған екі қышты салады немесе қыздырылған қыш бетіне су бүркіп, науқастың екі табанын, екі қышқа қойып, үстіне көрпеше жауып отырғызады. Арал өңірінің емшісі Үмбетәлі мақсым осы емді кең қолданған екен.

Әгеб.: Қ. орда экспедициясы материалдарынан.

СУ ЖЫҒУ – суды бөгеп, байлап қойған жерді ашу, су жіберу.

СУ КЕЛДІ – теңіз, өзен тасығанда су келіп, қайтқан жер (Маңғ.).

СУЛЫҚ – шелектің тұтқасы.

СУМАЛМАН – шығырдың тіреуі. Орын ағаштың (тегеріш орнататын ағаштың) басын бекітіп тұратын ағаш (Қост.).

СУМЕК – қайыққа кірген суды төгетін ыдыс.

СУ САЛУ – су құю немесе құйылу (Гур.). Жел қатты болса, қайыққа су салып тыныштық бермейді.

СУ СҮТТІ БОЛСЫН! – егін салып жатқанда айтылатын тілек (Алм., Талд.).

СУСЫМАҚ – азғантай су (ҚХР).

СУ ТӨГЕР – қайықтың суын төгетін ыдыс (ҚХР).

СУ ҰСТАУ – егін суару.

СУЛЫ ҚҰДЫҚ – суы мол құдық.

СУЛЫҚ – суармалы егістік (Гур., Мақат).

СУ ИЕСІ СҮЛЕЙМЕН – қазақ ұғымында он сегіз мың ғаламның тілін (аң-құс, ағаш-өсімдік, бақа-шан, шыбын-шірей т.с.с.) тілін білген, қазақтың су иесі, су құдайы Көшпелілер үнемі құрлықта өмір сүргендіктен, судан қорыққан. Түнде өзенге бұлаққа, теңізге тіпті құдыққа барғанда су иесі Сүлеймен-тәңірге сыйынған. Егер оған құлшылық етіп тұрмаса, су иесі Сүлеймен су түбіне тартып кетеді. Мысалы: қараңғы түнде де, айлы түнде де, жалғыз суға барған адымды су иесі шықырлап су астына алып кетеді. Мысалы: суға түсерде (өзен көлге) «Су иесі Сүлеймен құдай көр» деп сыйынады. Суға түкірмеген, зәр сындырмаған

Шыңғыс ханның заңдарында (Ясақ-жосық) суға зәр сындырған адамды өлім жазасына кескен. Тәуке ханның жеті жарғысында суға зәр сындырған адамды 100-қамшы дүре соғып жазалаған. Көшпенділер аңызындағы Су иесі Сүлеймен-діни кітаптардағы Дәуіт пайғамбардың ұлы Сүлеймен пайғамбардан өзге қазақ патшасындағы өзінді кейіпкер. Су иесі Сүлеймен формуласының пайда болуына XVI-ғасырда өмір сүрген түркияның патшасы Сүлейменнің (бүкіл жерорта қаратеңіз бассейндер елдерін бағындырған) себебі болуы да мүмкін сүлейменнің теңіз флоты ортағасырдағы барлық теңіз жолдарын бақылауға алып түркия асып теңіз держовына айналды. мүмкін Сүлейменнің образы да асылдан шыққан шығар. Зайсан — қара Ертіс балықшылары балық аулар алдында Сүлейменге тәу етеді.

Су иесі Сүлеймен,
Судан балық тілеймін
Алабұға, мойбас,
Қармағыма жормас,
Қатандай қап балық.
Қармағында төрт балық.

Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Ақсу мен Сайрамсу өзендерінің аралығындағы жерде жерасты суының тереңдігі 150 метрге дейін кеткен. Ал, Сайрамсу өзенінің Оңтүстік жағында жерасты суының тереңдігі бар болғаны 2-3 метр-ақ. Халық арасында ауызша тараған дерек бойынша «Су иесі Сүлеймен пайғамбар бір қолымды созсам Сайрамсуға, екінші қолымды созсам Ақсуға жетеді. Сондықтан да осы екі аралықтағы су терең жатсын!» — депті. Н.Дингельштедтің ертерек кезде қария адамдарды құрбандыққашалғаны туралы дерегі дұрыс емес. Ол информатордың дерегін дұрыстүсінбей монографиясында қате қолданған. Шындығына келсек, ондақария адамдарды сута лақтыру ырымы жасалынған. Рашид-ад-дин монғолдардың жаз айында суға шомылмау себебін найзағай шақырады деп түсіндіреді. Мезгілсіз шақырылған жай оғы үлкен бақытсыздық әкелуі мүмкін. Демек, адамның суға лақтырылуы немесе шелекпен суды шашуы ауадан жай оғын шақырып, жауын тілегені болып шығады. Дәстүрлі ортада қазақтар бұлақ, қайнар су көздерінің иесін де Сүлеймен деп таныған. Батыс Қазақстанда жергілікті қазақтар бұлақ суын аларда Су иесі Сүлейменге сиынып, суға тиын тастап алған. Қариялар «Су иесі Сүлейменге тие берсін» айтамыз деп түсіндіреді. Халық арасында тараған наным бойынша «Су иесі Сүлейменге тие берсін» айтпаса, сол адамда түнде бұлақ иесі адастырады.

Антик елдерінде су иесі, су құдайы, теңіз құдайы Посейдон деп танылған. Ал мордва халқында *Вер ава*, марий халқында *Вюг ава* — өзен, көл, балықтың мифтік иесі, өзен көлді ластауға, жағалау ағаштарын кесуге жол бермейтін, осы себептен күнаһар болғандарды суға ағызатын тылсым күш иесі.

Әгеб.: Тоқтабай А. Қазақтардың аңшылыққа құсбегілік, балық аулау байланысты жора-жасындары // қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. А., 2005; Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. 1-4 кітаптар. Алматы: Арыс баспасы, 2008; Бабалар сөзі. 100 томдық. Астана: Фолиант. 2004-2011; Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. Алматы: ТОО «Әлем Даму Интеграция», 2017. 856 б.

СУ ҰШЫҚ БЕРУ — халықтық ем, этномедицинадағы халық білімі. Шошынған баланы емдеудің бір тәсілі бетіне бір кесе суды дұға оқып бүркеді. Үйдің оң жақ босағасына итаяққа құйылған суға ауырған баланың иегін батырады. Ұшықтаудың келесі түрі мұздай суға жеті түрлі затты салып, баланың денесіне бүркіп тітіркендіреді. Ауырған балаға ұста көрегінің аузынан су құйып, сол сумен баланың бетін жуады. Бұлар «су ұшық беру» деп аталады. Бұл емдік ғұрып үш күн бойына жасалады. Сыр бойындағы соңғы бақсы Беркінбай қалпе су ұшық беруді кетпеннің көмегімен жасаған. Ол қып-қызыл болып жанып тұрған сексеуілдің шоғын қолымен араластырып, шоққа қып-қызыл болып қызған кетпенді тілімен жалап, оған су бүркіп, ем-дом алам деп келген адамдарға «кетпен ұшық» берген. Қып қызыл болып қызып тұрған кетпенге бүркілген су науқасқа барып тиген, кетпеннен ұшқындаған су арқылы науқасты емдеген, су быжылдап, қайнап шашырса да науқас еш күймеген.

Әгеб.: Қ. орда экспедициясы материалдарынан.

СУ ӨРНЕГІ — қолөнер бұйымдарына магиялық, ғұрыптық мақсатта салынған су, толқын, ирек су оюларының атауы. Су өрнегі көбіне кілем, алаша, текемет жиектерін салынады. Бұл қазақ халқының судың киесі бар деп санауымен, ағын су сияқты өмір ағымының кедергісіз болуына ниет етіп салынады. Су өрнегі теңіз, өзен, көл бетіндегі толқынның иірімінің бейнесін береді. Су өрнегін негізінен табиғи су көздерінің жағалауында тұратын қазақтар жиі қолданған.

СУАТ¹ — бұлақтың, өзеннің, көлдің мал су ішетін жадағайлау жері. Төрт түлік малды бағуда оның жайылатын жайылымы мен су ішетін С.-ы болуы шарт. Сол үшін дәстүрлі ортада малдың бағым-күтіміне қажетті көктеу, жайлау, күзеу мен қыстаудың жайылымы мен адамдардың су алатын, малдың су ішетін С.-ы болуы халықтың басты назарында болды. Дәстүрлі ортада жаз жайлауға көшкен халық бұлағы, өзені бар жерлерге жеткенше тоқтамай көшіп отырған. Кейде көш жолы ұзақ болатын мұндай жерлерде, малдың жайылымымен қатар су көздері алдын ала ескеріліп отырған. Сонымен қатар күнделікті жайылымы мен су ішетін жеріне үйренген малдар өздері С.-қа түсіп, су ішкеннен кейін жайылымға қайта шығады. Бұндай үрдіс тек төрт түлік малда ғана емес киік, құлан сияқты тұз аңдарына тән қасиет. Ерте кездерде осындай сәтті, яғни аңдардың суға түсуін аңдыған

аңшылар, оларды аулаудың бірден-бір жолы әрі өте қолайлы жер ретінде С.-ты пайдаланған. Аңшылар С. маңына іш жағында шығып тұрған істіктері бар *аран* деп аталатын қоршаулар тұрғызған. Ал С.-қа бейқам келген аңдарды жан-жағынан аңдып отырған аңшылар, аранға қамап ұстаған. Сонымен бірге С.-қа қарай бірінің артынан бірі шұбырған аңды атып та алған. Сонымен бірге кейбір таулы аймақтарда су көздерінің тапшылығынан жасанды С. дайындалған. Бұндайда таудың теріскейіне шошайтыла қар үйіліп, оның беті шыммен жабылған. Бұлайша үймек етіліп үйіліп, беті шыммен бүркелген қар тез еріп кетпей, малға біраз күндік су болған.


Жаз айларында қойшылар күн шықпай өріске айдаған қойының әбден оты қанғаннан кейін, суаруға С.-қа түсіреді. Қой-ешкі осы жерде үйездеп, күн қайтқан уақытқа дейін жусап жатады. Бұндай уақыт малшының тынығуына, сонымен бірге қой арасындағы ақсақ-тоқсағы, құрттағандары болса құрттауға өте ыңғайлы болған.

Қазақ жерінде жүргізілген алғашқы ауыл шаруашылығы санағы кезінде статистар мал суаруға суат ретінде қолданған су көздерін де есепке алған. Есеп парағын негізге алсақ Көкшетау уезі қазақтары қыстаулық ауылдары 1897 жылы 65 өзен, 115 көл, 721 ойпат суын, 2106 құдық, 60 бұлақ, 40 тоған; Зайсан уезіндегі қыстаулық ауылдары 1899 жылы 891 құдық, 964 бұлақ пен қайнар сулары; 754 қар суын немесе қар құдықты, 663 өзен, 8 көл, 5 ойпат суын; Лепсі уезі қыстаулары 1909 жылы 106 өзен мен қайнарларды, 216 арық; Қапал уезі қыстаулары 1910 жылы 300 тоған мен арық тартылған 92 өзен мен бастауларды; Жаркент уезі қыстаулары 1910 жылы 90 тоған тартылған 60 өзен мен бастауларды; Верный уезі қыстаулары 1911 жылы 392 арық пен тоған тартылған 171 өзен, қайнар, бұлақ, көл және қарасулар тобын суат есебінде пайдаланған (МКЗ кітаптары бойынша). Жетісу өңірінде табиғи су көздерінің мол болуына байланыста суат есебінде құдықтан көрі табиғи су көздерін пайдалану кең тараған.

СУАТ² — көш жолдары бойында, құрғақ аймақтарда, құмды, жерлерде су көздерінің тапшы болуына байланысты, арнайы қазылған құдықтар, көш жолдары бойындағы ауыл уақытша тоқтайтын құдық басы және табиғи және жасанды су көздерінің атауы. Бір суаттан екінші бір суатқа жету жолының қашықтығы 5-10 шақырым болған. Ертеде жайылымдық жер, мерзімдік қоныс қарағанда иеленген жерге белгі қалдырып кетіп отырған, суатқа бірінші келіп тоқтаған ауыл суат немесе құдық басындағы шөптің басын буып байлаған, бұл дәстүр *тол будым* деп аталған. Егер басқа ауыл байланған шөпті көрсе, онда олар суатқа тоқтамай одан әрі көше берген. Бұндай құдықтың басына астаулар, науалар қойылып, су тартып мал суарылатындықтан, бұл да С. деген атаумен аталған.

Әгеб.: Материалы для статистики Туркестанского края. Ежегодник. Издательство Туркестанского статистического комитета. Вып. 1. Под ред. Н.А. Маева. СПб.: Типография Ф. Михьева, 1872. 237 с.; *Мейер Л.* Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч.1. Киргизская степь. Оренбургского ведомства. СПб.: 1865. 288 с.; МКЗ. Сыр-Дарьинская область. Перовский уезд. Главное управление землеустройства и земледелия Переселенческого управления. Ташкент: Типо-литография В.М. Ильина, 1912. 394 с.

СУАТ³ — малдың құдықтан су ішу кезегі (Түркм.). *Сенің суатың қашан?*



Суат (құдық) басына тоқтаған қазақ көші.
В.Ю. фон-Бранке фотосы. 19 ғасырдың соңы



Қарақұмдағы құдық басы. Түркменстан. Суат. 1950 жылдар

СУАТ ОЮ — өзен, көлдер бетінен мұз ойып су шығару. Қыстау маңындағы өзен-көлдер қыстың қатты суығынан толықтай неме-се жағалаулары қатып қалады. Шаруалар оны сүйменмен ойып, ойылған мұзын күрекпен аршып, су ішетін малдың басына қарай арнайы С.-тар дайындайды. Егер өзен беті толығымен қатпай, тек жағалаулары ғана қатқан жағдайда, шаруалар оның жағасын ғана малдың түсіп, су ішуіне қолайлы етіп мұзын ойған. Ал өзен беті толығымен қалың мұз болып қатқанда, С. оюда шаруалардың біраз күш шығаруына тура келген. Кейбір кездері өзенге қалың болып қатқан мұз үстінен С. мынадай тәсілмен дайындалған. Ол үшін қалың мұзды астыңғы жағын суға жеткізбей науа тәрізді ұзыншақ етіп ойған. Оның бас жағынан суға жеткізіле кішкене ойық тесілген. Осы ойық арқылы жоғары қарай лықсып шыққан су, науа секілді ойылған мұз ойығына толған. Бұдан ары алдын-да аршылған мұздар ойылған С.-қа мал аяғы тайып түспес үшін, ойықтың шет-шетіне айналдырыла қаттап қойылып, үстіне су құйылып қатырылған. Кейде С.-тың мұзы қалың болғандықтан, малдар су іше алмайтын кездері болады. Бұндайда С. жанына науалар, астаулар қойылып су құйылады. Қалай болғанда да аяздан С. бетін қайта мұз басатындықтан, шаруаға мал суарар алдында оның бетіне қатқан мұзды, күнделікті тазартып отыруына тура келген. Сонымен бірге қыс мезгілінде жылқы мен қой қармен қарлап жайылатындықтан суды көп қажет ете бермейді. Ал бұндайда С.-тан құрғақ шөп жеп, қолда тұрған сиыр мен кейбір ұсақ малдар мен мініс аттары ғана суарылады. Сырдария өзені, Қамыстыбас (Қамбаш) көлі үстіне ойылған суатқа баратын жолға аяқ таймас үшін жол қамыс төсейді.

Әгеб.: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық энциклопедия. 4 том. ҚРМОМ. Алматы, 2017; Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980.

СУ ЕНЕСІ — Оңтүстік қазақтарының дүниетанымында Сырдарияны «Су енесі» деп танып қатты қасиет тұтқан. Қазақтардың Ніл сияқты Сырдария өзенін де қымбат кие тұтуы кездейсоқ еместігі айқындалады. Ежелгі грек тарихшылары Геродот пен Плутархтың куәландыруынша мысырлықтар ирригацияны «Нілдің жермен некеге отыруы» деп атаған екен. Халық арасында «Сыр Ана» атауының да Су енесі атауымен байланыстылығы бар.

Әгеб.: Қ.орда экспедициясы материалдарынан.





СУМЕН ДЕМ САЛУ — халықтық білім, молдалардың суды оқып, науқас бетіне үрлеу және бүрку арқылы емдеуі. Бұл емдік шара «дем салу» делінген. Информатор Балқияш: «Мен қорқа беретін болып ауырғанымда Пәруәш деген молда мені аяғына салып тербетіп «сүф, сүф» деп дем салған», — дейді. И. Кастанье 1907 жылы маусым айының басында осындай ғұрыптың куәсі болғанын айтады: «Кешқұрым, күн батар тұста Сунақ Ата

кесенесінің шырақшысы үйінің алдында молдасын құрып отырған, оған қарама-қарсы оның ауру әйелі көзін жерге түсіріп отырды. Шырақшы күйеуі дұға оқып, әйелінің бетіне үрлеп отырды». И.Кастанье науқас әйелді молданың осылай емдегенін Көккесене алдынан да көрген.





СУЫН/СУ ЖЫЛҚЫСЫ — суда тіршілік ететін су жылқысы, аңыз бейне. Маңғыстау, Үстірт қазақтарының дүниетанында бүгінгі күнге дейін сақталған Каспий теңізі суының иесі саналатын, теңіздің түбінде мекендейтін бейне. Егер теңіз жағасында жүрген бие суынның айғырынан құлынды болса, құлынынан шашасына шаң жұқтырмас жүйрік тұлпар шығады деген сенім бар.

Әгеб.: Кейкін Ж. Қазаққы атаулар мен байламдар. 84 б.; Қазақтың мифтік әңгімелері. Алматы: Ғылым, 2001; *Жанайдаров О.* Ежелгі Қазақстан мифтері. Алматы: Аруна, 2000.

СУ ПЕРІСІ — теңіз, өзен, көл астында тереңде өмір сүретін әйел жынысты, екі аяғы балықтың құйрығы тәрізді бітіп кеткен, көгілдір, жылтырақ қабыршақты, бойы өте ұзын, сөйлейтін тілі бар мифтік образ. Қазақ және басқа да халықтардың дүниетанымы бойынша су перісі теңдесі жоқ сұлу болады. Су перісі көбіне түнде су бетіне шығады. Сол себепті кешке, түнде суға барғанда су перісінен қорғану үшін «суды шошыту» керек. Су бетіне тас лақтыру, топырақ шашу, таяқ тастау арқылы судың дыбысын шығаруды «суды шошыту» дейді. Сона су перісі адамның үркіп су түбіне қайта кетеді. Су астындағы су перісінің патшалығында бірнеше су перісі бірігіп өмі сүреді. Су перісінің үйі адамды еліктіретіндей



Өзен ағынымен қозғалысқа келетін су шығыр кескіндемелері



Өзен ағынымен қозғалысқа келетін су шығыр кескіндемелері

керемет болады. Суға ағып кеткен адамды таба алмаса, таба нан, шелпек пісіріп суға ағызады. Аққан нан қай жерге барып, шыр айналып тұрып алса, суға кеткен дене сол жерден шығады. Яғни, халық су перісі нанға тойғанда ғана денені береді деп сенеді.

Әдеб.: БҚО, Қ. орда экспедициясы материалдарынан.

СУ СИЫР — Алтай қазақтарының дүниетанымындағы мифтік жануар, аңыз бейне. Судың астында өмір сүреді, адам көзіне көрінбейді. Ол көл бетіне қыста мұз қатқанда, мұздан қысылып, мұз бетін жарып шығады, сол кезде көзге көрінбесе де оның дауысын естуге болады. Су сиыры туралы бірден бір дерек Г.Н. Потаниннің «Очерки Северо-Западной Монголии» атты еңбегінде кездеседі: «Үліңгір (мәтінде Уленгур) көлінде қыстың күні адам жоқта су сиыр мұзға шығып өкіреді екен. Оның даусын естігендер көп. Бірақ су сиыр адамға көрінбейтін көрінеді. Су сиырды көрдім деген ешкім жоқ. Қазақтардың сенімі бойынша, су астында өмір сүреді екен».

Әдеб.: Потанин Г.Н. Очерки Северо-Западной Монголии. СПб.: Тип. В. Безобразова и К. 1881.

СУ ШЫҒЫР — ағысы қатты өзендерге, өзен иіріміне, егістік алқабы биіктеу жердің тұсына орнатылған өзен суын егістік алқапқа көтеретін құрылымы күрделі шығыр түрі. Қазақ жерінде су шығырлар Іле, Ертіс өзендерінің бойында, Сырдарияның орта және төменгі ағыстарын ағысында егістікке су көтеру үшін қолданылған.



Сырдария өзенінің Қазалы тұында орнатылған су шығыр.
С.С. Неуструев түсірген. 1907 жыл

Әгеб.: Федорович Б.А. Лиг пустыни. Москва, 1951; *Нестерев Я.* Как можно бобывать воду в безводных степях. Устройство снежников. Киргизская степная газета. №45, 10 ноября, 1898; *Неуструев С.С.* О геологических и почвенных процессах на равнинах низовьев р. Сыр-Дарьи. Почвоведение. №2. 1911. С. 15-64; *Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков.* Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980. 256 с. + 4 карта; *Хорошхин А.П.* От Оренбурга до Казалинска, от Казалинска до Ташкента, от Ташкента до Токмака, от Ташкента до Коканда // В кн: Сборник статей, касающихся Туркестанского края, СПб.: Типография и хронолитография А. Траншеля, 1876, С. 3-38.

СУ ЧЕГУ – су жіберу, аймақтық сөз (Алм., Кег.). *Мен егінге барып, су чегемін.*

СУ ІЛІГУ – су тоқтату немесе судың тоқтауы (Жамб.: Жам.; Св.). *Оманның суы ілігіп қапты.*

СУ ІШУ – жер суару (Шымк., Түлк.) *Көлеңке бес батпан болғанша су ішем* (Шымк., Түлк.).

СҮТТІ ҚҰДЫҚ – тау, адырлардың етегінен қайнар көздерінен қазылған, суы мол, суының дәмі тұщы құдық.

СЫРЫҚ – құдықтан су тартатын шелек, қауғаға арналған ағаш саб.

ТАЙШЕЛЕК – үлкен су ыдысы, бөшке (Өзб., Ташк.).

Әгеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ф. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005; Диалектологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.



Су тартуға арналған сырық, Арал. Сазды



Су тартуға арналған сырық, Арал. Қарақұм

ТАҢҚЫ ҚҰДЫҚ — Қазақстанның солтүстік батыс өңіріндегі табиғи су көздерінен қашықтау жайлауларда кездесетін көшпелілер таяздау етіп қаздырған құдық түрі. Қазақ жерінің солтүстік батыс өңірінде, Елек өзені аңғарындағы жайлауларда су таяз жерден шыққанымен, суы аз болғандықтан құдықтар жиі қазылып, *таңқы* деп аталды. Маңғыстау, Үстірт адайлары солтүстік батыстағы жайлауларға келгенде *таңқы құдық* суларын тазалауды дәстүрге айналдырған, кез-келген адай азаматы *белге-ме* деп аталған күректі беліне байлап жүрген. Таңқы құдықтар Ембі, Сағыз, Ақтөбе жайлауларында жиі кездесті. Тереңдігі 2,5, 3, 4, 5 аршын, диаметрі 0,5 тен 1,25 аршындай, аузының биіктігі 0,5 аршын болатын қам кесектен өрілген. Құдық басына 3-4 шелек су кететін астау қойылған. Таяз құдықтарды көшпелілер жыл сайын тазалап отырған. Ұсақ малдар құдық басына суатқа келіп отырған.

ТАБАНДЫҚ ЖЕР — тұщы су шығатын, құдық қазатын ойпаңдау жердің жергілікті атауы (Қ.орда). Құдықты мына табандықтан қазамыз.

ТАҚЫР¹ — далалық өңірде жауын, қар суының кепкен орны. Тақыр — аридтік аймақтардағы беті тегіс, қатты алқаптар. Ауданы бірнеше мғ.-ден 10 — 12 км.-ге дейін болады. Көктемде қар еріген кезде немесе жаңбыр жауғанда тақырға қақ тұрады. Су буланып кеткеннен кейін түбі қатады да, тобарсып, көпбұрышты жарықшақтарға бөлініп-бөлініп кетеді. Тақырға түскен су, көп жатпай буланып кетеді. Маңғыстау, Үстіртте тақырға жаңбар, қар суынан жиналған суды ұзақ сақтап қалу үшін, оны жиектей апандар қазылады. Оны да *орпа* дейді. Мысалы, Айрантақыр деген жер атауы осымен байланысты.



Құдық қазылған табандық жер. Арал. Шижаға



Құдық қазылған табандық жер. Арал. Шижаға

ТАҚЫР² — көл суының тартылып кепкен орны. Қызылорда облысында Телікөл, Дариялықтақыр бұрынғы көл орындары.

ТАРТПА — шығырдың әуітіне су жіберетін канал (Қост.).



Такыр. Қ.орда экспедициясы



Такыр. Қ.орда экспедициясы

ТАС ҚҰДЫҚ¹ / ТАС ШЕГЕН — таспен шегендеу (өру). Қабырғасы таспен өрілген немесе қабырғасы табиғи тасты жерден қазылған құдықтар тас құдықтар деп аталады. Таспен шегенделген құдықтар Маңғыстаудың Шат қорымынан және Арал ауданының Жалаңаш (Кеңестік дәуірде Бірлестік, одан кейін Жамбыл ауылы болып аталған), Ақбай ауылындағы Ақирек қорымынан бақыланды. Маңғыстаудың Шат елді мекенінде су көзі 7-10 метр тереңдіктен шығады. Маңғыстау, Үстірт өңірінде кездесетін, қабырғасы, ернеуі таспен шегенделіп өрілген құдықтарға Маңғыстаудың ұлу тасын дөрекі өңделген кірпішін бірінің үстіне бірін қалап қойып шыққан. Ұлутас кірпішінің көлемі шамамен 10-15x20-30 болады. Шат елді мекеніндегі құдықтардың ішкі диаметрі 1,5 метр, тас қалаусыз есептесе диаметрі 1,8 метр.

Құдық қабырғасына Маңғыстаудың ұлутасы бірінің үстіне бірі қаланып қойылған. Құдық аузы да таспен көтеріліп, әйкел қойылған. Әйкел беті тас қақпақпен жабылған. Бұл тас құдықтардың су көзі аршылып, тазалап тұрмағандықтан, су көзін топырақ басқан. Шат құдықтары қазіргі таңда қолданыстан шыққан.

Ал, Арал ауданының Жалаңаш ауылының тас құдықтары толығымен қолданыста. Ауылдан жалпы саны 40 құдық есепке алынды. Жалаңаш ауылы құдықтарының диаметрі 2 – 2,5 метр, тереңдігі 4 тен 5,5 метр. Жалаңаш елді мекені тұрғындары құдық қабырғасын бекіту үшін тасты Жалаңаштан 30 км., Шөміштікөзден 25 км жердегі Тастүбектен алып келген. Тастүбекте тас жерден табиғи өсіп шығады. Тасты жазда арбамен, қыста ат шана,



Тас шеген қабырғасы. Шат елді мекені.
Маңғыстау экспедициясы



Ақирек тауындағы Арыстан
баб құдығының қабырғасы.
Суы бұлақ көзімен қосылып тұрған
құдық. Суы тұщы. Емдік ауыз су үшін
қолданылады. Қ.орда экспедициясы

түйе шанамен тасыған. Құдық қабырғасын қазып алған соң, құдық табанына тасты алашамен түсірген. Ол үшін алашаның төрт бұрышынан тесіп арқаннан бау таққан. Тасты салып, төрт адам төрт бауынан ұстап түсірген. Құдық табанында екі адам алаша толған тасты алып, табанынан бастап, жоғарыға қарай қалаған. Құдық бетін ағаш сырғауылдармен жауып, қақпағында ағаш бөліктермен көтерген. Құдық басына ағаш астаулар қойған. Жалаңаш ауылында ауыз су осы тас құдықтар суы болған. Қариялардың айтуынша Арал теңізі тартылғанға дейін құдық суы тұщы болған. Арал тартылып кеткен уақыттан бастап құдық суы алғау, ащы бола бастаған. Қазіргі таңда ауыл тұрғындары артизиан суы келген. Ал, шаруашылық пен мал суару үшін су көзі құдық сулары ғана пайдаланылады.

Арал ауданында Ақирек тауында да табиғи тастар жерден өніп шығады. Ақирек қорымында Арыстан бабтың жеті жайының бірі бар. Ақиректегі Арыстан бас қорымындағы бұлақ көзі суымен толығып жатқан құдықтың қабырғасы осы Ақирек тасынан қаланған. Ақирек тасын құдық қабырғасын көтеруге Ақирекке жақын орналасқан Ақбай ауылы, Қазалы қаласы тұрғындары пайдаланған.

Сырдарияның сол жақ бетінде орналасқан Қаратау тауының қыраттары мен сілімдеріне жақын елді мекендерде жер тасты болғандықтан, құдық қабырғасын шегендемейді. Қабырғасын табиғи тас ұстап тұрғандықтан бұл құдықтардың да халық арасындағы байырғы атауы – тас құдық. Құдық цилиндр түрінде қазылып, беті

ағашпен жабылады. Қабырғасы табиғи күйінде шығарылған тасты құдықтар Қызылорда облысының Шиелі, Жаңақорған аудандарына қарасты Қаратау қыраттары етегінде және Түркістан өңірінде кездеседі.

ТАС ҚҰДЫҚ² – тасты, топырағы қатты жерден қазылған шегенделмеген құдық. Үстіртте, Қаратау етегінде, Түркістан өңірінде кездеседі. Жер астындағы тастар табиғи шеген түрін атқарады, топырақты табиғат тастар ұстап тұрады.

ТАСҚАҚ – судың ағыс бойындағы тас шұқырларға іркілгені. Тасқақтарды ертеде бүкіл ауыл болып ұрымтал жерден қолмен қашап та жасаған. Маңғыстау, Үстірттегі Қаратасқақ, Қызылтасқақ т.б. жерлер аты осымен байланысты.

ТЕБІН – құдықтың түбі (Маңғ.).

ТЕГЕРІШ – шығырдың дөңгелегі (Қост.).

ТЕНТЕК СУ – өзен арнасынан тасып кеткен су. Тентек сулардан көл немесе көлшіктер пайда болады. «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты еңбектің «Перовск» деген бөлімінде «Сырдарияның егістіктер өзеннен тартылған каналдармен, шығырлармен суландырылады, ал кейбір жерлерінде егін су арнасынан тасып кетіп кепкен жерге салынады. Мұны жергілікті қазақтар «*тентек суға егін салу*» деп атайды» – дей отырып, егіншілік кәсібімен 700 адам айналысып, Перовск уезіндегі отырықшы тайпалардың егістік көлемі – 40500 десятинаны құрағанын көрсеткен (597 б.). Н.Гаврилов та Сырдың тасыған арнасынан пайда болған көлдердің суы тартылған жерлерін жергілікті қазақтардың егістікке пайдаланғандарын көрсеткен. Сыр



Құдық қабырғасын таспен өру түрлері.

Қызылорда обл, Арал ауданы,
Жалаңаш ауылы тас құдықтары
қабырғасынан. Тастүбек тасымен
шегенделген. Суы алғау.
Қ. орда экспедициясы



Құдық қабырғасын таспен өру түрлері.
Қызылорда обл, Арал ауданы,
Жалаңаш ауылы тас құдықтары
қабырғасынан. Қ.орда экспедициясы



Шегендеуге қолданылатын
тастүбек тастары. Арал

өңірінде дариядан тасыған судан пайда болған көлді *жайылма су* деп те атайды. Ойлы жерге жиналған судан пайда болған көлдер әдетте 1-2 жылдан соң кебе бастайды. Ылғалы кете қоймаған 1-ші жылы бидай салса, сол жерге 2-ші жылы арпа салған. 3-ші жыл бұл жер әбден кеуіп, енді егін салуға жарамай қалады (281 б.). Осмоловский мен Карамышев Сырдарияның Жиделі, Қазалы сағалары арнасындағы, басқа су тасыған жерлер кепкенде егістіктікке қолданатынын жазған (471 б.). Бұлдайын табиғи суарылған жерді егінге пайдаланудың ең қарапайым тәсілі болып саналған. Перовск уезінде жергілікті халық Сырдария өзені арнасының тасатын уақытын егін егуге тиімді пайдалана білді. Г.С.Загряжскийдің Перовск уезі қарттарынан жазып алған мәліметі бойынша су тасқыны уақытына қарай егін уақыты 7 кезеңге бөлінген: *сәуір тасу* – 25 наурыздан сәуірдің басына дейін, арпа мен бидай себілетін уақыт; *гүл шалдық* – мамырдың басынан 7 күнге созылады, бидай, арпа, жоңышқаға су жіберіледі; *гүл уақыт* – ағаш гүлдейтін уақыт – мамырдың орта кезінен 15 күнге созылады, бидай, арпа, бақша және жоңышқалықты суарады; *тайлақ тасу* – 5 және 10 маусым аралығында, судың қатты жылдамдықпен тасатын уақыты 10 күнге созылады, тары егілетін уақыт; *шұлғау тасу* – шілденің аяқ кезінен тамыздың басына дейін, астық жинауға қолайлы уақыт; *қарақұйрық тасу* – тамыздың 5-нен 5 күнге созылады, қарақамыстың гүлдейтін уақыты; *сүмбіле тасу* – тамыздың соңы, жоңышқа суғаруға пайдаланылады.

Әдеб.: Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском крае (Области Сыр-Дарьинская, Самаркандская, Ферганская). СПб., 1911. 335 с.; Загряжский Г.С. Очерки Перовского уезда // ТВ. 1903. №58. С. 358; Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках (1771-1867 годы). Сборник документов и материалов. Алма-Ата: Издательство Наука, 1964. 572 с.; Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Настольная и дорожная книга для русских людей. Под. ред. П.П. Семенова и академика В.И. Ламанского. Т. XIX. Туркестанский край. Составил князь В.И. Масальский. СПб.: Издание А.Ф. Дефриена, 1913. 861 с. + карта.



Тектек су. Сырдария өзенінің тасыған суынан пайда болған көл.
Қ. орда экспедициясы

ТЕҢІЗ — халық түсінігінде көлден әлденеше есе үлкен, жан-жағынан дариялар мен өзендер құйып жатқан, атыраулары мен аралдары, түбектері мен шығанақтары бар орасан үлкен су. Шегі мен шеті шексіз орасан мол суға халық тілінде *телегей-теңіз* деген теңеу айтылады. Ертеректе теңізден де үлкен суды *телегей* деп атағанға ұқсайды. Әйгілі Сегізсері Баһрамұлына (1818-1894) қатысты өлең жолдарында былай дейді:

Сөйлесең сөз шығады лебізіңнен,
Телегей тең болмайды теңізбенен.
Қыста Арқа, жазда Сырдың бойын жайлап,
Өтіпті әсем жігіт Сегіз деген.

Ал, дарияның көлге құйып, шарасынан асып жатқан кезін *көлдария*, көл суының қатарлас көлдермен яғни *телі көл*, *қоржын көл*, *қос көлмен* суы ұласып жатса, ондай суды *көл көсір* деп атаған. Ұланғайыр қазақ жерінің едәуір шетін Арал теңізі мен Каспий теңізінің толқыны шайып жатыр. Теңіз жағалауы сол жерді

жайлаған қазақтың ру-тайпаларының ежелгі атақонысына, этномәдени ошақтарының біріне айналған. Теңіз сауда қатынас жолдары, халықаралық қатынас жолдары болды. Қазақтар теңізге ау салып, балықшылық кәсібін дамытқан.

Теңізге аусалатын балықшы ең алдымен теңіздің қас-қабағына қараған. *Ақтымық* — теңіздегі желсіз мүлгіген тыныштық, балық аулауға ең қолайлы сәт. Сондықтан *ақтымық* — *балықшының арманы* дейді мақалда. Балықшы толқынға қарап, теңіз «*мінезін*» біледі. Жағалауға, жарға, қой тастарға соғып, аспанға шапшып жатқан толқынды *шарпын*; 9 балдық қатты желді *ұштырма*; желдің өзгеруіне қарай су астымен соғатын толқынды *бұлқын*, жағалауға қара құйын әкелетін бұлтты *өңеш бұлт* дейді. «*Шағала — теңіздің хабаршысы*» дей отырып, теңізші желден сақтанады. Шағала көрінбей кетсе, дауыл күтеді. *Теңіз толқыса сағасынан сақтан* деп, теңізші мақалы ақыл-кеңес береді. Сондай-ақ теңіз мұзының өзіндік атаулары бар. Қыс түсе алғаш қатқан мұзды *шәуіш*, теңіздің күшті желі мен аязынан жарылған, сынған мұздан пайда болған төмпешікті *шиқан мұз*; қардың еруінен пайда болған мұз кесектерді *шоқалақ мұз* деп атайды.

Жергілікті қазақтар Арал теңізінің дауылын — *әулу*, Аралдан көтерілген теңіз толқынының даусын — *әуліл* дейді.

Әгеб: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық энциклопедия. 4 том. ҚРМОМ. Алматы, 2017.

ТОМЫРТҚА — арықтың сағасында көмілген құмыра тәріздес ыдыс (Қарақ.). *Бұл томыртқа арық жырылып, судың далаға кетіп қалмауы үшін жасалады.*

ТОҒАН — үлкен арық (Жамб., Қ.орда).

ТӨСҚҰДЫҚ — тайыз құдықтың жергілікті жердегі атауы (Рес., Орын.). *Төс құдықты шегендейді.*

ТҮЙЕ ШЕЛЕК/НАРУАН ШЕЛЕК/ТАЙ ШЕЛЕК — су жинайтын үлкен ыдыс, бөшке (Өзб., Ташк.).

Әгеб: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005; Диалектологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

ТҮЙЕ КӨЗ — бұлақ басындағы көлемі үлкен көздер. Түйе көз бұлақтың бастауларында кіші немесе майда көздер арасында ерекше бұрқылдап көрініп тұрады. Осындай түйе көз Егіндікөл бұлағының бастауында бар. Түйе көзді көріп, бұоақ басынан су алу үшін адамдар күншілік жерден арнайы ниеттеніп келеді.

Әгеб: БҚО этнографиялық экспедициясы.

ТҮЙЕ ҚАЙЫҚ — киіз үйді жабдығымен, адамдарды, малы, яғни салмағы ауыр үлкен жүкті Сырдария үстінен келесі жағалауға өткізу үшін қолданған қос қайықтың жергілікті жердегі атауы (Қ.-Орда). Т.қ. жасау үшін екі үлкен қайықты белдеу ағаш арқылы бір біріне қосқан, ол үшін екі қайықтың бірін

оң қапталы, екіншісінің сол қапталын алып бастап, қосқан. Т.қ. қозғалысқа келтіру өте ауыр болған, ескекпен есумен қоса, су ағысы да Т.қ. жүруіне көмектескен.

Әгеб.: Қ.орда экспедициясы материалдарынан.



Сырдария үстінен түйе қайықпен жүк өткізу.
19 ғасырдың аяғы. ҚРОМҚДМ қоры



Сырдария өткелі. Түйе қайықпен жүк тасу.
20 ғасырдың басы. В.Горбунов түсірген

ТҮЙЕТАРТАР — өзен, көлдерде, теңіздерде, арық, арналарда, тіпті суармалы егістіктерде жер астына қарай су соратын оқпан, ұйық.

ТҮКІРТКІ – Сырдария, Амудария өңіріндегі қазақ егіншілері салманың көмейін байлағанда қолданған қыш немесе кеспелтек бөренені үңгіп жасаған ағаш құбырлар атауы, ол бас арықтан салма арыққа судың біркелкі келуін қамтамасыз ететін құрылғы. Судың тапшы жағдайында түкірткі егістікке суды мөлшерлеп салудың бірден-бір оңтайлы техникалық шешімі болды. Әр қожалықтың егістік танабының көлеміне қарай сәйкестелінген диаметрлі түкірткі арқылы белгіленген уақытта су жіберілетін. Мысалы, О. Шкапскийдің зерттеуінде 150 танап жерді суаруға диаметрі 40 см түкірткі, 40 танап жерді суаруға диаметрі 24 см түкірткі орнатылатындығы айтылады. Құмдауыт жерде түкірткімен байланған құлақтар, біріншіден, шайылып бұзылмайды, екіншіден құбыр арқылы өтетін судың көлемі тұрақты болғандықтан мұраптың әрқожалыққа қажетті су көлемін анықтап, қадағалауына мүмкіндік береді. Амударияның төменгі ағысын қоныстаған қазақтардың егіншілік шаруашылығында түкірткі қолданған. Түкірткінің қолданысына қарай тік немесе жатқызылып орнатылатын түрлері болған. Жатқызылып салынған түкірткілер бас А.-тан салмаға су салғанда қолданылды. Тік орнатылған түкірткілер негізінен А. тан шығырдың әуітіне су салу үшін қолданылды. Шығырмен егін суарғанда, шығыр салмада (*су жиналатын әуіт*) судың деңгейі біркелкі және суару жұмыстары аяқталғаннан соң салмада су болмауы керек. Себебі шығырдың қасинегінің су көзіне тиіп тұрған жағы суда қалса, қасинек біркелкі кеппей, біржағы қаңсып су тартуға жарамай қалады. Түкірткі салып жасалған бөгеттің ашып жабылуы оңай болуымен қатар салма А. тағы судың деңгейінің ауытқуына байланысты қашқан судың әуітке құйылуынан сақтайды.

Әгеб.: Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар, атауларының дәстүрлі жүйесі. 5 томдық энциклопедия. 4 том. ҚРМӨМ. – Алматы, 2017.

ТҰМА¹ – Оңтүстік-Шығыс таулы аймақтарда бас арықтың көмейін бекітетін құрылғы. Тау бөктерлеріндегі кішкене өзендерден су тартқанда бөгет жасап әуез құрады. Әуезден арыққа су шығару үшін бірінің үстіне бірі қаланған қыш құбырлар шым топырақпен мықтап бекітіледі. Су тек қана құбыр арқылы жүргендіктен тоспа шайылмайды және әуез жағынан құбырларды шүберек немесе шыммен тығындап, өтетін судың көлемін реттеуге болады. Құбырлар бірінің үстіне бірі қаланып орналасқандықтан Арыққа салынатын су әуездегі судың деңгейінің ауытқуына тәуелді болмайды. Суару қажет болмаған кезде тұма оңай бекітіліп әуездегі су қажет мөлшерде жиналады.

ТҰМА² – жер асты су көзі арқылы толатын, ағынды су. Тұманың басын қасиетті санап барған адамдар ритуалдық шүберек байлап кетеді.

ТҰМБА – ойпаң жердегі тұнық су, тұмба (Шымк., Сайр.).
Тымба ұзап ақпайды.

ТҰРАҚ — бұлақты бөгеу арқылы жиналған су (Маңғ.).

ТҰРАН — қатқыл жерде ойпаң шұқырларға ағып жиналған табиғи су қоймасы. Үстірттегі Қызылтұран, Қаратұран, т.б. жерлер осындай су қоймасымен байланысты. Яғни, жауған жаңбыр суының жер бетіне сіңбей қалған суы.

ТІК ОҚ — шығырды айналдыратын ағаш (Ақт.).

ТІЛЕК АРЫҚ — жармадан бөлініп егінге құятын жап арықтан сәл үлкендеу арық.

УАТ АРЫҚ — мақтаға су беретін арық (Шымк., Сарыағ.).

Әгеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ғ. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005; Диалектологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

ҮББЕ — Сыр қазақтарының сеніміндегі адамға ұқсас, бойы ұзын, түрі қап-қара, қастары түйілген, тек өзен, көлдердің терең тұстары мен иірімдерінде су астында, тұңғиықта өмір сүретін қаскүнем, тылсым күш, рух. Қазақтардың байырғы дүниетанымында үббенің мақсаты суға шомылуға келген адамды өзіне қарай тарту, адамдарды суға батырып, ағызып өлтіру. Үббе өзенге жақындаған адамды өзіне оның атын атап шақырған. Өз атын естігенмен, шақырып тұрған адамды көрмеген соң, ол таң қалып, суға шомылғысы келіп ұмтылған, осылайша суға түскен адамды үббе өзіне тартып, батырып жіберген. Үббе туралы әңгімелер Сыр қазақтары арасында жиі кездеседі. Жаз айларында Сырдарияның суына кетіп өлгендер жиі кездеседі. Сыр қазақтары нанымында оларды «су иесі тартып тұрған» деп сенеді. Су иесі жайында Сыр қазақтары арасында таралған аңыз-әңгімелердің бірқатарын М. Миропиев Перовск қазағы Иммухамед Букиннен жазып алып жариялаған. Оның айтуынша, бір кісі дария жағалап келе жатып, су ішінен бір кісінің атын айтып шақырған дауысты естиді. Ол оның үббе екенін сезіп, шақырған адамы келсе суға жібермеймін деп дария жағасында отырады. Сол жерде әлгі кісі үш күнге шейін жүреді. Үш күннен соң бір атты жігіт келіп, суға түсуге шешіне бастайды. Әлгі кісі «сен суға түспе, түссең өлесің», — дейді. Ол мен өлмеймін, деп тыңдамай өзеннің арғы бетінен, бергі бетіне алма кезек жүзіп шығады. Тағы түсемін дегенде әлгі кісі арқан байлап жібереді. Өзеннің ортасына келгенде әлгі жігіт батып кетеді. Әлгі кісі арқаннан тартып шығарса, жігіт өліп қалған. Екі аяғы қыпқызыл екен. Бұны үббенің ұстаған жері деп ұйғарады. Ал Ерғали Қасымов деген қазақтың айтуынша, бұрынырақта Сырдария жағасында балық аулауды кәсіп еткен Зор-теке деген кісі болған. Ол әрі жүзгіш болған, бес пұт астықты арқасына салып, Сырдариядан оп-оңай жүзіп өте берген. Бір күні Зортеке астығын арқалап, Сырдариядан жүзіп өтейін дегенде бір қария келіп, «балам, суға түспе, бағана сенің атыңды айтып, шақырды», — депті. Зортеке тыңдамай дарияға түсіп кетеді. Дарияның ортасына таман кел-

генде бір батып, бір шығып содан арғы бетке өтеді. Арқасындағы қабын жерге қойып, әлгі қарияға дауыстап «Ата, менің қатын балама сәлем айтыңыз, мына қаптағы астықты алып барып беріңіз», — деп қайта суға түсіп, батып кетеді. Зортекенің сүйегін халық таба алмаған соң, Қармақшы тұсындағы, Абла деген өткелдің аузына биік мұнара түрінде белгі орнатады. Қазақтар суға түскенде қорқыныш сезімде болса, үббеге «маған тиме» деп айқайлаған. Сыр қазақтары арасында суға кеткен адамның сүйегін табу қиынға соққан жағдайда, суға кеткен адамның отбасынан әйел адамдар шашын жайып, өзен жағасына отырған. Бұл үббені үркіту, сол арқылы сүйегін алу деген нанымнан туындаған. Болмаса, тапаға пісірілген нанды үгітіп, өзенге ағызған, нанға тойған үббе суға алған адамның сүйегін қайтарады, — деген. Бұл ырымдар кейін келе жойылып кеткен. Сыр қазақтары үббені «ұйықта» өмір сүреді деп сенген.

Әгеб.: Диваев А. Баксы в жизни киргиз // Известия Общества Археологии, Истории и Этнографии при Императорском Казанском Университете. Т. ХУ. Вып. 3. Казан, 1899; Демонологические рассказы киргизов. Собранные и переведенные М. Миролиевым // Записки русского географического общества. Т.Х. Вып. 3.

ҮСТЕ СУ — егістікке берілетін екінші су (Қ.орда).

ҰЛТАН¹ — теңіздің, көлдің кепкен табаны (Қ.орда, Арал).

ҰЛТАН² — қайықтың табаны, адам отыруға ыңғайлы етіп, ағаштан қиюластырып жасалған бөлігі (Қ.орда, Арал).



Арал теңізінің ұлтаны. Қ.орда экспедициясы.

ЧЫЛЖЫРАУ – судың баяу ағуы (Сайр.).

ҒАУЫЗ – қолдан қазылған су сақтайтын шұңқыр (Қарақ.). Қарақалпақстан қазақтарының тілінде су сақтайтын орынның ғауыз аталуы Шығыс халықтарының әсерінен келген. «Бабырнама» жылнамасында Чандир шаһарындағы ғауыздар жолаушылардың дем алуға тоқтайтын орны ретінде суреттелген.

ШАБАҚ – шығырдың бақалақтарын кигізетін тесіктері (Қ.орда).

ШАҒЫН СУЛАР ТОБЫ – көлемі шағын, ұзындығы, шама-лап айтқанда, жүз, екі жүз шақырымға жетер-жетпес ағынды сулар тобы. Ресми географияда шағын сулар тобына ұзындығы 100 шақырымнан аспайтын 84694 өзенді; ал орташа өзендердің тобына ұзындығы 100-500 шақырымдық 305 өзенді жатқызады. Судың бұндай түрлері халық тілінде *су, бастау, бұлақ, өзен, сай, жылға, жыра* т.б. жағрапиялық терминдердің (апеллятивтердің) көбіне *ақ, көк, қара, сары* сөздерімен тіркесіп келіп, нақты атауға ие болады: *Ақсу, Көксу, Қарасу, Сарысу*. Бұндай сулар қазақ жерінің көптеген аймақтарында ұшырасады. Шағын көлемдегі ағын суларды халықтың қалай танығаны, олардың табиғи айырым белгілерін қалай ажыратқаны гидронимдік атаулардың мазмұнындағы кодқа салынған мәдени-тілдік ақпараттарды ашу арқылы айқындалады. Осыған байланысты шағын сулар тобы халық танымында *ақсу-көксулар тобы, қарасулар тобы, сарысулар тобы* делініп, үш топқа топтастырылғаны байқалады. Бұлай таптастыруға *ақ, қара, көк, сары* сөздерінің байырғы семантикасы негіз болған деуге болады.

ШАҢБАҚ / ЧАУБАҚ – теріден жасалған құдық суын тарта-тын қауғаның аузын керіп қоятын темірдің атауы. Шаңбақ қауғаның жасалу бітіміне қарай дөңгелек немесе төртбұрыш болады.

ШАРЫҚ – құдықтан су тарту үшін орнатылған ағаш бұтағы (Қарақ.).

ШӘЛІК – теңіздің жағасындағы суға сұғына кіріп тұрған құрғақ жер, жал, кейде жағадан бөлініп аралшық болып қалады, кейде түбек сияқты жағамен жалғасып жатады.

Әгеб.: Маңғыстау экспедициясы.

ШЕГЕН ҚҰДЫҚ – құдық қабырғасын өру, қалау, әдісімен бекітілген құдықтардың жалпы атауы. Шегендеу әдісі жергілікті жерде, яғни құдық қазатын жердің топырағы мен шегендеуге қолданатын материалға қарай қалыптасқан. Құдық қазуды игерген адам, шегендеуге де ұста болған. Шеген құдықтың қандай түрі болмасын, ол бір адамның қолынан келетін шаруа емес, оны ұжымдасып жасаған. Суы таяз жерден шығатын, топырағы сусылдық құмды жерден құдық қазуға 4-5 ер адам бірігіп кіріскен, туған туысқанда бірігіп асарлатқан, еңбек ақысын алмаған. Құдық қаздыртқан адам қойын сойып, ас әзірлеп құдықшыларды күткен. Құдықшылардың жұмысын жұмыс көзін, құдық



Дүзгеннен шеген салу
(беті жабылмаған). Қ.орда, Қарақұм



Жыңғылдан шеген салу.
БҚО., Жаңақала



Жыңғылмен шегенделген құдық.
БҚО., Жаңақала

қазудың жөнін, әдісін білетін қария басшылық жасап тұрған.

2018 жылғы зерттеу және барлау жұмыстары нәтижесінде Қызылқұмда сексеуіл, жыңғыл, тораңғыл; Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы ежелгі қала өркениеті дамыған қоныстарда, Қазалы, Қызылорда қалаларында күйдірілген қыш; Арқадан әкелінген емен; Батыс Қазақстан Нарын құмдарында, Хан Ордасында тал; Батыс Қазақстан Жаңақала өңірінде жыңғыл; Аралдың Қарақұм, Тоқабай, Шижаға, Сазды өңірлерінде дүзген, көкбұта, шағыр, көкқасқа; Аралдың Ақирек, Ақбай, Жалаңаш (бұрынғы Бірлестік) өңірінде тас, Арал мен Каспий аралығында тас қолданған.

Шегендеу әдісі сол жердің топырағы мен жергілікті материалға қарай әртүрлі болады. Мысалы, Батыс Қазақстан, Ордада, Нарын құмдарында құм сусылдақ болғандықтан, құдық ернеуін, яғни диаметрін кең, шашамен 4 метр етіп қазады. Ернеуін тар етіп қазса, топырақ сусылдап, қазынды қайта көміліп қалады. Талмен шегендеу үшін талдың жас шыбығы немесе шіліктің шыбығын түбінен көп етіп шауып алады да, көлеңкеде кептіріп, жапыраған түсіреді. Тал шыбықтарын тігінен, бір біріне жалғай тастай береді де, диаметрі 15-20 см болғанша толтырады да, екі үш адам қолымен бір бағытқа қарай ширатып бұрай отырып, шіліктің немесе жас талдың жас шыбығымен әр жерінен буады. Яғни өз материалымен буады. Кейінгі кезде дайын жіпті қолданып жүр. Мұны «тал бума» деп атайды. Жоба орындаушылар жергілікті «құдықшылық» халықтық білімі бар информаторлардың қатысуымен

«тал бума» жасау, тал буманы отырғызу үшін ағаш дінінен қазық жасау және дайын буманы қазықпен отырғызудың дәстүрлі әдісін үйрену мақсатында «далалық шебер сынып» өткізді.

Су көзі шыққан соң тал буманы талдың дінінен жасалған қазықпен айнала қабырғаны дөңгелете орнатады. Тал буманы ширатып бірінің үстінен бірін жалғастырып салып отырады. Тал бума жұмсақ болған соң топырақ қызып майыстырып та жіберуі мүмкін. Ордада су таяздан шығатындықтан тал буманың ұзындығы 30-дан — 50 метрге дейін жетуі мүмкін. Бұл жерде құдықтың аузын да талмен шегендеп шығарған. Талмен шегендеудің екінші әдісінде талдың ірілеу шыбықтарынан тігінен қойып, көлденеңінен ағаш құрсау салып, алдын ала 4 шарбақ дайындаған. Шарбақтарды төрт бұрыш етіп қазған таяз құдыққа салған. Талдан шарбақ салу әдісі де осы Нарын құмында, Хан Ордасы ауылында кездеседі. Тал бума салған құдықтарға күтіп ұстаса 50-100 жылға дейін қызмет етеді. Құм майыстырған соң, құдықты тазалап, бумасын қайта салады. Талмен шегенделген немесе қабырғасы тал бумамен өрілген құдықтың жергілікті атауының бірі — «тал шеген».

Хан Ордасы, Нарын құмдарындағы тал құдықтың жергілікті атауының бірі — *Шетен құдық*. Тал құдықтың қабырғасына тал буманы салу әдісі «шетендеу» деп де аталады. «Шетен» атауы тал буманы салғаннан кейін қолданылады. Шетеннің екі түрі бар. Біріншісі буманы дөңгеленте, спираль түрінде салын шетендеп шығуы. Екіншісі, тал шыбықтарды тігінен тығыз етіп



Жыңғылмен шегенделген құдық қабырғасы. БҚО., Жаңақала



Талмен шегенделген құдықтың аузы, қоршауы. БҚО., Орда



Тал бума салынған тал құдық, Нарын құмдарында. БҚО., Орда



Талбұрау жасап шегендеуге алынатын шілік. БҚО. Орда



Тал құдыққа талбұрау шегендеу үшін шабылатын тал шыбық, БҚО., Орда



Тал құдыққа талбұрау шегендеу үшін шабылатын тал шыбықтың майысқыш, жұмсақ, икемділігін көрсету. БҚО., Орда

қойып, ағашпен құрсаулап төрт бөлек шарбақ жасап алып, құдық ішіне салуы.

Хан Ордасы, Нарын құмдарында су тұщы, әрі таяздан шығады. Бұрындары жидені суырып алғанда түбінен шыққан суды қамыс түтігімен, құм сусылдап көміп қалғанша ішкен. Жиде өскен жердің суы ерекше дәмді болған. ХХ ғасырдың соңына дейін 70-80 см ден 1 м тереңдіктен шыққан. Қазіргі таңда су тереңдігі 2-4 метрге дейін түскенімен, судың тұщылығы сақталған. Судың тұщылығын тал құдықтан алынған үлгілерге жасалған сараптама нәтижесі де дәлелдеп отыр.

Хан Ордасы мен Нарын құмдарындағы елді мекендерде су көзі тек құдық сулары болған. Хан Ордасында соғыс жылдары мен соғыстан кейінгі жылдарда құдық қазу ісіне әйелдер де қатысқан. Хан Ордасынан қырға қарай Бабайсад деп аталатын елді мекенде су көзі 7-9 метр тереңдіктен шығады, әрі қыр жақтың жері қатқылдау келеді. Ал, Батыс Қазақстанның Жаңақала өңіріндегі қырларда, елді мекендерде су тереңдігі 5,5-6,5 метрден шығады, әрі топырағы қаттылау келеді. Бұл жердегі жергілікті материал жыңғылдан болғандықтан, жыңғылмен шегендеу қалыптасқан. Жыңғылды шауып алған бойда, яғни жас кезінде бұтақтарын, шамамен 80 см-ден 1 м дейін шыбықтар дайындап алады да, қабырғаға қиюластырып, бір, біріне қиюластырып отырғызады, шыбықтар бір бірін бұтақтары арқылы ұстап тұрады. Жергілікті жерде қолданған материалына қарай «жыңғыл шеген» деп те айтады.

Қызылорда облысы, Арал ауданына қарасты Қарақұмда қазы-

латын құдықтар жүзгенмен (дүзген) шегенделеді. Бұл жерде де Нарын құмдарындағыдай су таяздан шығатындықтан, әрі топырақ сусылдақ болғандықтан аузын, ернеуін кең етіп қазады. Қарақұмда құдықты ақбас шөп, қияқ қамыс, алабұта өскен жерден қазады, ол жерде су таяздан шығады. Қазып, лай суы, одан кейін таза судың көзі шыққан соң, құдықтың құмы ішіне құламас үшін, дүзгеннің шыбығын құдықтың қабырғасына, түбін ішіне қаратып, қалап өріп шығады. Мұны да жергілікті халық «шеген құдық», «шегенді құдық» немесе «шеген» дейді. Дүзген – сексеуілдің бір түрі, биіктігі 1 м – 1м, 20 см. Сондықтан болар дүзгенмен шегенделген құдықты Арал, Қарақұмнан басқа өңірде құдықты сексеуілмен шегендеген деген түсінік қалыптасқан. Жергілікті қариялардың айтуынша Қарақұм, Тоқабай, Сзды, Шижаға ауылдарында құдықты шегендеуге сексеуілді қолданбаған, себебі сексеуіл улы, әрі ащы, сексеуілдің суға улы бөлініп, одан су ішкен мал мен адам ауру болады. Қарақұмда шеген құдықтың ені 4 метрге дейін, тереңдігі 2-5 метрге жетеді, себебі Қарақұмның құмы сусылдақ, жұмсақ болғасын, диаметрін үлкен етіп қазады. Құдықты судың көзіне жеткенше қазған. Суы шыққан соң бетін ағаштан жауып, аузын кесекпен көтерген. Қарақұмда Дүйіспай, Тамен деген екі ағайынды жігіттің құдықшы ретінде аты шыққан екен. «Ердің атын еңбек шығарады», – деген халқымыз. Дүйіспай мен Тамен қайтыс болғанда халық басына шикі кірпіштен там тұрғызған. Қазіргі кезде Дүйіспай, Тамен тамдары сәулет өнері ескерткіштері ретінде жергілікті тарихи-мәдени мұралар тізіміне енген.



Тал бұрауды отырғызатын тал қазақ дайындау әдісін көрсету. БҚО., Орда




Тал бұрау дайындау әдісі. БҚО., Орда



Тал бұрау әдісін үйрену. БҚО., Орда



Тал бұрауды отырғызу әдісімен макет түрінде танысу. БҚО., Орда



Еменмен шегендеу. БҚО., Хан Ордасы



Тал шарбақпен шегендеу.
БҚО., Хан Ордасы



Дүзген шегені. Қ.орда, Арал, Шижаға



Көкбұтамен шеген салу.
Қ.орда, Арал, Сазды

Салыстырмалы түрде қарасақ, Түркіменстан жеріндегі құмды аймақтарындағы құдық қазу ісі Қарақұмға ұқсайды. Мұнда құмжағаны этегкум деп атаған. Этегкум мен тақырдың арасы 30-40 км болған. Ал, тақырсыз құмды жазықты бутевгум деген. Шегенделген терең құдықтар — орумли гуйы, шегенделмеген таяз құдықтар удек, шегендеу — орим деп аталған. Орумли гуйы үшін жыңғыл бұтағы қолданылған. Таяз құдықтар 3-5 сажынға дейін, терең құдықтар 9 құлаштан 18 құлашқа жеткен.

Тоқабай ауылында жер Қарақұмға қарағанда қатқылдау, суы көзі де Қарақұмға қарағанда тереңдеу жерден шығады, сол себепті бұл жердегі құдық диаметрі кішірек болғанымен, дүзгеннен шеген салу әдісі бірдей.

Арал ауданының Шижаға, Сазды ауылдары құмды ауылдар қатарына жатады, бұл ауылдарда шеген құдықтар «табандық» жерден қазылады. «Табандық» деп ылғалды, ызаға жақын, ылдилау жерді айтады. Құдық ши, қияқ өскен жерден қазылады. Диаметрі алты қанат үйдің орындай болады. Құм сусып құламас үшін диаметрін осылай кең етіп қазады. Шижаға, Саздыдағы шеген құдықтарының тереңдігі 4 метрден 4,5, 5 метрге дейін, ал жер сусылдақ құмды болғандықтан құдық енінің диаметрі 4,5, 5 метрден 6 метрге дейін. Су көзі шыққанда су құдық табанына қарай құлап қаздырмай қояды, судың көзі шыққаннан бастап, шегендеп қалайды.

Шижаға, Сазды құдықтары көкбұта, дүзгенмен шегенделеді. Көкбұта мен дүзгенді бір жыл бұрын шауып қойып кептіреді немесе күзде шауып, кептіріп, келесі

жылы көктемде құдыққа салады. Кептіріп қойғанда көк дәмі кетіп, қурап, кебеді. Көкбұтаның биіктігі түбін қоса есептегенде бір метр, дүзген томарын қоса есептегенде екі метр, ірісі одан да жоғары. Дүзгеннің түбіндегі томары жер астынан көрінбейді. Бұрынғы кезде томарын сүйменмен, тесемен, балта, күректен қопарып шығарған. Қазіргі кезде трактор көмегімен қопарады. Көкбұта да, дүзген де тұщы, әрі пайдалы өсімдік болап саналады. Шижағада кей құдықы тек көкбұтадан, кей құдықты тек дүзгеннен, кей құдықты дүзгенмен қалап, үстін көкталмен, қамыспен бастырады. Бір құдыққа 450 ден 600 түп дүзген кетеді. Көкбұтамен шегенделген құдық бір ғасырға дейін, дүзгенмен шегенделген құдық жарты ғасырдан аса қызмет етеді.

Құдықтың шегені ескіргенде қайта жаңалайды. Құдықты тазалау үшін ішіндегі суын сарқып шығарып тастайды да, топырағын аршып құлаған құмдарын шығарып тастайды. Тазалауға адамды арқанмен түсіреді. Құдықтың бетін жабу үшін шегенін қалап болғанда, бетіне қамыс салады, қамыс үстінде ағаш діндерін қойып, топырақпен жабады. Бір шеген құдық қазу үшін 2-3 машина дүзген, ал байырғы кезде 8-10 түйеге артқан дүзген немесе көкбұта кеткен. Түйеге арту үшін үстіне қалың жабу жабылған.

Шеген құдықтан суды ертеде қол қауғамен тартқан. Қауғаны теріден немесе ағаштан жасаған. Шижаға, Саздыда ағаш қауғаны шеберлер бірнеше ағаш кесіндісінен бір-біріне ағаш шеге арқылы кіріктіріп, екі жерінен темір құрсаумен құрсаулаған.

Шижаға ауылында Қайыпұлы Мақсұт атаның (жасы 83) «мал-



Дүзген құдықтың шегенін қамыспен жапқан



Сексеуілден шеген салу.
Қ.орда, Сырдария ауданы.
Нұртуған құдығы



Көкбұта салынған құдық іші.
Арал, Шижаға



Көкбұта салынған құдық.
Арал, Сазды



Дүзген мен шағыр салынған құдық.
Арал, Сазды

ды ауылынан» екі дүзген құдығы зерттеуге алынды. Екі құдықтың да диаметрі 6 метр. Құдық бетін қамыспен жапқан. Арал ауданында құдық иесінің атымен аталады.

Шижаға, Саздыда құдықшылықты арнайы кәсіп еткен адам жоқ, құдық қаздыртатын адам, асар ұйымдастырып, бір малын сойып, құдықшыларға арнап ас пісіріп, рахметін айтады. Тіпті бір үйдің балалары немесе өз ағайындары бірігіп, қазған. Бір құдықтан 4-5 үй бірігіп су ішкен, әрі малдарын суарған. Құдық суы қанша бас мал су ішсе де өне берген. 100 жылқыны бір уақытта суара алған.

Шижаға, Саздыға қазіргі таңда техниканың және үйге ауыз судың құбыр арқылы келуіне байланысты, кейбірі бұрынғы шеген құдықтарын көміп тастаған. Кейбірі қолданылмағасын ішіне топырақ құлап, шегенін жауып қалған. Көпшілігі әлі күнге ауыз су мен қолдағы малын суаруға қолданып отыр. Ауылдан шалғай жерде мал өсіруді кәсіп етіп отырған отбасыларшеген құдық суын мал үшін қолданады. Бір малды отбасында екі құдыққа дейін бар.

Дүзгенмен, көкбұтамен шегенделген құдықтың үстінгі беті көкқасқа, шағыр, қамыспен көтеру кездеседі. Информаторлық деректер құдық шегеніне шағырды салу, құдық суының қасиетін, пайдалылығын арттыра түсетіндігіне меңзейді. Шағыр (*Bergenia*) – тасжарғандар тұқымдасына жататын өсімдіктердің бір туысы. Қазақстанда 2 түрі кездеседі. Соның бірі – етжапырақ *B. nemerosa* немесе шағыршай (*B. crassifolia*). Биікт. 5 – 50 см. Жапырағын қайнатып шай орнына ішеді, түнбасынан қара, қоңыр бояу алынады.

Шегенге салатын көкбұтаның биіктігі 25 — 100 см. Томары жер бетінен көрінбейді. Құдық шегендеуге томарымен бірге алады. Жіңішке қабыршақты төртқырлы жапырақтары болады. Дерек беруші қариялар көкбұтаның емдік қасиетінің көптігін, тек адам үшін ғана емес, мал үшін де пайдалы екенін айтады. Көкбұтаны құдыққа салғанда құдық суына оның қасиеті дариды. Ал, ғылыми мәліметке сүйенсек көкбұтаның құрамында арбутас, арбутин, кверцитин, крахмал, камедь, катехин танин, сапониндер бар.

Көкқасқа бетеге тұқымдас, түйе сүйіп жейтін шөп. Аралдың Қарақұм елді мекенінде дүзген құдықтың бетіне көкқасқа шөпті бастырады.

Сырдария өзенінің оң жақ бетінде орналасқан, Қызылқұм құмдарында (Шиелі, Іңкәрдария, Қармақшы тұстары) құдықты тораңғылдан шегендеген. Тораңғылмен шегендеу әдісі жыңғыл, сексеуілмен шегендеу әдісіне ұқсас келеді. Тораңғы отын орнына пайдаланылып құрып бара жатқандықтан, соңғы кезде Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген. Тораңғыл еліміздің шөлді өңірінде ерте замандардан өсіп келе жатқан қасиетті де, киелі ағаштың бірі саналады. Тораңғы — тұзды және құмды сусыз шөлдерде табиғи жағдайда өсе беруге қабілетті бірден-бір биік діңгекті, жапырағы мол ағаш. Ол ауаның жылылығына, желдің күші мен дымқылдың тапшылығына қарамайды. Құдық қабырғасын тораңғылмен шегендеп көтеріп, құдық қазу ісі соңғы 20 жылдықтарда қолданыстан шыққан.

ШЕГЕНДЕУГЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӨСІМДІКТЕР



Көкбұта



Баялыш




Сексеуіл



Дүзген

Құдық шегендеуге қолданатын өсімдіктер

Латынша атауы	Орысша атауы	Қазақша атауы
<i>Artemisiya arenaria</i> DC	Полынь песчаная, чернобыльник	Шағыр
<i>Arthrophytum persicum</i> V. Sav.	Полынь солончаковая	Сексеуіл
<i>Calligonum aphyllum</i> Gurcke	Жузгун безлистный	Дүзген\дүзгүн\жүзген\ жүзгүн
<i>Salix acutifolia</i> Willd	Шелюга	Тал
<i>Salix alba</i> L.	Ива белая, ветла, ива древодидная	Тал ағаш
<i>Salix caspica</i> Pall.	Ива каспийская	Тал
<i>Salix rosmarinifolia</i> L.	Ива розмаринолистная Ива трехтычинковая, лоза	Шілік
<i>Tamarix longata</i> L d b.	Тамарикс удлиненный, гребенщик	Жыңғыл
<i>Tamarix gracillis</i> Willd.	Тамарикс изящный	Жыңғыл
<i>Tamarix hispida</i> Willd.	Тамарикс щетинисто волосистый	Жыңғыл
<i>Tamarix ramosissima</i> L d b.	Тамарикс многоветистый	Жыңғыл
<i>Populus pruinosa</i>	Тополь сизолистный	Ақ тораңғыл
<i>Populus euphratica</i>	Тополь	Қара тораңғыл
<i>Calluna vulgaris</i>	Вереск обыкновенный	Көкбұта
<i>Quercus</i>	Дуб	Емен
<i>Salsola arbuscula</i>	Солянка деревцевидная	Баялыш
<i>Ammodendron</i>	Песчаная акация	Қоянсүйек
<i>Halimodendron</i>	чингиль (чемыш, шенгил)	Шеңгел



Сексеуілмен шегенделген, сексеуілмен қоршалған Исмайл құдығы.
Қарақұм. Түрікменстан. А. Джумамурадов фотосы

Сырдың Қараөзек, Жаңадария, Іңкәрдария арнасы аңғарында жер саздақ болып келеді, енін 2 метрдей етіп қазып, еменмен шегендейді, емен суда ісінбейді, еменді солтүстіктен, Арқадан, түйеге артып тасыған. Еменді кесіп, жұмыр бұталап, қиюластырып қалап отырып, су көзіне жеткенде су өтетін көз қалдырып отырған.

Тораңғылмен шегендеу үшін бұтақтарын кесіп алып, сүргілеп, төрт бұрыштап, бөренемен сұрыптаған секілді бір-біріне бас жағынан айқастырып, кіріктірген. Қызылқұмда су тереңнен шыққандықтан дерек берушілер тораңғыл құдықтың түбі көрінбейді дейді.

Әгеб.: Фегорович Б.А. Лиг пұстыни. Москва, 1951; БҚО, Қ.орда экспедициясы материалдарынан.

ШЕЛЕК¹ — шығырдың су көтеретін ағаштан жасалған ыдысы. Шелекті бірнеше жыл арнайы кептірілген жұмыр ағаш діңінен үңгіп, ойып жасаған. Кейбір шеберлер ағашты екіге бөліп ортасын үңгіп қайта қиюластырып, қолдан жасалған желіммен бір-біріне жапсырып қондыртқан немесе ағаштан қысқа дөңгелек шыбық тәрізді етіп дайындалған шеге жасап, шегеге арнайы ойық жасаған, алдын-ала ағаш шегені суға салған, әлгі шеге ісініп, орнына берік болып қатып қалған. Ағаш шелекке 2 литрдей су кеткен, шелек жасауға мықты жиде, тұт ағашы, емен діңгектерін қолданған. Ал, қаңылтыр шелекті темірші ұсталар жасаған. Шелектер саны 40 тан 60-қа дейін жетіп, олар сәл қисайтыла, көлбеу орнатылған. Сондай-ақ шығырдың су құятын шелегінің, темірден, теріден де жасалынатыны бар.

Әгеб.: Қ.орда экспедициясы материалдарынан.



Тораңғыл



Шеңгел



Қоянсүйек



Кептіріп қойған дүзген. Арал. Қарақұм



Шығыр шелегі. Реконструкция.
Тасбөгет су шаруашылығы музейі

ШЕЛЕК² – құдықтан су тартатын қауға, ыдыс. Жасалған материалына қарай *ағаш шелек, темір шелек, тері шелек, мыс шелек*; бірнеше ағаш бөлігінен құрастырып, темір құрсау салынғаны *дүңшелек*, темірден цилиндр түрінде жасалғаны *тікшелек*, ал сырланған болса *сырына қарай сырлы шелек, ақ шелек, көк шелек* деп аталған. Су тартатын ағаш шелектің жасалу әдісі шығырдың ағаш шелегін жасаумен бірдей.

Әдеб.: Қ.орда, БҚО экспедициясы материалдарынан.

ШЕЛДЕУ – арықтарды қырнап тазалау (Алм., Шел.).

ШӨНЕК – шағын арық (Алм., Сем.).

ШЫБЫШ ҚҰЛАҚ СУ – аз ғана ағып жатқан су (Шығ. Қаз.).

ШӨЛ ҚАЛДЫРУ – сусыз қалдыру, су бермей қою (Маң., Маңғ.). *Жылқыны бұл кездерде бір мезгіл де шөл қалдыруға болмайды («Ең.туы»).*

ШҰҚАНАҚ ҚҰДЫҚ – қол шөмішпен су құйып алатын суы таяз құдық (МХР).

ШҰҢГІТ – судың терең жері (Ақм., Есіл). *Су тартылғанда өзеннің шұңгіт жерінде ғана су қалады.*




ШІЛДЕ СУ – жаңа туылған баланы алғаш шомылдырған суы. Күміс тиын салған суға бір шым-шым тұз қосып, шым-шым жылы күйінде жаңа туған нәрестенің денесіне суды түгел тигізіп шомылдырады. Шілде суды ит, адам баспайтын жерге түгеді. Содан соң баланы Қырық күнге шейін осылай күміс салған суға тұз қосып шомылдыра берсе, нәресте тез ширап, терісі бөртпейді, кейін әр түрлі тері ауруларына шалдықпайтын болады. Шілде суының бір бөлігін

шыны ыдысқа құйып алып қойып, баланың денесі қызарғанда, жара шыққанда сүртеді.


Әгеб.: Қорда экспедициясы материалдарынан.

ШЫҒЫР¹ — өзен, көлдерден биіктеу жерде егілген егістік алқабын суару үшін сукөтеруге қолданылатын суландыру қондырғысы. Шығыр қазақ жерінде ерте кезден қолданыста болған. Келіп жеткен жазба және заттай деректерге сүйенсек шығыр Таяу Шығыс, Египет, Ежелгі Антик елдеріндегі ежелгі өркениет ошақтарында да қолданыста болған. Шығырдың ең көне түрлері адам көмегімен, құлдар көмегімен қозғалысқа келтірілген. Шығыр құрылысына қарай үшке бөлінген: *жел шығыр*, *су шығыры* (дарияның иірімі, ағысы қатты тұсына орнатылған, *көлік шығыры* (түйе шығыр, ат шығыр, өгіз шығыр. Шығырлар жағасы биік арықтар бойына орнатылып, түйе, өгіз, ат көмегімен қозғалысқа келтіріліп, жегілген түлік түріне қарай «түйе шығыр», «өгіз шығыр», «ат шығыр» деген атаулар қалыптасты. Шығыр құрылысы күрделі қондырғы, ол оқ, кіндік, жоғары тегершік, төменгі тегершік, кегей, қасынек, шелек, астау, т.б., ағаш бөліктерден тұрған. Шығырды емен, жиде сияқты мықты ағаштардан, ағашшы шеберлер жасаған. Шығыр қазақтардың тіршілік қамы жүйесін қамтамасыз етуде маңызды рол атқарған. Қазақ жерінде шығырлар Сырдария, Нұра, Қаратал, Терісаққан, Кеңгір, Сарысу, Іле, Шу өзендері, Ақкөл, Қорғалжың көлдері жағасында орнатылған. Көктемде құрып, күзде қайта жинап отырған.

Маңғыстауда Каспий теңізі суын жер асты су көздері арқылы тартып, егістік алқапты суарған.



Адам көмегімен қозғалысқа келтірілген шығырдың көне түрінің кескіндемесі




Құдықтан су көтеретін шығыр, Перовск уезі, 1910 жыл



Шығыр, Перовск уезі, 1910 жыл



Ат шығыр (шығырды ат көмегімен қозғалысқа келтіру).
19 ғ. аяғы. ҚРОМҚДМ қоры



Түйе шығыр (шығырды түйе көмегімен қозғалысқа келтіру).
Сырдарияның сол жақ беті. 19 ғ. аяғы. М. Дьяков түсірген



Құмыра орнатылған шығыр. А. Федорович фотосы



Түйе шығыр. А. Джумамурадов фотосы


Осындай ірі су шығырдың бірінің қалдығы Форт-Шевченко қаласында сақталған. Шығыр қондырғылары Отан соғысы кезінде, соғыстан кейінгі қайта қалпына келтіру кезеңінде де қолданылған, яғни XX ғасырдың ортасына дейін қолданыста болып, одан әрі, техниканың өсуімен, егіншілікті суаратын техникалардың өндіріске шығарылуымен байланысты қолданыстан шығып қалған.

Шығыр қондырғылары Орта Азия, Шығыс мемлекеттерінде кең тараған. «Бабырнама» жылнамасында Кашмир тауларының етегіндегі елді мекендердегі қант зығыры, жүзімді алқаптардың шығыр қондырғыларымен суарылатыны жазылған. Жылнамада шығыр қондырғысы «шелекті дөңгелек» деп берілген.


Әгеб.: Мейер А. Материалы для географии и статистики России, собранные офицерами генерального штаба. Ч.1. Киргизская степь. Оренбургского ведомства. СПб.: 1865. 288 с.; *Александров Н.Н.* Земледелие Сырдарьинской области. Част I. Общие приемы земледелия. Отдельные оттиски из журнала «Туркестанское сельское хозяйство» за 1916-18 гг. Ташкент, 1920. 253 с.; *Гаврилов Н.* Переселенческое дело в Туркестанском крае (Области Сыр-Дарьинская, Самаркандская, Ферганская). СПб., 1911. 335 с.; *Картаева Т.* Использование чигиря для подъема воды в аридных зонах Казахстана //Материалы международной научно-теоретической конференции «Новые взгляды на историю Казахстана» 1 юнинь, 2018 г. Алматы: Қазақ университеті, 2018. С. 63-69.



Түйе шығыр сызбасы



Шығырдың вертикальды кесіндісі



Шығырдың көлденең кесіндісі



Шығыр диорамасы.
ҚРМММ экспозициясы




Егістікке су көтеретін шығыр бөліктері.
Түпнұсқа. Форт Щевченко этнографиялық музейі.
Маңғыстау экспедициясы



Егістікке су көтеретін шығыр бөліктері. Түпнұсқа.
Форт Шевченко этнографиялық музейі.
Маңғыстау экспедициясы



Сарай Бату (Алтын Орда) қаласы реконструкциясындағы шығыр қондырғысы



Маңғыстаудағы шыңырау. Жоғарыда мал суғарып жатқан шыңырауға шығыр орнатылған. Төменгі жағында әйкел құдық. Р. Карутц фотосы. 20 ғасырдың басы (Карутц, с.88. Табл 13)



Терең құдықтан шығыр көмегімен су тарту. А. Джамамурадов фотосы



Қызылқұмда құдыққа орнатылған шығыр көмегімен қолмен су тарту.
К.А. Фишер түсірген



Шығырмен тартылған тері қауғадағы суды астауға құю.
Қызылқұм. К.А. Фишер түсірген



Қызылқұмдағы шығыр орнатылған құдық.
Түйе көмегімен су тарту. К.А. Фишер түсірген



Шығыр айналсоғы немесе доғалағы.
Маңғыстау экспедициясы



Құдық топырағын,
балшығын тартатын шығырдың басы.
БҚО экспедициясы.

ШЫҒЫР² — су доға (су құйылатын доға) (МХР). *Шығыр су ағысымен айналған кезде су науаға құйылады.*

ШЫҒЫР³ — терең құдық қазғанда көн шелекпен түйенің немесе аттың көмегімен топырақ шығаратын, кейін шыңырау құдықтан су шығару үшін қолданылған ағаштан жасалған қондырғы. Шығыр ағаштың басында істемір арқылы қозғалысқа енетін доғалақ немесе айналсоқ орнатылады.

Әдеб.: Карутиц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Пер с нем. Е.Петри. СПб.: Издание А.Ф. Девриева, 1911. 188 с.; *Джумамурадов А.* От чигиря до судоходного канала. Ашхабад, 1982; *Хозяйство казахов на рубеже XIX-XX веков.* Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-Ата: Наука, 1980. 256 с. + 4 карта; *Хорошхин А.* Кызыл-кум (историко-этнографический очерк) // ТВ. 1873. №18. С. 70-71; *Хорошхин А.П.* От Оренбурга до Казалинска, от Казалинска до Ташкента, от Ташкента до Токмака, от Ташкента до Коканда // В кн: Сборник статей, касающихся Туркестанского края. СПб.: Типография и хронолитография А. Траншеля, 1876. С. 3-38.

ШЫҒЫР⁴ — таяз немесе орташа тереңдіктегі құдықтан су тарту үшін орнатылатын құрылғы. Құдық аузына орнатылып, темір шылбыр немесе арқанға бекітілген қауғамен су тартылады. Темір шылбыр немесе арқан бел арқауға оралып тұрады. Қол бұрау арқылы іске, қозғалысқа келеді. Бұл қолмен су тартуды жеңілдетеді.

Әдеб.: БҚО экспедициясы материалдарынан.

ШЫҒЫР⁵ — терең немесе орташа тереңдіктен су шығару үшін,


құдық ішіндегі балшықты сыртқа шығару үшін қолданылатын темір құрылғы. Құрылғымен қолының қаруы бар жігіттер жұмыс жасайды. Сиымдығы литр болатын балшық салынған бөшкені тартып шығарады. Қол еңбегін жеңілдеру үшін қолданылады.

Әгеб.: БҚО экспедициясы материалдарынан.




Құдық топырағын, балшығын тартатын шығырдың бүтін келбеті.
БҚО экспедициясы

ШЫҒЫР ҚҰРЫЛЫМЫ — Шығыр оқ, кіндік, жоғары тегершік, төменгі тегершік, кегей, қасынек, шелек, астау, т.б., ағаш бөліктерден тұрады. Шығырдың оқ деп аталатын негізгі діңгегін жасау үшін жуандау келген бөренеден ұзындығы 6-7 метрге дейін жұмыр ағаш жонып алып, бір басынан төменгі *тегіршек* ұңғысына кіргізілетін, шет-шетін шауып төрт қырлы тіс жасайды, екінші басын үшкірлеп шауылып, әуіттің қарсы бетіндегі жуан бөрене кеспелтегіндегі ұяға асылып қойылады. Жалпы саны 10-12 болатын ұяға, ұзындығы 4-12 қарыс болатын төрт қырлы *кегейлер* кіргізіледі. Кегейдің ұшында болатын тесікке ұзындығы 2 қарыстай *құлақша* кигізіледі, құлақшалардың екі жақ басы *шыбық* бұрамалармен бекітіліп, ортадағы өзегі арқылы шыбықтар түйенің мойын терісінен тілінген таспамен берік байлап тасталады. Осылайша кегей бастарының өзара бекітілуі нәтижесінде шелектерді орнататын біртұтас шеңбер *қасенек* құрылады. Оқтың екінші басындағы төменгі тегершік жоғарғы тегершікпен тістері арқылы байланысып, жоғарғы тегершік ұңғысы кіндікке кіргізілген. Кіндік тік орнатылған, оның екі жақ басы үшкір, төменгі жағында тегершік астына бекітілген кеспелтек, жоғарғы жағында ұзындығы кісі бойындай шектеген тіреулер бар. Әрбір тіреу мәткенің ортасындағы ойық-ұяға сұғылған. Ұя іш жағынан мезгіл-мезгіл майланып тұрады.



Шығыр құрылғысы сызбасы:
 1 – су алатын ыдыс орнатылған тоғын (қасинек); 2 – білік (оқ); 3 – астыңғы тоғын (тегершек); 4 – үстіңгі тоғын (жоғары тегіршек); 5 – оқтық (кіндік); 6 – шығырды айналдыратын күш;
 7 – әуіт (су көзі); 8 – науа;
 9 – тіреуіштер. ҚРМӨМ материалдарынан



Шығырдың вертикальды кесігі –
 1 – үстіңгі тоғын, 2 – астыңғы тоғын,
 3 – тоғын, 4 – науа

Шығырдың қасына «әуіт» қазады да, суды сыртқа шығару мақсатында дінгек пен әуіт ішіндегі шекелік ағаш бір-біріне байланыстырылып бекітіледі. Әуіт пен төменгі тегершік жер ошағының арасынан тереңдігі тізеден келетін арық қазылған. Шығыр көмегімен толған арық суы одан әрі тікелей әуітке құйылып тұрған. Оқ осы арыққа жатқызылады да, үсті тақтаймен жауып тасталады. Кіндіктің түп жағына байланған қалжуырға жегілген көлік (ат, түйе, өгіз, есек) жүре бастаса болды, жоғарғы тегершік төменгі тегершікті, төменгі тегершік оқты айналдыра бастайды. Қозғалысқа енген оқтың екінші басындағы қасынек жартылай әуітке сұңгіп, бірден 6-7 шелек суды тартып шығарып, су астауға құйылады, одан әрі егістікке кетеді. Тегершік кейде жоғарғы тоғын, төменгі тоғын деп те аталған. Ол көбінесе көн терімен қапталған. Ұзындығы 1 қарыстан астам тегершік тістері әдетте қайың сырғауылдан жасалған. Шығыр бөліктерін бір-біріне жымдастырып, мықтап байлау үшін солқылдақ көк шыбық өрімдері де пайдаланылған. Әуіттің ұзындығы 4,5-5, ені 2-2,5, тереңдігі 2,5-3 м.-дей болады. Диқандар оны өзен-көлмен енсіз тайыз арық арқылы жалғастырған.

Шығырдың қозғалысын, судың деңгейін егістіктің иесі, арық ақсақал қатаң бақылап отырған: су деңгейі тым жоғары болса, көлікке күш көп түседі. Әуіт қазып, шығыр орнатарда өзен-көл суының деңгейі ескеріліп отырған: ол көктемде жоғары болады да, әсіресе күзге қарай біртіндеп төмендей түседі. Осыған орай әуіт терендетіліп, су деңгейі көтерілетін болған, ол үшін

кегейдің ұзындығы 4 қарыстан 12 қарысқа дейін жеткізілген. Бір шығырмен бір жазда 2,5-3 га жердің егіні 3-4 рет суарылған. Шығырды егістік науқаны басталғанда орнатып, қазан айында қайта жинап отырған.

Әдеб.: Александров Н.Н. Земледелие Сырдарьинской области. Част I. Общие приемы земледелия. Отдельные оттиски из журнала «Туркестанское сельское хозяйство» за 1916-18 гг. Ташкент, 1920. 253 с.; *Гаврилов Н.* Переселенческое дело в Туркестанском крае (Области Сыр-Дарьинская, Самаркандская, Ферганская). СПб., 1911. 335 с.; *Картаева Т.* Использование чигрия для подъема воды в аридных зонах Казахстана //Материалы международной научно-теоретической конференции «Новые взгляды на историю Казахстана» 1 юнинь, 2018 г. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – С. 63-69; *Поляков С.П.* Историческая этнография Средней Азии и Казахстана. – М.: Издательство Московского университета, 1980. – 168 с.

ШЫҒЫРШЫ – тек шығыр жасап, қондырып беруге мамандарған ағашшылар. Оларға шығырды жасаған ақысына мал, астық берген. Шығыр орнатарда мал сойып құран оқытқан. Жұмысына 15-20 күндей уақыт кеткен. Сыр бойында шығырдың құны қаржылай есептегенде 9-11 рубльдан 30 рубльға дейін құраған. Оңтүстік Қазақстан, оңтүсік шығыста шығырды шынар ағашынан жасаған. Сыр өңірінде шығыр жасау үшін емен ағашын қолданған, еменді Арқа өңірінен арбамен алып келген, себебі емен ағашы суда ісінбейді, шірімейді.

ШЫЛАПАЙ – құдық түбінде жылтылдап көрінетін боларболмас қана су (Маң.: Маңғ., Шевч.). Бұл – шыла «дымда, сула» деген егістіктен жасалған сөз. *Бетінде шылапай суы ғана бар құдықты қолмен көзеп те жолаушылар су шығарып алатын.*

ШЫЛБЫР – су тартатын тері қауғаның шаңбақ деп аталатын кергішіне арқан байлайтын шығыршығы.

ШЫҢЫРАУ ҚҰДЫҚ / ШЫМЫРАУ – Үстірттегі негізгі су көзі, таспен шегенделіп, аузының айналасы таспен немесе қимен көмкерілген құрылыс. Шыңырау қаздыру Оңтүстік Үстірт, Маңғыстау өңірінде қоныстанған Кіші жүздің көшпелі тайпалары арасында басым болды. Үстірт көшпелілері негізінен шегенделген тереңдігі 2 сажыннан бастап, 30-40 сажыннан асатын шыңырау құдықтар қаздыртқан. 1 сажын 3 аршынға, ал 1 аршын 0,71 см-ге тең, сонда 1 сажын шамамен 2 м. 13 см. болса, 30 сажын тереңдіктегі шыңырау 63,9 метр, 40 сажын тереңдіктегі 85,2 метр болады. Әскери саяхатшы Мағ-Гахан өз қолжазбасының «Безводная степ» аталатын XI бөлімінде Оксуз аңғарындағы қазақ даласынан тереңдігі 60 метрден асатын, диаметрі 8-10 фут болатын құдықтарды кезіктірген. Мағ-Гаханға жергілікті тұрғындар бұл құдықтар Ақсақ Темір дәуірінде де елді сумен қамтамасыз еткендігін айтқан. Шыңырау қазу жұмысы шамамен 1-2 айға созылған. Шыңырау қазуға 4-5 немесе бірнеше

ер адам қатысқан. Тереңдігі бірнеше құлаш болатын шыңырау құдықтарды қазып, шегендеу жігіттің жігіті ғана шыдайтын өте ауыр жұмыс болды. Шыңырау қазуға маманданған құдықшылар алдын ала еңбек ақысына келіскен, құдықтың құны *құдық ақы, құдық ақы мал, еңбегі* деп аталған. Шыңырау қазу 1950 жылдарға дейін жалғасқан. Кейбір шыңыраулар мотормен су шығару арқылы бүгінгі күнге дейін қолданыста.



Шыңыраудан су тарту. ҚРМОМ қоры



Шыңырау мен тас астау. А. Федорович фотосы



Шығыр орнатылған шыңырау.
Ресей ҒА Антропологиялық экспедиция фотосы

Шыңырау құдықтардың диаметрі тар болғандықтан, құдықшы отырып жұмыс жасаған, жер асты суық болғандықтан тон киіп қазған. Шыңырау қазу күрделі еңбек, әрі шөлді, тасты жерден қазылатындықтан көздеген жерге қазық қағылып, үстінен киіз үй тігіліп, бір малды құрбандыққа шалып, құран оқытқан, соң құдық қазуды бастаған, киіз үй құдықшылардың төбесінен күн түспейтін жерге жеткенше тігіліп тұрған деседі. Су көзін тапқан соң, оны шүберекпен тығындап қойған, *үгі* деп аталатын ойық жасап алған соң тығынды алып тастаған, сол кезде су біртіндеп үгіні толтырған. Маңғыстау, Үстірт өңірінде, 1,5 – 2 метр жер қабатынан соң қалыңдығы 30-40 метр, кейде одан да қалың, бірақ жұмсақ тас қабаты түзілген, сондықтан жер астындағы суға жету үшін көздеген жердің тас қабатын үңгу қажет болған. Ол үшін үстіңгі жер қабатын кең етіп қазып алып, дәл ортасынан диаметрі 1,5 метрдей етіп тасты дөңгелете сүйменмен (басы үшкір темір құрал, оны балықшылар мұз оюға қолданған) тескілеп, 30-40 см қабатын қопарып алады, оны «*тасты бауыздау*» дейді. Бұдан әрі бауыздалған қабатты шетінен сындырып отырады. Шыңырау тереңдеген сайын, оның түбіндегі балшық пен тас сынықтарын шығару, салмағы ауыр болғасын қиындай береді. Сондықтан балшықты тасты шығару үшін көн теріден тігілген ауыр *дольқыты* немесе *көншелекті* ұзын арқанға байлап, түйенің көмегімен тартып шығарған. Көш жолындағы тақыр, қақ суларын көшпелі тайпалар бірігіп пайдаланды. Қалыптасқан көш дәстүрі бойынша құдық суын, сол құдықты қаздыртқан егесі бірінші болып пайдаланған, егер ол болмаған күнде онымен бірге туғандары,

бірге туғаны болмаса жақын аталасы пайдаланып, содан кейін қалған ауылдарға кезек берген. Маңғыстаулық адай және табын тайпалары қыстауда отырғанда малдарын құдық суымен суғарған.

1870 жылы Маңғыстау өңірінде әскери қызметте болған полковник Н.П.Ломакиннің жинаған мәліметтері бойынша Маңғыстаулық тайпалар да құдық қазуға көп көңіл бөлген. Маңғыстаулық, Үстірттік тайпалар шыңырау құдық қаздыруға, құдықшымен келісіміне қарай 100 майда мал басынан, 100 жылқыға дейін берген. Н.П. Ломакин бойынша 1870 жылы Маңғыстауда 1139 құдық болса, 1899 жылы бұл өңірде барлығы 4168 құдық есепке алынған. Бай шаруашылықтар бірнеше құдықтан иеленген. 1892 жылы Маңғыстауда болған әскери комиссия 363 құдықтар мен бұлақтар көзін көрсеткен. Ал, О.С.Вялов Үстірт гидрологиясын зертегенде 62 шыңырау құдықты есепке алған. Маңғыстаулық тайпалар бұл жерде табиғи су көзінің тапшылығынан құдық суын жыл бойына пайдаланып, малды құдық суымен суара берген.

Маңғыстау, Үстіртте су өте тереңнен шығатындықтан тек «шыңыраулар» қазылды, шыңырау құдықтарды таспен шегендегендіктен «*тас құдық*», «*тас шыңырау*», терең болғандықтан «*құрғым құдық*» деп те аталды. Үстірттегі Жүз адым құдығы шыңыраудардың тереңдігі 100 метрден асатындығын көрсетеді. Шыңырау қазу 1950 жылдарға дейін жалғасқан.

Қазіргі таңда кейбір шыңыраулар үстінен мотор орнатып, техника көмегімен су шығару арқылы қолданылып отыр.

1873 жылы статистикалық есеп бойынша Маңғыстау уезі аймағында 1133 құдық тіркеуге алынып, оның 698-і малы көп байлардың жеке меншігі, 107-і мал басы орташа шаңыраққа, 282-і рулық меншіктегі, 46-ы жалпы қоғамдық қолданыстағы құдық ретінде белгіленген.

Әгеб.: Кекілбаев Ә. Шыңырау. Роман. Шығармалар жинағы. Алматы: Арыс, 2017; Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995 140 б.; Букейхан А. Казахи антропологические очерки. Л., 1927. 107-108 бб.; Ищенко М.М., Казбеков И.С., Ларин И.В., Щелоков В.К. Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. Вып. VI. Л. 1928. 67-68 бб.; Ломакин Н.П. О полуострове Мангышлаке и путях оттуда в разные концы Закаспийского края // Записки Кавказского отдела ИРГО. 1873. Кн. 8. 19, 34-42 бб.; Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Пер с нем. Е. Петри. СПб.: Издание А.Ф. Девриева, 1910. 188 с.; Казахи антропологические очерки. Л., 1927 106-107 бб.

ШЫҢЫРАУ ТЕРЕҢДІГІ ӨЛШЕМІ — алпы қазақ жерінде құдықтардың тереңдігі адым немесе құлашпен есептеледі. *Адым* — халықтың байырғы ұзындық өлшемі. Ересек адамның керіп аттаған екі аяғының арақашықтығы. *Құлаш* — айқара ашылған немесе керілген екі қол арасы шамасы. XIX ғасырдың екінші

жартысынан бастап, орыс тауарларының келуіне орай, орыс өлшемдері ене бастады. Осы кезеңнен бастап қазақ жеріне келген орыс және батыс зерттеушілері шыңыраулар тереңдігін, аршынмен, сажынмен өлшеп жазған. 1 сажын 3 аршынға, ал 1 аршын 0,71 см-ге, 1 сажын шамамен 2 м. 13 см.-ге тең болған.

ШЫРЛАУ – сай немесе кез-келген ағыстың басына жиналған қарды көміп аяғынан ағып шыққан су.

ЫЗА ШЫҒУ – ылғал біліну, су шығу (Шымк., Арыс.). Мына жерден ыза шығуға қолайлы ғой.

ІЗЕЙ ЖЕР – су жатқан сызды жер (Түрікм., Таш.). *Құмның етегі ізей жер болған соң онда там салмақ тұр ғой, қара үйде тігуге болмайды.*

ІЗЕКЕШ – керек емес суды ағызып жіберетін арық, канал (Қарақ., Мой.).

Әгеб.: Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. Құрастырған Ф. Қалиев, О. Нақысбеков, Ш. Сарыбаев, А. Үдербаев және т.б. Алматы: «Арыс» баспасы, 2005; Диалектологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы, 2007.

ІЛМЕ ҚҰДЫҚ – суы таяз жерден шығатын құдық. *Ілме құдық атауы*, суды қауғамен оңай тартып алуына байланысты қалыптасқан. Ілме құдықтың тереңдігі 2-ден 3,5 метрге дейін болады.

Әгеб.: БҚО экспедициясы материалдарынан.

ІЛМЕ ҚҰДЫҚ – суы өте таяздан, 0,5-0,8 тереңдіктен шығатын құдық түрі. Мұндай құдықтар Нарын құмдары, Бөкей ордасында, Қарақұм, Шижаға құмдарында ертеректе кездескен. Қазір жер асты суының төмендеп кетуіне байланысты құдықтың бұл түрі қолданыстан шыққан. Ілме құдық бетіне көлденең ағаш қояды, құдық аузын бекітпейді. Суды қол қауғамен алады.

ІС ТЕМІР – шығырдың доғалағын айырдың басында ұстап тұру үшін доғалақтың тесігінен өткізілетін темір.

ІШІРТКІ ІШУ – оқылған су, халықтық білім, этномедицинада қолданылған тәсіл. Белгілі бір кеселді жазып, емдеу үшін молда қағазға дұға жазып, оны суға салып береді, мұны ішірткі жазып беру дейді. Оқылған су да ішірткі деп аталады. Тұмар тағу, тұмар оқып беру қазақ емшілері арасында кең тараған емдеу әдісі деуге болады. Тұмарға дұға оқып беруді молдаларда кәсіп еткен. Дұға оқып, жаздырған адам шамасына қарай ақы төлеген. Жаздырып алған дұғаны шайнап жеп қою кез-келген ауруды жазады деп сенген. И. Кастаньенің дәлелдеуінше дұға оқып емдеу – бұл да шаманизм культі. Молда да өзіндік дәрежеде емшілік роль атқарады. Молда тылсым күштерге бақсылар сияқты іс-әрекетпен әсер етпейді, ол Құдай мен адам арасындағы дәнекер болып саналады. Суды ішіп болған соң ішірткіні адам аяғы баспайтын жерге көмеді, кейбірі ішірткіні жеп те қойған. Бұл ауру адамға дем береді деп сенген. Дұға оқып емдеу барлық халықтардың магиялық және діни ғұрыптарында маңызды

роль атқарады. Молданы аурудың қай түрін емдеуге шақырса да, молданың емдік шарасы аят, дұға оқумен, ішірткі жазумен байланысты болған.

Әдеб.: Лялина М.А. Путешествие по Туркестану Н.Северцова и А. Федченко. СПб., Издание А.Ф. Девриева, 1894. 268 с. + илл.; Кастанье И. Из области киргизских верований // Вестник Оренбургского Учебного Округа. 1912. №1. 3. С. 71-93; 1913. №4. С.112-124; №5. С.149-166; 201-218; №6. С.187-196.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РУХАНИЛЫҚ — адам мен табиғаттың эмоционалдық және ментальды қарым-қатынасының бір түрі. Әулиелер басындағы қасиетті саналатын құдық сулары, қасиетті бұлақ, тұма, қайнар суларының қасиетіне сенуді насихаттау, басына ритуалдық мата байлау, құран оқып су алу немесе дұға қылып ниеттеніп алу т.б. көрінеді. Адамдар қасиетті бұлақ басынан су ішу, ниет етуден рухани рух алу арқылы жанына медет іздейді.

ЯП — канал тәрізді үлкен арық (Қарақ.). Жергілікті тұрғындардың тілінде арық арнасы бірнеше түрге бөлінеді: *енежал* (үлкен арық), *салма* (үлкен арықтан шығатын кішкене арық), *аяқсалма* (салманың кішкене түрі), *шығыр салма* (шығырдан шыққан су жүретін арық).

Қорытынды

«Су культi» анықтамалығы «Қазақстанның аридтік аймақтарында сумен қамтудың дәстүрлі әдістері: этнологиялық және геоархеологиялық тұрғыда қарастыру» атты іргелі жоба негізінде орындалды. Анықтамалықты дайындаудағы негізгі мақсат — Қазақстанның құрғақ, жартылай құрғақ аймақтарындағы сумен қамтамасыз ету, су шығару, су көтеру, суды қолдану мен игерудің дәстүрлі әдістерін анықтау, талдау болып табылды. Соңдай-ақ, Қазақстанның аридтік аймақтарында су жинаудың, қолданудың дәстүрлі әдістерін зерттей отырып, олардың сан-алуандығын, бірегейлігі мен хронологиясын анықтайтын толыққанды мәліметтер базасын құрап шығару, қазақтардың табиғатты пайдаланудағы ерекшеліктерін зерттеуде жаңа теориялық-әдіснамалық зерттеу жасау.

Анықтамалықтың — далалық этнографиялық, геоархеологиялық, камералдық және зертханалық жұмыстардың негізінде жазылып, келесідей бағыттар қамтылды: өткен мен қазіргі жөніндегі барлық қолда бар ақпаратты зерттеу, қалдық және белсенді сулы құдықтар мен коллекторлар туралы; су қолдану нысандарының жер үсті және көмілген құрылымдары мен элементтерін құжаттау; жергілікті құжаттар мен сұхбаттарды талдау арқылы этнологиялық мәліметтер жинау; суды қолдануға қатысты халықтық білімдер жүйесін талдау, этноэкология, этнофольклорлық мәліметтерді талдау.

Анықтамалықты жасау барысында этнологиялық және археологиялық принциптер негізінде пәнаралық зерттеу басшылыққа алынды. Нәтижесінде далалық этнографиялық зерттеулер нәтижесінде жойылып кеткен немесе жойылу қаупінде тұрған құдық түрлері, белсенді қолданыстағы дәстүрлі құдық түрлері мен олардың дәстүрлі әдіс-тәсілдері зерттеліп, ғылыми өңделді, құдық түрлерінің классификациясы жасалды. Құдықшылық, сушылық кәсібіне қатысты кәсіптік сөздер классификациясы жасалды. Геоархеологиялық зерттеулер

нәтижесінде, байырғы көш жолдары мен байырғы қоныстардағы көмілген құдық іздері нақтыланды.

Су культі, суландыру жүйесі, құдық қазу ісінің, құдықшылық кәсібінің даму тарихын ғылыми практикалық қырынан игерудің отандық археология ғылымы үшін де, этнология ғылымы үшін де маңызды зор. «Су культі», «Суландыру жүйесі», «Құдық» тақырыптары пән аралас ғылымдардың тоғысында (археология, этнография, тарихи топонимика, тарихи ономастика, тарихи география) өзінің толық мәнісін ашатын тақырып. Қазақ жерін мекендеген байырғы тайпалардың қала қоныстарын табылып жатқан құдық іздері байырғы халықтардың гидротехникалық білімдер жүйесінен мәлімет беріп қана қоймай, байырғы тұрмыс-тіршілік, кәсіптердің дамуынан, табиғат өнімдерін, тұрмыс қажетіне жаратудың көздерін нақтылайды.

Осы анықтамалықты жазуға басты дерек болған этнографиялық экспедициялық материалдарды интерпретациялау арқылы құдықшылық кәсібіне аймақтық ерекшеліктерді нақтылайтын кәсіптік сөздер қоры жинақталды, құдықтың қазіргі кездегі қолданыстық маңызы ашылды. Дегенмен де, «құдық», «құдықшылық» тақырыбына қатысты археологиялық және этнографиялық материалдықта, материалдық емес те мұралар өте тапшы, оның себебі, біріншіден, жиі кездесетін таяз құдықтарды көміп тастаумен байланысты, екіншіден, этнографиялық мәлімет беретін су көзін танитын, көзі қарақты, халықтық білімді игерген қариялардың қатары сиреп кетті.

Жер-су аттарының өзгеруі де құдық атауларына қатысты топонимикалық, ономастикалық мәліметтер жинауға қиындық тудырады. Экспедиция барысында жиналған суды қолдану, суландыру, құдыққа қатысты кәсіби сөздер мен атаулар қорын алғашқы авторлар жазбаларындағы мәліметтер мен тарихи карталар белгілері арқылы нақтылай түсу мәселенің ғылыми ақпаратын нығайтады. Анықтамалықтағы фотоқұжаттық мәліметтердің негізгі денін жоба орындаушылардың, авторлардың экспедициялық түсірілімдер қамтыды.

ДЕРЕК БЕРУШІЛЕР (информаторлар) ТІЗІМІ

I Нәбиев Едіге. Батыс Қазақстан облысы, Орал қ. Руы байбақты.

II Қадимов Ноқаш. 1939 ж.т. Батыс Қазақстан облысы, Сайқын ауданы. Руы байбақты бұғанай.

III Мырзағалиев Дәулетбай. 1942 ж.т. Батыс Қазақстан облысы, Сайқын ауданы, Орда ауылы. Руы алаша малай.

IV Салауатов Ахметкерей. 1940 ж.т. Батыс Қазақстан облысы, Сайқын ауданы, Орда ауылы. Руы байбақты.

V Оразгелдиев Абдолла. 1950 ж.т. Батыс Қазақстан облысы, Сайқын ауданы, Орда ауылы. Ұлты татар.

VI Оразгелдиев Зейнур. 1952 ж.т. Батыс Қазақстан облысы, Сайқын ауданы, Орда ауылы. Ұлты татар.

VII Советов Мұхаметқали. 1942 ж.т. Батыс Қазақстан облысы, Сайқын ауданы, Орда ауылы. Руы ноғай.

VIII Советов Қуантай. 1965 ж.т. Батыс Қазақстан облысы, Сайқын ауданы, Орда ауылы. Руы ноғай. Тел: +7 705 403 0373.

IX Төлешев Амангелді. 1965 ж.т. Батыс Қазақстан облысы, Сайқын ауданы, Орда ауылы. Руы шеркеш.

X Неталиев Мұстах. 1958 ж.т. Батыс Қазақстан облысы, Сайқын ауданы, Орда ауылы. Руы шеркеш.

XI Тлегенов Елтай. 1936 ж.т. Батыс Қазақстан облысы, Сайқын ауданы, Орда ауылы. Руы есен беріш.

XII Қожипанова Қойсын. 1967 ж.т. Батыс Қазақстан облысы, Сайқын ауданы, Орда ауылы. Тел: +7 705 433 3918.

XIII Қойшыбаев Әлбидәк. 1948 ж.т. Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Көпжасар ауылы. Тәжірибелі құдықшы, шегендеу шебері. Тел: 87772403348. 87026825360. Үй тел: +7 711 413 1866.

XIV Қажданбаева Зейнеп. 1937 ж.т. Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауд., Егіндікөл ауылы. Руы қарабура алаша.

XV Еділхан Алқажан. Маңғыстау облысы. Ақтау қаласы. Жергілікті өлкетанушы. Тел.: +7 701 933 2142.

XVI Қайырбай Өтепберген. 1936 ж.т. Шайыр ауылы. Руы Қосай. Үй тел: 27-5-95.

XVII Көбен Қауымбайұлы. 1942 ж.т. Шайыр ауылы. Руы Беріш. Үй тел: 27-6-80.

XVIII Ақшабаев Алдаберген. 1941 ж.т. Маңғыстау облысы. Жаңаөзен қ. Руы адай шоңай. Тел. + 7 705 317 0513.

XIX Шодырова Ақан. 1942 ж.т. Маңғыстау облысы. Жаңаөзен қ. Руы бәли қосай.

XX Рамазанова Ақшагүл. 1953 ж.т. Шайыр ауылы. Руы құнан орыс. Тел: + 7 778 381 1653.

XXI Мұқанов Амантай. 1963 ж.т. Маңғыстау облысы, Форт Шевченко қаласы. Тел. + 7 702 296 5703.

XXII Бекжанқызы Рахила. 1936 ж.т. Маңғыстау облысы, Форт Шевченко қаласы. Ұлты түрікмен. Руы абдал.

XXIII Қойшыбаев Таңбай. 1932 ж.т. Маңғыстау облысы. Қарақия ауданы. Қызылсай ауылы.

XXIV Қойшыбаева Мубина. 1932 ж.т. Маңғыстау облысы. Қарақия ауданы. Қызылсай ауылы.

XXV Нұрбаева Ақтілек. Маңғыстау облысы. Шетпе ауылы. Руы қожа. Тел. + 7 778 381 1320.

XXVI Бәшекеева Қырмызы. 1940 ж.т. Маңғыстау облысы. Түрқараған ауданы. Ақшұңқыр ауылы. Руы әлі жанай.

XXVII Бәшекеева Тыныштық. 1942 ж.т. Маңғыстау облысы. Түрқараған ауданы. Ақшұңқыр ауылы. Руы әлі жанай.

XXVIII Жәмиұлы Зейнолла. 1944 ж.т. Маңғыстау облысы. Шетпе ауылы. Руы адай қосай.

XXIX Ахметов Шаханша. 1936 ж.т. Қызылорда облысы. Шиелі ауданы. Руы байбақты.

XXX Абуов Бекболат. 1974 ж.т. Қызылорда облысы. Шиелі ауданы. Ыбырай Жақаев ауылы. Шиелі ауданы тарихи өлкетану музейі ғылыми қызметкері. Руы шашты қыпшақ.

XXXI Шүйінішалиева Ардагул. 1963 ж.т. Қызылорда облысы. Шиелі ауданы. Руы әлім жақайым. (Туған жері Арал, Көктем елді мекені).

XXXII Нұртаева Қалдыгүл. 1952 ж.т. Қызылорда облысы. Шиелі ауданы. Ыбырай Жақаев ауылы. Руы найман.

XXXIII Күзембаева Фатима. 1931 ж.т. Қызылорда облысы. Шиелі ауданы. Ыбырай Жақаев ауылы. Руы шашты қыпшақ.

XXXIV Беденқұлова Қанымкул. 1948 ж. Қызылорда облысы. Шиелі ауданы. Руы төртқара әлім.

XXXV Әленов Сұлтанай. 1958 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Шижаға ауылы. Руы жақайым, құлымбет. Тел. + 7 771 227 1849.

XXXVI Маханбетжанова Гүлжамал. Қызылорда облысы. 1953 ж.т. Арал ауданы, Шижаға ауылы. Руы ардана.

XXXVII Каюпова Гүлмарал. 1953 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Шижаға ауылы. Руы ардана.

XXXVIII Еремекер Серік. 1958 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Шижаға ауылы. Руы шекті құрманай.

XXXIX Мейірманова Қалдыбике. 1958 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Шижаға ауылы. Руы ардана.

XL Қайыпұлы Мақсұт. 1935 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Шижаға ауылы. Руы ардана.

XLII Қуатов Үргенішбай. 1948 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Тоқабай ауылы. Руы жақайым.

XLIII Сейтов Талапбай. 1965 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Шижаға ауылы. Руы жақайым бердіңқұл.

XLIV Құтманбетов Қангене. 1932 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Жалаңаш (Бұрынғы Бірлестік) ауылы. Руы жаңайым.

XLV Есендіков Жанқозы. 1966 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Жалаңаш (Бұрынғы Бірлестік) ауылы. Руы алтынбай.

XLVI Тайлақбаев Алмат. 1958 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Сазды ауылы. Руы төртқара бәлібек.

XLVII Итенов Қуандық. 1977 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Сазды ауылы. Руы шөмекей тоқа.

XLIII Қыстауов Еркебай. 1953 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Сазды ауылы. Руы кердері.

XLIX Қыстауова Нағима. 1954 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Сазды ауылы. Руы ардана.

L Өксікбаев Жылқыбай. 1962 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Сазды ауылы. Руы кердері.

LI Баетов Ұнатқан. 1938 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Сазды ауылы. Руы қаракесек.

LII Сүлейменұлы Жұбанышбай. 1931 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Ақбай ауылы. Руы қаракесек.

LIII Қаюпов Жайық. 1950 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Ақбай ауылы. Руы шекті палуан.

LIV Алипов Рахымжан. 1857 ж.т. Қызылорда облысы. Арал ауданы, Аманөткел ауылы. Руы қаракесек.

LV Аяпов Шора. 1942 ж.т. Қызылорда облысы, Қазалы қ. Руы қаракесек.

LVI Әлмеєва Балзада. 1947 ж.т. Қызылорда облысы, Қазалы қ. Руы бөлек асан.

LVII Жеткерген Меңлібай. 1959 ж.т. Қызылорда облысы, Қазалы қ. Руы құттық майдан.

LVIII Қанапиев Нұртуған. 1957 ж.т. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті. Руы әлім.

LIX Қаратаев Сағындық. Қызылорда облысы, Сырдария ауданы. Асқар Тоқмағамбетов ауылы. Тел: + 7 705 146 9296.

LX Жұмабеков Аманжол. 1950 ж.т. Қызылорда облысы, Арал ауданы, Тапа ауылы. Руы әлім, қарасақал.

LXI Тоқтыбаев Нартай. 1087 ж.т. Қызылорда облысы, Арал ауданы, Тапа ауылы. Руы шөмекей, дәйт.

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	3
А-Я.....	7
ҚОРЫТЫНДЫ.....	151
ДЕРЕК БЕРУШІЛЕР (информаторлар) ТІЗІМІ	153

Ғылыми басылым

Картаева Тәттігүл
Бексеитов Галымжан
Оспанов Ерболат

**СУ КУЛЬТІ:
АНЫҚТАМАЛЫҚ**

Редакторы Агила Хасанқызы
Компьютерде беттеген Айгүл Алдашева
Мұқаба дизайны Айша Қалиева

ИБ 12465

Басуға 13.12.2018 жылы қол қойылды.
Пішімі 60x84 ¹/₁₆, Көлемі 10,8 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.
Тапсырыс №8375. Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.